

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

ӘОЖ 332.122(574)

Қолжазба құқығында

АШИМОВА РАЗИЯ МАРАТОВНА

**Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі және тұрақты дамуы
(Қазақстан Республикасы материалдарында)**

6D050600 - Экономика

Философия докторы(PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
э.ғ.д. профессор Нұрлихина Г.Б.

PhD доктор, қауымдастырылған
профессор Zoltan Gal (Pecs, Hungary)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2013

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 АЙМАҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	10
1.1 Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің мәні, мазмұны және қағидалары.....	10
1.2 Экономикалық қауіпсіздік аймақты тұрақты дамытудың негізі ретінде.....	23
1.3 Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің критерийлері, көрсеткіштері және шекті мәндері.....	35
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ.....	48
2.1 Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық әртараптануын талдау.....	48
2.2 Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің қазіргі кездегі жай-күйі.....	59
2.3 Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің күшті және әлсіз жақтарын бағалау (Ақтөбе облысының мысалында).....	72
3 АЙМАҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ.....	83
3.1 Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық-экономикалық тетігі.....	83
3.2 Стратегиялық басқару аймақтың тұрақты даму факторы ретінде.....	94
3.3 Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің инновациялық парадигмасы.....	107
ҚОРЫТЫНДЫ.....	118
ПАЙДАЛНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	121

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	– акционерлік қоғам
ДДСҰ	– дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЖІӨ	– жалпы ішкі өнім
ЖАӨ	– жалпы аймақтық өнім
АӘДИ	– адам әлеуетінің даму индексі
ФКИ	– физикалық көлем индексі
ҒК	– Ғылым комитеті
БҒСБК	– Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті
млн.	– миллион
млрд.	– миллиард
ХЕҰ	– Халықаралық еңбек ұйымы
ҚР ӨДМ	– Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрлігі
ШОК	– шағын және орта кәсіпкерлік
ҚР ҚМ	– Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚР ЭБЖМ	– Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ҚР ҰБ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
ҒЗТКЖ	– ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстары
ҒЗЖ	– ғылыми-зерттеу жұмыстары
МӨЗ	– мұнай өңдеуші зауыт
ҒТП	– ғылыми-техникалық прогрес
АА	– айналым активтері
БҰҰ	– Біріккен ұлттар ұйымы
КӨҰ	– күтілетін өмір сүру ұзақтылығы
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ІМГ	– ілеспе мұнай газы
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ЖК	– жеке капитал
ТМД	– Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
СМЖ	– сапа менеджменті жүйесі
ЖАҚ	– жеке айналым құралдары
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
ТАӨ	– таза аймақтық өнім

КІРІСПЕ

Тақырып өзектілігі. Қазіргі жағдайларда экономиканы қайта құру процесі аймақтық деңгейде анағұрлым белсенділік танытып отыр, бұл аймақтың экономикалық қызметінің субъектілеріндегі нарықтық экономиканың заңнамалық актілері мен тетіктерін іске асыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Осы шарттарда аймақтың ерекшеліктерін, аса маңызды өндірістік және өмір сүруді қамтамасыз етуші салалардағы жеке сектордың басымдылығын ескеретін аймақтық экономикалық саясатты қалыптастыру жүргізіліп отыр. Әр аймақ, жалпыэкономикалық тенденциялар мен құбылыстардың күшті ықпалына ұшырай отырып, дәл сол уақытта өзінің қауіпсіздік мәселелеріне ие, олар аймақтың ерекшеліктерімен анықталады: жағрафиялық орны, климаттық жағдайлары, экономика салаларының құрылымы, тұрғындардың ұлттық құрамы және оның мінез-құлқының мәдени-тарихи дәстүрлері. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері шешімін табуы, аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуының жаңа мәселелері мен қатерлері олардың алдын алуды және жоюды қажет етеді. Қазіргі уақытта мемлекеттің, оның аймақтарының және ұйымдарының, мемлекеттік және кәсіпкерлік қызмет салаларының экономикалық мүдделерін қорғау әдістері мен тетіктерін қалыптастырудың жаңа тұжырымдамалық әдістерін іздестіру жүргізілуде, ол Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясынан көрінеді.

ҚР Президентінің «Қазақстан - 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды теңдестіру қажеттілігіне аса маңызды көңіл бөлінеді. Бұл мәселені шешу үшін аймақтық экономикалық мүдделерді іске асыруға бағытталған аймақтық саясаттың жаңа жолын қолданған дұрыс. Осыған байланысты әкімшілік басқарудың аймақтық деңгейінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық әдістерін зерттеу, экономикалық қатерлерді айқындау әдістемесін жасау, қазіргі жағдайлардағы экономикалық жүйелерді басқарудың тетігі ретіндегі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бағыттарды және аймақтық саясатты негіздеуерекше өзектілікке ие болып отыр.

Бүгінгі таңда экономикалық әдебиеттерде экономикалық қауіпсіздіктің тұжырымдамалық аспектілері кеңінен көрсетілген. Осыған қарамастан, аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі жеткіліксіз зерттелген. Мұндай жағдай бірнеше себептердің ықпалымен қалыптасып отыр. Біріншіден, Қазақстан Республикасы аймақтарының экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктері бар, ол аймақтық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін шешуге жобаланады және қазіргі жағдайларда нақты аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін сипаттайтын қолданыстағы көрсеткіштердің нақты модификациясын талап етеді. Екіншіден, Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бір біріне қайшы келетін түрлі әдістемелік көзқарастардан қарастырылады.

Көрсетілген жағдаяттар аймақтық экономикалық қауіпсіздік деңгейін бағалаудың жалпы қағидаларын әзірлеуді қиындатады, сондай ақ мемлекеттік және жергілікті билік органдарының мақсаттарын, шараларын және нақты әрекеттерін модификациялаудың қажеттілігін түсіндіретін аймақтың экономикалық даму ерекшелігін ескеретін қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты шараларын әзірлеуді де қиындатады.

Тақырыптың ғылыми өңделу дәрежесі

Аймақтық дамудың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу үшін әдістемелік маңызы бар әзірлемелерге Бхадури А., Кейнс Дж. М., Коуз Р., Ласка К., Левчик Ф., Лист Ф., Маркс К., Мюнх Р., Мюрдаль Г., Оппенлендер К., Самуэльсон П., Смит А., Гал З., Хорват Г. сияқты ғалымдардың еңбектері жатады.

Экономикалық қауіпсіздікті зерттеудің жалпы теориялық мәселелеріне

Л.Абалкин, А.Архипов, А.Городецкий, Н.Косолапов, П. Никитенко, Е. Олейников, К.Самсонов, В.Сенчагов, В.Тамбовцев және т.б. ғалымдардың еңбектері арналған. Экономикалық қауіпсіздіктің тұрақсыздандыру факторлары және қатерлерін анықтауға, талдауға және сипаттауға А.Большаков, Е.Бухвальд, Н.Гловацкая, А.Нестеренко және т.б. ғалымдардың жұмыстары арналған. Әлеуметтік-экономикалық жүйелер дамуының тұрақсыздығы және әркелкілігі шарттарында аймақта болып жатқан негізгі экономикалық процестерді көрсететін және аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіндегі аймақтар дамуын мемлекеттік реттеудің түрлі тетіктерінің тиімділігін зерттеуге мүмкіндік беретін имитациялық үлгілерді әзірлеу мәселері аса өзекті болып отыр.

Экономиканы дамытудың және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аймақтық аспектілері В.Анищенко, И.Долматов, Д.Доценко, Н. Дюженкова, Л.Коршунов, Н.Красников, И.Новикова, Е.Микульчинова, А. Татаркин, А.Чимитова, О.Ютяева және т.б. ғалымдардың жұмысында сипатталған. Алайда, экономикалық қауіпсіздіктің қатерлерінің жеткілікті түрде зерттелгендігіне қарамастан, аймақтық шаруашылықтың қосалқы жүйелерінде пайда болатын қатерлерді егжей-тегжейлі қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстандық ғалымдар да аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі және тұрақты дамуы мәселелерін зерттеуге өз үлестерін қосты. Іргелі жұмыстардың қатарында А.Есентугелов, А.Қошанов, Н.Нұрланова, Н.Бримбетова, Г.Нұрлихина, М.Спанов сынды ғалымдардың еңбектерін бөліп көрсетуге болады.

Қазіргі уақытта қолданбалы сипаттағы зерттеулер жүргізу үшін әдістемелік база қалыптастырылған, ол аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету облысындағы басқару функцияларын анықтау бойынша тұжырымдамалық ережелер мен әдістемелік рекомендациялар деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. Алайда, автордың көзқарасы бойынша, шет елдік және отандық экономикалық әдебиеттерде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларын ескеретін аймақтық экономикалық жүйелерді

басқарудың тұтас жүйесін құру мәселесінің теориялық және әдістемелік аспектілері қамтылмаған. Қазіргі кезеңге қатысты аумақтардың тұрақты дамуының аймақтық аспектілері, экономиканың қауіпсіздігінің және аймақтардың әлеуметтік саласының жай-күйін бағалау, Қазақстан Республикасының аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі құрылымдар қызметін үйлестіру толығымен зерттелмеген.

Осы факторлардың барлығы Қазақстан аймақтарының тұрақты дамуы аясында экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін зерттеудің қажеттілігін білдіреді, бұл зерттеу тақырыбын таңдауға, мақсаттар мен міндеттерді қоюға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты тұрақты даму аясында аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіруді теориялық-әдістемелік негіздеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу көзделеді:

– тұрақты даму стратегиясындағы аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің мәнін айқындау, оның императивтерін, шекті индикаторларын анықтау, қолданыста бар қатерлер координатасында аймақтық дамуды жайғастыру;

– аймақтық экономиканың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық-экономикалық тетігін жетілдіру тәжірибесін жалпылау және оның тиімділігін жоғарылату жолдарын анықтау;

– экономикалық қауіпсіздіктің негізгі қатерлерін аймақ деңгейінде қарастыру;

– Қазақстан аймақтарының тұрақты дамуына ықпал ететін факторларды жүйелеу;

– экономикалық қауіпсіздікті аймақтық деңгейде басқарудың негізгі қағидалары мен функцияларын негіздеу;

– аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйін сапалы бағалаудың әдістемелік аппаратын толықтыру және дамыту;

– аймақтың экономикалық қауіпсіздігін басқару жүйесін қалыптастыру бойынша әдістемелік рекомендациялар әзірлеу;

– анықталған қатерлерді ескеретін аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасы аймақтарының экономикасы.

Зерттеу пәні аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қатынастардың жиынтығы болып табылады.

Ғылыми жаңалығы диссертацияда қамтылған келесі жағдайлармен анықталады:

1. Экономиканың тұрақтылығын, оның дамуының тұрақтылығын және үдемелілігін, ел экономикасымен ықпалдасуы мен еркіндігі деңгейін, сонымен қатар мемлекеттік биліктің аймақтық органдарының шаруашылық субъектілерінің мүдделерін іске асыру және қорғаудың және аумақ қауымдастығының әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қолдау тетіктерін

құру қабілеттілігін сипаттайтын шарттар мен факторлар жиынтығы ретінде аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің анықтамасы берілген.

2. Теориялық-әдістемелік, мазмұндық, әдістемелік және ұйымдық құрамдастарды қосатын, аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тұжырымдамалық үлгісі әзірленген.

3. Мақсаттық ұстанымдар мен бағалау критерийлерінің бірыңғайлығы негізінде аймақтың экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуының арасындағы өзара байланыстылық пен өзара тәуелділік негізделген.

4. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі көрсеткіштерінің жүйесі қалыптастырылған, ол аумақтың тұрақты дамуының критерийімен қанағаттандырылады: тұрақты экономикалық өсу, әлеуметтік тұрақтылық, экологиялық тұрақтылық.

5. Нормативтік-құқықтық, ұйымдық-басқару, ақпараттық-талдамалық қосалқы жүйелерінің негіздеуі жасалған аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық-экономикалық тетігі ұсынылған.

6. Стратегиялық құжаттарды әзірлеу және жүзеге асыру процесінде пайда болатын шешуші аспектілерді ескеретін аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің аймақтық мақсаттық бағдарламаның үлгілік құрылымы анықталған;

7. Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде қолданыстағы аймақтық экономикалық әлеуетті ескеретін инновациялық дамуды үлгілеу бойынша іс-шаралар ұсынылған.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі заманауи экономикалық ғылымның іргелі жағдайлары болып табылады. Диссертациялық зерттеуде аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тенденциялары мен мәселелерін ашатын, жетекші шет ел және қазақстандық экономистердің еңбектері кеңінен қолданылған.

Әдістемелік негіз ретінде Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулылары, және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша басқа ресми бағдарламалық құжаттар қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің ақпараттық негізін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің мәліметтері, монографиялық және кезеңдік басылымдардың материалдары құрды.

Қойылған міндеттерді шешу диалектикалық объективтілік, позитивтік және нормативтік әдістер, индукция және дедукция қағидаларына негізделеді. Мәселені зерттеуде жүйелік әдіс оның субъективті-объективті және функционалды-құрылымдық аспектілерімен бірге қолданылған, сонымен бірге салыстырмалы талдау және рейтингтік бағалау әдістері, сараптамалық бағалар әдісі, экономикалық-статистикалық әдістер.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы

Жүргізілген диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы аймақтардың тұрақты дамуының негізі ретіндегі аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар мен рекомендациялар әзірлеуде жатыр.

Диссертациялық зерттеу материалдары мен қорытындыларын ғылыми және оқу мекемелері зерттеулерді әзірлеу кезінде және микроэкономика, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі, менеджмент, аймақтық экономика, дағдарысқа қарсы басқару және т.б. пәндер бойынша ғылыми және оқу бағдарламаларында қолдана алады.

Зерттеудің негізгі жағдайларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және биліктің аймақтық органдары аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, аумақтарды тұрақты дамыту бойынша іс-шаралар әзірлеу кезінде қолдана алады. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан аймақтарды стратегиялық басқару облысындағы әдістемелік әдістер және тәжірибелік әзірлемелер мемлекеттік және аймақтық басқару органдарының жұмысында қолданысын табуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері Ақтөбе облысының Алға ауданының 2011-2012 жж. даму бағдарламасы кезінде аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрақтылық қағидасының негізінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын басқаруды жетілдіру жағынан қолданылды.¹

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Қорғауға аймақтың экономикалық қауіпсіздігі бойынша теориялық жайттар мен оны қамтамасыз етудің нақты тетіктерімен тәжірибелік ұсыныстардан тұратын ғылыми-тәжірибелік әзірлемелер шығады. Зерттеу барысында жаңа жағдайлар, қорытындылар мен ұсыныстар қалыптастырылды, олардың ішінде анағұрлым маңыздылары келесідегідей:

– аймақтың экономикалық қауіпсіздігін анықтау және оның қатерлерінің сыныптамасын әзірлеудің теориялық-әдістемелік жолын негіздеу;

– аймақтардың тұрақты дамуы аясында олардың экономикалық қауіпсіздігінің қауіпті аумақтарын анықтау әдісінің негізіне салынған критерийлер мен көрсеткіштер жүйесін әзірлеу;

– соңғы бес жылдағы статистикалық мәліметтерді талдау және Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігінің өзара корреляцияланатын көрсеткіштерінің жүйесін құру негізінде осы саладағы қолданыстағы қатерлер туралы қортынды жасалған.

– Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігінің негізгі қатерлері анықталған, олардың пайда болуының сипаты көрсетілген, аймақтық дамудың стратегиялық бағыттарын түзету бойынша рекомендациялар ұсынылған;

¹ Алға ауданының Экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімінің Ашимова Р.М. «Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі және тұрақты дамуы (Қазақстан Республикасы материалдарында)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы анықтама

– аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық-экономикалық тетігін жетілдіру бойынша тұжырымдамалық әдіс ұсынылған;

– аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламаларын әзірлеу процесінде стратегиялық жоспарлауды қолдану технологиясы жетілдірілген.

– Аймақтық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған аймақтың инновациялық даму үлгісінің құрамдастарын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленген.

Автордың қосқан үлесі зерттеу заты мен объектісінің мақсаттарын анықтауда, зерттеу міндеттерінің тізімін және осы міндеттерді шешуді негіздеуінде, теориялық және әдістемелік жайттарды оларды аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу барысында пайдалану мүмкін болатын жайына дейін жеткізуде жатыр.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Диссертациялық жұмыстың негізгі жағдайлары, ғылыми қорытындылары және ұсыныстары «Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы: жаңғырту императивтері және бизнес-инжиниринг» (Алматы, 2012); «Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық және индустриалды-инновациялық жаңғырту: мәселелері мен болашағы» (Алматы, 2012); «Заманауи ықпалдастыру процестері: сапалы жаңа формалар» (Алматы, 2013) халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда оң бағасын алды.

Жұмыста «Циклдық ауытқу жағдайларында Қазақстанның жоғары индустриалды экономикасын қалыптастыруды қаржылық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру» атты 2012-2014 жж. іргелі зерттеу аясында алынған ғылыми нәтижелер қолданылған. (ҚР ҒБМ ҒК экономика институты, ҚР ҒБМ Ғылым комитетінің гранты, мемлекеттік тіркеу № 0112РК00636).

Зерттеудің нәтижелерінің жарияланымдары. Диссертация тақырыбы бойынша 20 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде 8 мақала ҚР БҒСБК мақұлдаған ғылыми басылымдарда, 3 мақала Томсон Рейтер және Скопус (ISI web of Knowledge, Thomson Reuters, Scopus) компаниясының ақпараттық базасында және 7 мақала халықаралық конференция материалдарында жарияланды.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, құрамында 18 кесте, 8 сурет бар үш бөлімнен, қорытынды және 102 пайдаланылған әдебиеттер көзінен тұрады.

1 АЙМАҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1.1 Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің мәні, мазмұны және қағидалары

Дүниежүзілік шаруашылық байланыстарына жүйелі ықпалдасу бағытына ілесе отырып және өз экономикасының ашықтық деңгейін жоғарылата отырып, көптеген елдер әлемдік экономикалық дағдарыстардың ықпалына көбірек ұшырап, жаңа мәселелер мен қатерлерге төтеп беруде. Осы мәселелерге тікелей қатысы бар қазіргі заманғы дүниежүзілік дамудың негізгі үрдістерінің бірі экономиканың жаһандануы болып табылады.

Экономиканың жаһандануы шарттарында экономикалық қауіпсіздік құбылыс және жеке санат бола отырып, дүниежүзілік ықпалдастықтың, жекелеген елдердің болуы мен дамуының маңызды шарты ретінде кең халықаралық деңгейде мойындалуда және ғылыми ізденістер заты ретінде танылуда. Сондықтан экономикалық қауіпсіздік мәселелері бойынша зерттеулер дамуының қазіргі кезеңін экономикалық теорияның жаңа бағыты – экономикалық жүйелердің қауіпсіз қызмет етуі теориясының қалыптасу кезеңі ретінде сипаттаған дұрыс. Сол себепті экономикалық қауіпсіздік теориясының қалыптасуы уақыттың объективті қажеттілігі болып табылады.

Ол әсіресе мемлекет субъектілері арасындағы әртараптану деңгейінің өсуі шарттарында тұрақты даму стратегиясын әзірлеу кезінде өткір байқалады. Осыған байланысты әлеуметтік-экономикалық және табиғи ортадағы эволюциялық процестер серпінінің мониторингі мен зерттеуі және оның негізінде барлық деңгейлердегі, оның ішінде аймақтар деңгейіндегі экономикалық қауіпсіздік стратегиясын түзету маңызды сипатқа ие болады.

Экономикалық қауіпсіздік елдің сенімді қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты ұстану, экологиялық апаттардан қорғау сияқты құрамдастармен бірге ұлттық қауіпсіздік жүйесіне органикалық кіріктірілген. Бұл жерде барлығы өзара байланысты және бір бағыты басқасын толықтырады: әлсіз және тиімсіз экономика кезінде әскери қауіпсіздік бола алмайды, сол сияқты әлеуметтік жанжалдарға толы қоғамда әскери қауіпсіздік те, тиімді экономика да бола алмайды. Осындай өзара байланысты ерекшелік отырып, ондағы шешуші, негізгі рольдің экономикалық қауіпсіздікке жататынын ескеру қажет.

Түсініктеме беру тұрғысынан экономикалық қауіпсіздік құбылысының күрделілігі, жүйелілігі оны жүйелік әдіс арқылы осы жүйенің маңызды құрамдас бөліктерін ерекшелеу мүмкіндігімен жалпыланған түрде анықтауға мүмкіндік береді. Экономикалық қауіпсіздік түсінігінің жақын арада ғана ғылыми әзірлемелердің объектісі бола бастағанына байланысты, экономикалық әдебиттерде аталған терминнің анықтамаларын берудегі әдістердің алуан түрі кездеседі:

– экономиканың сапалы нақты жай-күйі, ол қоғамдық көзқарас тұрғысынан мемлекет экономикасын сақтау немесе ілгерілемелі ауқымдарда дамыту қажет болғанда [1, 28 б.];

– экономиканың өмір сүруге, тұлғаларды дамытуға, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және әскери-саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуге қолайлы шарттарды жасауға, ішкі және сыртқы қатерлерге төтеп беруге дайындығы және осыларды іске асыру мүмкіндігі [2, 31 б.];

– экономикалық жүйенің маңызды сапалы сипаттамасы, ол тұрғындардың өмір сүруінің қалыпты шарттарын ұстануға, халық шаруашылығын дамытуын ресурстармен тұрақты қамсыздандыруға, сонымен қатар ұлттық-мемлекеттік мүдделерді біртіндеп жүзеге асыруға экономиканың қабілеттілігін анықтайды [3, 18 б.];

– экономиканың даму деңгейі, ол қолайсыз факторлардың ықпал етуі шарттарында экономикалық, әлеуметтік-саяси және әскери тұрақтылықты қамтамасыз етеді [4, 35 б.];

– ұлттық экономика тәуелсіздігін, оның тұрақтылығы мен беріктігін, үнемі жаңару мен өзін-өзі жетілдіру қабілеттілігін қамтамасыз ететін шарттар мен факторлар жиынтығы [5, 39 б.];

– ұлттық шаруашылық кешенін және оның құрамдас бөліктерінің сипаттамасы, ол әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық және тиімді халықаралық серіктестік шарттарында қоғамдық өмірлік маңызы бар мүдделерге қатер тудыратын ішкі және сыртқы мәселелерді оңтайлы шешуге бағытталған, тұрғындардың барлық қабаттарының әл-ауқатын тұрақты өсіру жолымен, ілгерілемелі дамуға қабілеттілігі тұрғысынан алғанда [6, б. 54-55].


«Экономикалық қауіпсіздік» санатының мәнін анықтаудың теориялық-әдістемелік әдістерін сынамалы талдау келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді: экономикалық қауіпсіздіктің бернеше деңгейі бар, оларға халықаралық, ұлттық, аймақтық, салалық, кәсіпорын деңгейіндегі, дербес экономикалық қауіпсіздік жатады. Экономикалық қауіпсіздік деңгейлерінің өзара ықпал етуі 1-суретте көрсетілген.

Экономикалық қауіпсіздік өзінің кез келген деңгейлерінде, жеке алғанда, аймақтық деңгейде қоғам мен мемлекеттің қарым қатынасының жүйесі ретінде қарастырылуы тиіс, және, осыған байланысты, экономикалық қауіпсіздік мәселелерін зерттеудегі негізгі жол жүйелік әдіс болуы қажет. Жүйелік әдісті қолданудың қажеттілігі қауіпсіздікті халықаралық, ұлттық, аймақтық және дербес деңгейде қамтамасыз ету процестерінің диалектикалық бірыңғайлығымен түсіндіріледі, ал бұл қауіпсіздіктің басқа деңгейлерін есепке алмай, жеке деңгейін қарастыруға мүмкіндік бермейді. Мұндай бірыңғайлықтың қайнар көзі экономикалық қауіпсіздіктің түрлі деңгейлеріне әсер ететін процестер мәнінің ұқсастығы болып табылады.

Теориялық аспектілерді қарастыра отырып, түсініктемелік құралдарды және, ең алғашқы кезекте, осы зерттемеге қатысты «аймақ» түсінігін анықтау қажет. Айта кету қажет, отандық және шет елдік әдебиеттерде берілген түсініктің нақты анықтамасы жоқ, бұл Қазақстан және шет елдердегі заманауи

аймақтық зерттеулер бағыттары мен әдістемелік тұжырымдамаларының көп түрлілігінің себептерінің бірі болып табылады. Осы зерттеу аясында аймақ ретінде біз кешенділік, біртұтастық, ерекшелік және басқарушылықпен, яғни саяси-әкімшілік басқару органдарының болуымен сипатталатын мемлекет субъектісінің әкімшілік шекараларындағы аумақты түсінеміз.

Біздің ойымызша, экономикалық қауіпсіздіктің аймақтық деңгейі ең маңыздылардың бірі болып табылады, өйткені тап осы тұста қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты мен міндеттері іске асады. Дәл осы уақытта, аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін шеше отырып, жалпы мемлекетке қатысты, аймақтың, осы аймақта қызмет ететін жекелеген кәсіпорындардың, үй шаруашылықтарының экономикалық қауіпсіздік ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді назарға алу қажет.



Сурет 1 – Экономикалық қауіпсіздік деңгейлерінің өзара ықпалдасуы

Ескертпе - Автормен құрастырылған

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің мәнін анықтауда берілген мәселемен айналысатын авторлардың бірегей көзқарасы жоқ. Мәселен, батыс экономист-ғалымдарының арасында бір тұжырымдама кеңінен таралған, ол

бойынша экономикалық қауіпсіздік экономикалық дағдарыстар шарттарында ұлттық экономиканың өміршеңдігі ретінде, сонымен бірге жалпы экономиканың және оның жетекші салаларының дүниежүзілік экономикалық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету қажеттілігі ретінде қарастырылады [7, 8].

Қытай ғалымы Джанг Ёнг «экономикалық қауіпсіздік» терминіне қысқа анықтама берді: «Қытай сияқты дамушы елдер үшін экономикалық қауіпсіздік экономикалық тәуелсіздікті сақтай отырып, ұлттық экономикалық даму арқылы барлық тұрғындардың өмір сүруінің дүниежүзілік стандарттарын біртіндеп өсіруді қамтамасыз ету қабілеті деп анықтаған дұрыс. Басқаша айтқанда, экономикалық қауіпсіздіктің екі жағы бар: бәсекеге қабілеттілік және тәуелсіз экономикалық еркіндік». Осы екі «жақтың» ішінен авторды екіншісі көбірек толғандырады. Ол барлық зерттеулерін шет ел капиталының қытай экономикасына әкелген зардаптарына арнаған [9].

Ресей ғалымы Сенчагов В.К. аймақтың экономикалық қауіпсіздігін «... аймақ тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға жететін аймақтың әлеуметтік-экономикалық және қаржылық әлеуетін сақтауға ішкі және сыртқы қатерлері жоқ, жоқтың қасы немесе көзі жойылған жай-күйі» деп түсіндіреді [10]. Бұл жерде автор аймақ тұрғындарының әл-ауқатының жоғарылауын әлеуметтік жанжалдардың жоқтығы (немесе жай байқалуы) және мемлекет біртұтастығын қамтамасыз етудің негізі ретінде көрсетеді.

Акинин П.В., Гаевский В.В., Рязанцев С.В. көзқарастары бойынша аймақтың экономикалық қауіпсіздігі үшін аймақтардың сыртқы көршілермен нәтижелі қарым қатынасы мен аумақ ішіндегі экономиканың серпінді дамуы жеткілікті [11].

Профессор Губин Б.В. [12] анықтамасы академик Олейников Е.А. [13] аймақтың экономикалық қауіпсіздігі терминіне берген анықтамасына ұқсас келеді. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін олар аймақтар экономикасының даму тұрақтылығын және сарынды дамуын, нақты тәуелсіздігін және ел экономикасымен ықпалдасуын сипаттайтын шарттар мен факторлардың, олардың ағымдағы жай-күйінің жиынтығын түсінеді, олар келесі жайттардан көрінеді:

- мемлекет аясында жеке экономикалық саясат жүргізу мүмкіндігі;
- елдегі жедел геосаяси өзгерістерге төтеп беру қабілеті;
- жекелеген экономикалық апаттармен немесе федералдық деңгейдегі экономикалық қате есептеулермен байланысты аймақтағы төтенше әлеуметтік жағдайлар бойынша ірі экономикалық іс-шараларды жүзеге асыру (немесе, ең болмағанда, жүзеге асыруды бастауға) қабілеттілігі;
- келісім-шарт негізінде қолданыстағы теңгерімсіз экономикалық жағдай аймақтың экономикалық мүдделеріне теріс әсер етуі мүмкін аумақтарға көмек көрсету.

Еделев А.Л. көзқарасы бойынша аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің мәні келесіде: аймақ экономикасының тұрғындардың өмір сүру сапасын жалпы қабылданған стандарттар деңгейінде сатылап жоғарылату, барлық ресурстар

мен табиғи факторларды аз шығындай отырып, ішкі және сыртқы қатерлерге төтеп беру, аймақтың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету [14, 16 б.].

Н.С. Гуськов, В.Е. Зенякин и В.В. Крюков [15] сынды зерттеушілердің көзқарастары бойынша аймақтың экономикалық қауіпсіздігі келесідегідей анықталады: табиғи, еңбек, материалдық, қаржылық ресурстарды қолдану тиімділігін, сонымен бірге, экономикалық өсудің жоғарғы қарқындарына қол жеткізуді, аймақтық өндірістің тиімділігін, өнім, жұмыс, қызметтер сапасын жоғарылауын, өндірісті монополиядан арылтуды, шаруашылық субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды аймақтық биліктің басқару органдары тарапынан нәтижелі бақылау мүмкіндігі.

Коршунов Л.А. аймақтың экономикалық қауіпсіздігін кеңістіктік трансформациялар тарапынан қарастырады. Экономикалық қауіпсіздік термині ретінде ол аймақтардың кеңістіктік шек араларының өзгеруімен қалыптасатын және экономикалық даму тұрақтылығының бұзылуымен байланысты қатерлерден мемлекет, қоғам, қоршаған орта мүдделерінің сақталуының жай-күйін түсінеді:

- оның ресурстық, өндірістік, адами, қаржылық және т.б. әлеуеттерін өсірудің мүмкін болмауы;
- теріс сыртқы және ішкі әсерлерге аймақтың «қорғаныс қабілетінің» төмендеуі;
- қоршаған табиғи ортаға теріс әсерлердің пайда болуы;
- тұрғындар қажеттіліктері мен қоршаған орта мүмкіндіктерінің арасындағы теңгерімнің оңтайсыз өзгеруі [16].

Қазақстандық экономикалық ғылымда экономикалық қауіпсіздік тек ұлттық ауқымдарда ғана зерттеледі. Д.К. Ахметов берілген түсінікті «экономикалық тұрақтылық деңгейін арттыруға әсер ететін ұлттық экономиканың еркіндігі мен оның сауда-саттық еркіндігін, оның өзін өзі жетілдіруін және жаңаруын қамтамасыз ететін барлық шарттар мен факторлардың жиынтығы» ретінде анықтайды [17, 8 б.]. Экономикалық қауіпсіздіктің мәнін түсіну үшін автор оның «даму» және «тұрақтылық» түсініктерімен байланысын түсіндіреді. Дәлірек айтқанда, нақ осы түсініктер бірыңғай жүйе ретіндегі экономиканың маңызды сипаттары болып табылады.

М.У.Спанов экономикалық қауіпсіздік түсінігін «бұл экономикалық жүйенің жай күйі, мұндай экономикада оның тұрақты дамуы, ішкі және сыртқы қатерлерден қорғануы және шеттелуі қамтамасыз етіледі, олар қоғамдық-мемлекеттік даму үшін әлеуметтік-экономикалық шарттардың жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді». Ғалымның пікірінше, жүйелік құрылым ретінде экономикалық қауіпсіздік өзіне келесі құрамдас бөліктерді қосады: технологиялық, сауда-саттық, қаржы-несиелік, өнеркәсіптік, сыртқыэкономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-байланыс, әлеуметтік (әлеуметтік-экономикалық) [18, 10 б.].

М.Е.Нығматулина да осындай көзқарасты ұстанады: «ұлттық қауіпсіздіктің аса маңызды құрамдасы ретінде экономикалық қауіпсіздік

экономикалық жүйенің нақты жай-күйін көрсетеді, мұндай экономикада азаматтық қоғам мен мемлекеттің басты қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы, елдің қорғаныс қабілеті мен болуы мүмкін ішкі және сыртқы қатерлерінің көрінуі қамтамасыз етіледі. Ұлттық экономикалық қауіпсіздік жүйесінде келесі іріленген блоктарды бөліп көрсетуге болады: табиғи-ресурстық, экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, қаржылық және дербес-экономикалық [19, 27 б.].

О.Н.Өксікбаев басқаша көзқарасты ұстанады, ол экономикалық қауіпсіздіктің негізгі сапасы ретінде тұрақтылықты бөліп көрсетеді. Жеке алғанда, ол көрсетеді: «Экономикалық қауіпсіздікті сыртқы қысымға қарамастан, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық тұрақтылығын, жалпы мемлекеттің және оның әрбір мүшесінің даму тұрақтылығы мен ілгерілемелі дамуын қамтамасыз етуге дайындығы мен мүмкіндігі ретінде түсінген дұрыс» [20, 8 б.].

Б.К.Баяндин бұл мәселе бойынша белгілейді: «Бейінді қазақстандық зерттеулерді талдай отырып, айта кету керек, отандық ғалымдар экономикалық қауіпсіздікті әдістеменің екі жолымен: институционалдық және құрылымдық-функционалдық талдау тарапынан қарастырады. Институционалдық әдіс арқылы экономикалық қауіпсіздіктің оқшау мәселелері, критерийлері және тетіктері анықталады. Құрылымдық-функционалдық талдау экономикалық қауіпсіздіктің кешендік факторларын зерттеуге, экономикалық қауіпсіздікті талдаудың түрлі әдістемелерін әзірлеуге, сонымен бірге оның индикаторлары мен шекті мәндерін анықтауға мүмкіндік береді» [21].

Берілген зерттеу аясында «аймақтың экономикалық қауіпсіздігі» түсінігінің заманауи экономикалық әдебиеттерде көрсетілген анықтамаларын жалпылай отырып, автор аймақтың экономикалық қауіпсіздігі ретінде экономика тұрақтылығын, оның даму кезеңділігі мен даму тұрақтылығын, еркіндік деңгейі мен ел экономикасымен ықпалдасу деңгейін, сонымен бірге мемлекеттік биліктің аймақтық органдарының шаруашылық субъектілерінің мүдделерін іске асыру мен қорғау тетіктерін қалыптастыру қабілетін, аймақтық ықпалдастықтың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қалпында ұстау қабілетін сипаттайтын шарттар мен факторлардың жиынтығын түсінеді.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің анықтамасы оның қағидаларын анықтауға мүмкіндік береді. Автордың пікірі бойынша, ол қағидалар төмендегідей:

- аймақтың экономикалық қауіпсіздігін ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде қамтамасыз ету;
- аймақтың экономиканың жай-күйінің объективті көрсеткіштерінің мониторингі және индикативті талдауы;
- инновациялық бағыттылық экономикалық ілгерілеу мен оның тұрақты дамуының шарты ретінде;
- сыртқы экономикалық қызметті мақсатты басқару;
- экономикалық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру барысында биліктің барлық органдарының өзара тиімді ықпал етуі;
- белсенді құрылымдық-инвестициялық саясат жүргізу.

Экономикалық қауіпсіздік түсінігінің тұрақтылық және даму түсініктерімен байланысын көрсету қажет. Егер тұрақты экономикалық даму болмаса, онда оның өмір сүруінің мүмкіндіктері қысқарады, ішкі және сыртқы қатерлерге төтеп беруі төмендейді. Бірыңғай жүйе ретіндегі экономиканың ең маңызды сипаты тұрақтылық болып табылады, ол жүйе ішіндегі тікелей, көлденең және тағы басқа байланыстардың төзімділігі мен сенімділігін, ішкі және сыртқы әсерлерге қарсы тұру қабілетін сипаттайды.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін тұжырымдық негізде, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасының аймақтық деңгейге жобаламасы ретінде қарастырған абзал, бұл жеке адамдардың, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерін ішкі және сыртқы қатерлерден қорғауды қамтамасыз ету үшін қажет.

Біздің зерттеуіміздің аясында тұжырымдамалық үлгі құру қажет деп есептейміз, ол аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің әзірленген бүтін тұжырымдамасын іске асыруға бағытталған жүйесін көрсететін болады. Тұжырымдамалық үлгіні үлгілеу кезінде үлгілеуге келесі талаптар ескерілді [22]:

- үлгі мақсаты бар жүйені көрсетуі және сипаттауы тиіс;
- үлгі түпнұсқаға ұқсас және аздап өзгеше болуы тиіс;
- үлгі зерттеу процесінде нақты қатынастарда түпнұсқаны алмастыруы тиіс;
- үлгі зерттеу нәтижесінде түпнұсқа туралы жаңа мағлұматтар алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі жайттары, түсініктері, қағидаларына сүйене отырып, олардың біз әзірлеген үлгідегі түрін көруге талпынып көреміз, аталған үлгіні тұжырымдамалық үлгі деп аталуға барлық негізі бар.

Тұжырымдамалық үлгіні құру технологиясы ретінде біз жүйелік жобалау технологиясын қолданамыз, оның негізінде жүйелік талдаудың қағидалары мен әдістері жатыр, жүйелік талдауды біз зерттеудің әдістемелік базасы ретінде таңдап алғанбыз. Келтірілген жайттармен жетекшілік ете отырып, тұжырымдамалық үлгінің мақсаттық құрамдасын анықтап, түсіндіреміз, үлгі мақсат, объектілер, аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын субъектілер (сурет 2).

Тұжырымдамалық үлгінің мақсаты аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Берілген үлгінің біз анықтаған мақсаты үлгінің құрамдасы ретінде оның ең жақын мақсаты болып табылады. Жүйенің аласталған, болашақтағы мақсаты ішкі және сыртқы қатерлерге төтеп бере отырып, тұрақты қызмет ете алатын және ілгерілемелі дами алатын аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйіне қол жеткізу және сақтау болып табылады.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің субъектісі мемлекеттік биліктің аймақтық деңгейлері, сонымен қатар экономикалық қауіпсіздіктің мемлекеттік тұжырымдамасын іске асыру жүктелген және экономико-жағрафиялық, эколого-экономикалық ерекшеліктерді ескере отырып, аймақтың экономикалық

қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістерін әзірлеуге міндетті мемлекеттік институттар болып табылады.



Сурет 2 – Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің тұжырымдамалық үлгісі

Ескертпе -Автормен құрастырылған

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің объектілері аймақтың орналасу аумағы және оның экономикасына қатысы бар осы аумақта орналасқан барлық құрамдастар жатады. Оларға келесілерді жатқызуға болады: тұрғындардың өмір сүру деңгейі; халықтың жұмысбастылық деңгейі; ішкі аймақтық нарық; тұрғындарды сауда-саттық тауарларымен қамтамасыз ету; аймақтық өндірушілер өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі, аймақтың экологиялық жай-күйі; аймақтың экологиялық жай-күйі, аймақтың өнеркәсіптік өндірісінің құрылымы және т.б.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі мәселелерін зерттеудің негізгі бағыттары жалпылай алғанда келесілер болуы тиіс: қауіпсіздік және қорғаныс объектілері; қауіптер мен қатерлердің пайда болуы және тарауының сипаттамалары мен ерекшеліктері; болуы мүмкін залалдар; қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің қызмет етуінің мақсаты, міндеттері және тәртіптері.

Тұжырымдамалық үлгіні жобалауда келесі әдістемелік жолдар негізге алынды: жүйелік, жағдаяттық, кешендік, ресурстық-функционалдык, процестік. Берілген әдістер тұжырымдамалық үлгінің теориялық-әдістемелік құрамдасын құрады.

Жүйелік әдіс аймақтың экономикалық қауіпсіздігіне сыртқы ортаның ықпал етуі кезіндегі жай-күйінің қатысын көрсетеді. Бұл әдістің жақтаушылары экономикалық қауіпсіздікті қазіргі кездегі экономикалық жүйенің тұрақты қызмет етуін және болашақта тұрақты дамуын қамтамасыз ету және қатерлерді жою үшін барлық ресурстарды анағұрлым тиімді қолдану деп қарастырады [23].

Жағдаяттық әдіс кезінде аймақтың экономикалық қауіпсіздігі экономикалық жүйенің даму шарттарымен тікелей байланысты түсінік ретінде қарастырылады, ал аймақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету аймақты дамытуға қолайлы жағдайлар жасау процесі ретінде көрінеді, бұл процес кезінде субъектінің мүдделері қадағаланады және олардың қойған мақсаттарына қол жеткізіледі.

Кешендік әдіс бойынша, қауіпсіздік экономикалық санат ретінде табиғаты әр түрлі өзара байланысты көптеген факторлармен анықталады, олардың әлеуметтік-экономикалық жүйелерге ықпалын көптеген ғылымдар зерттейді. Заманауи экономикалық мектептердің арасында институционалдык-эволюциялық мектеп экономикалық құбылыстарды талдауда кешендік әдіс қағидасын қолданады. Сондықтан аймақтың экономикалық қауіпсіздігі мәселелерін теориялық зерттеуді осы мектептердің постулаттарына, қорытындыларына және ұсыныстарына сүйене отырып жүзеге асырған дұрыс.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін зерттеу аясында оны сыртқы ортаның нақты ықпалымен анықталатын жай-күйін талдауда ресурстық-функционалдык әдісті атауға болады. Аталған әдістің авторлары экономикалық қауіпсіздікті нақты уақыт мерзіміндегі және болашақтағы объектінің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету және қатерлердің алдын алу үшін ресурстар жиынтығын анағұрлым тиімді пайдаланудың жай-күйі ретінде қарастырады. Ресурстық-функционалдык әдісті қолданған кезде экономикалық қауіпсіздіктің негізгі бағыттары ретінде жеті функционалдык құрамдасын бөледі: зияткерлік-кадрлық, қаржылық, техникo-технологиялық, саяси-құқықтық, экологиялық, ақпараттық және күш-қуаттық [24].

Процестік әдіс кезінде экономикалық қауіпсіздік аймақта болып жатқан шаруашылық процестерді дұрыс ұйымдастыру, басқару және жетілдіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі мәселесін зерттеудің қарастырылған әдістерін талдау бірнеше қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі бірнеше функционалдык құрамдас бөліктерден тұрады,

олар әрбір нақты аймақ үшін қатерлердің сипатына байланысты әр түрлі басымдықтарға ие болуы мүмкін. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйін анықтайтын негізгі фактор тұрақты бәсекелік артықшылық объектісіне ие болу болып табылады. Аталған артықшылықтар стратегиялық мақсаттарға сай болуы тиіс.

Тұжырымдамалық үлгінің мазмұндық құрамдасының құрамдас бөліктеріне біз келесі блоктарды бөліп көрсетуді жөн санадық: аймақтың экономикалық еркіндігі; экономиканың тұрақтылығы; өз бетінше даму мен жетілу қабілеті.

Экономикалық еркіндік аймақтың орталықтан экономикалық-саяси тәуелділігі және облыстар экономикасының өзара байланыстылығы себебінен қатысты сипатқа ие болады. Осындай шарттарда экономикалық еркіндік – аймақтық биліктің аймақтық ресурстарды қадағалауы (орталық берген өкілеттіліктер шегінде); өнім тиімділігі мен сапасына, өндірістің жоғары деңгейіне қол жеткізу, ол аймақтың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етіп, аймақаралық және халықаралық саудаға, кооперативтік байланыстарға араласуына және ғылыми-техникалық жетістіктерді алмастыруға мүмкіндік береді.

Меншіктің барлық формаларын қорғауды меңзейтін, аймақтық экономиканың тұрақтылығы; кәсіпкерлік белсенділік үшін сенімді шарттар мен кепілдер қалыптастыру; жағдайды тұрақсыздандыруға қабілетті факторларды тежеу (экономикадағы қылмыстық құрылымдармен күрес, әлеуметтік жанжалдар туғызуы мүмкін табыстарды бөлістірудегі үлкен алшақтықтарды болдырмау және т.б.).

Өздігінен даму және ілгерілеу қабілеті – инвестициялар мен инновациялар үшін қолайлы климат қалыптастыру, өндірісті әрдайым жаңғыртып отыру, жұмысшылардың кәсіби, мәдени және білім деңгейін жоғарылату және т.б.

Тұжырымдамалық үлгінің әдістемелік құрамдасын аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әдістер, шаралар, амалдар көрсетеді.

Тұжырымдамалық үлгінің маңызды құрамдасы ұйымдық құрамда болып табылады, ол аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін және функцияларды өзіне қосады. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық жүйесі екі қосалқы жүйедентұрады:

– ақпараттық-талдау қосалқы жүйесі, ол экономикалық қауіпсіздікті тұрақсыздандыратын факторлардың болуы және болуы мүмкін зардаптар туралы, сонымен бірге осы облыстағы жорамалдар туралы ақпаратты билік органдарына жеткізу мақсатында аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің мониторингін ұйымдастыру және жүргізуге негізделеді;

– ұйымдық-басқару қосалқы жүйесі, оның негізінде экономикалық қауіпсіздікті басқару жатыр, ол аймақтың экономикалық қауіпсіздігін тұрақсыздандыратын факторлардың алдын алуды (немесе жоюды) ескере отырып іске асады.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің мақсаты мен басымдықтарына оның функцияларын іске асыру барысында қол жеткізілуі тиіс.

Қорғаныс функциясының мәні аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жеткілікті болатын әлеуметтік-экономикалық ресурстарды құруда және осы ресурстарды рационалды қолдануда, сондай ақ аймақтық экономиканы сыртқы әлеуметтік-экономикалық араласудан қорғауда жатыр.

Реттеуші функция қатерлерді жоюды және аймақтың экономикалық қауіпсіздігін мемлекеттік және нарықтық тетіктер көмегімен қамтамасыз етуді қарастырады, аталған тетіктердің әрқайсысының өз функциялары, объектілері мен субъектілері, әдістері мен құралдары бар. Нарықтық реттеу – пайда болып келе жатқан қатерлерді жоюдың объективтік негізі. Бағалар мен бәсекелестік көмегімен экономика теңгерімділік жай-күйге қайта оралады. Бұл тетік дербес және топтық мүдделердің тасушысы болып табылады, ал мемлекет аймақтың экономикалық мүдделерін қорғай отырып, субъектілер мүдделерінің барлық деңгейлердегі теңгерімділігін ескере отырып олардың әрекеттерін үйлестіру.

Мемлекеттік реттеудің сипаты нарықтық тетікті толықтыру және нығайтудан оның шекті мүмкіндіктерін өтеуге дейінгі аралықта ауытқиды. Оның мақсаттарының бірі аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің деңгейін оңтайландыру болып табылады, ал бұл өз кезегінде жинақтар мен инвестициялар арасындағы теңгерімділікті, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді, тұрақты экономикалық өсуді қолдайды, экономикалық субъектілердің қызмет етуінің экономикалық және құқықтық шарттарын қалыптастырады және олардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді [25].

Жүйенің превентивтік функциясы дағдарыстық жағдайларды болжамдауға және олардың алдын алуға бағытталған, олар әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық-техникалық сипаттағы іс-шараларды қолдануды қажет етеді. Превентивтік функцияның іске асуын қамтамасыз ететін ақпараттық ресурстардың негізін критерийлер мен индикатор-көрсеткіштер құрады. Бұл ақпарат аймақтың экономикасының жай-күйін диагностикалауда нақты роль ойнайды және әзірленген бағдарлама негізінде оны түзету мүмкіндігін ашады.

Әлеуметтік функция аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің экономика субъектілері мен әлеуметтік топтардың мүдделерінің өзара байланыста іске асыру қабілетін, сондай ақ қауіпті жағдайлардағы қоғамның барлық мүшелерінің түрлі қажеттіліктерін толық қанағаттандыру мүмкіндігін анықтайды. Бұл функцияны іске асыру тұрғындардың өмір сүруінің жоғарғы деңгейін қалыптастыруға және азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтарының орындалуына кепілдік береді.

Экономикалық қауіпсіздіктің экономикалық санат ретіндегі мәні оның әр түрлі критерийлер бойынша сыныптамасы арқылы айқындалады. Ұсынылып отырған авторлық сыныптаманың негізіне келесі критерийлер жатқызылған:

- пайда болу көздері бойынша;
- пайда болу саласы бойынша;
- пайда болу ықтималдығы бойынша;

- пайда болу табиғаты бойынша;
- залалдар көлемі бойынша;
- кеңістіктегі алшақтығы бойынша;
- экономикалық қауіпсіздік түрлері бойынша.

Берілген критерийлерге сәйкес біз аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің келесі қатерлерін бөлеміз (сурет 3).

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің кейбір түрлері жеке қарастыруды қажет етеді, оларға келесілер жатады:

- өндірістік қауіпсіздік, ол сыртқы әсерлерден шекті тәуекелдің болмауы шартында кеңейтілген өндіріс тәртібінде аймақ экономикасының қызмет ету қабілеттілігімен сипатталады;

- қаржылық қауіпсіздік, ол қаржы жүйесінің еркіндігі мен тұрақтылығын, аймақтағы қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен дамуы және түрлі қатерлерге төтеп беруі үшін жеткілікті болатын қаржы ресурстарымен қамсыздандыру қабілетін көрсетеді;

- ғылыми-технологиялық қауіпсіздік, ол ғылыми-техникалық әлеуеттің жеткілікті деңгейімен анықталады;

- ақпараттық қауіпсіздік, ол ақпараттық жүйелердің және ақпараттық ресурстардың ақпаратты тиімді қолдануға кедергі келтіретін қатерлерден қорғалуының жай-күйімен анықталады;


- әлеуметтік қауіпсіздік, ол аймақтағы өмір сүрудің, әлеуметтік қамсыздандырудың, білім, денсаулықпен қамсыздандырудың жоғарғы стандарттарының болуын, аймақ тұрғындарының оңтайлы құндылықты бағыттарын қалыптастыруды және дамытуды көздейді;

- сауда-саттық қауіпсіздігі, ол аймақтың сауда-саттық тауарларымен қамтамасыз ету деңгейімен сипатталады;

- экологиялық қауіпсіздік, ол аймақтың тұрақты экодамуының шарттарын қадағалаумен анықталады;

- инфрақұрылымдық қауіпсіздік, ол өндірістік, әлеуметтік және институционалдық инфрақұрылым құратын салалардың тұрақты қызмет етуімен сипатталады.

Экономика аумағындағы басты аймақтық ұлттық мүдделер, біздің ойымызша, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және аймақтық экономиканы ықпалдастыру, оның салаларын басқа аймақтармен кооперациялау болып табылады. Аймақтық мүдделер саласына тұрғындар табыстарының барлық түрлерін ұлғайту, кедейшілік пен жұмыссыздық деңгейін төмендету, тұрғындарға білім, мәдениет, медициналық қызмет көрсету, жылумен, электрмен және сумен жабдықтау, көлік, байланыс және тұрғын-үй қызметтерін қол жетімді ету жатады. Әлеуметтік саладағы басты аймақтық мүддені қорғаудың бірінші кезектегі шарты – білікті, адал еңбек жұмысшының және оның жанұясының өмір сүруінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті болуына қол жеткізу болып табылады.



Сурет 3 – Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі қатерлерінің сыныптамасы

Ескертпе -Автормен құрастырылған

Осылайша, диссертацияның бірінші тарауы шегінде аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің теориялық негіздері зерттелді, зерттеу нәтижесі келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін ғылыми зерттеуге және оны жоғарылату бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік беретін ғылыми мектептер құрылды, теориялық және әдістемелік білім қалыптастырылды. Алайда мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің аймақтық аспектілері әлі күнге толық зерттелмеген. Көптеген ғалымдар мен практиктер экономикалық қауіпсіздікті көбінесе экономиканы дамыту, мемлекеттік, яғни ұлттық мүдделерді қорғау бағытында қарастырады. Экономикалық дамудың тұрақты даму мәселелері, экономика секторлары мен салаларының тиімді қызмет етуі үшін қолайлы құқықтық және экономикалық шарттарды қамтамасыз ету мәселелері жеткіліксіз деңгейде қарастырылады.

Аймақтық деңгейдегі экономикалық қауіпсіздіктің құрамдастарының мазмұнын нақтылаудың қажеттілігі жүйелік жобалау технологиясын қолдану негізінде аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің тұжырымдамалық үлгісін құруды қажет етті. Бізбен әзірленген тұжырымдамалық үлгі ары қарай нақтылауды, әр аймақта оны іске асыру тетіктері мен іс-шаралар жүйесін әзірлеуде болжамдарды есептермен ұзақ мерзімді негізге нақтылауды қажет етеді. Басқаша айтқанда, егер аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үлгісін қалыптастыруға жалпы әдістемелік әдістер, оның мақсаттары, міндеттері, құрамдастары, негізгі қағидалары мен басымдықтары барлық аймақтар үшін бірыңғай болса, онда оны іске асыру формалары факторлар мен катерлерге байланысты түрлі аймақта әр түрлі болады.

1.2 Экономикалық қауіпсіздік аймақты тұрақты дамытудың негізі ретінде

Аймақ экономикасының тұрақты қызмет етуі мәселелері және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жоғарғы көрсеткіштеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін факторлар мен шарттарды іздестіру соңғы кездері әр түрлі теориялар мен әдістер арқылы анағұрлым белсендірек талқылануда. Олардың көбісіне ортағы – елдер мен аймақтар арасындағы бәсекеге қабілеттіліктің күшеюі шарттарында аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелердің даму тұрақтылығына әсер ететін факторларды және жаһандық тұрақсыздық салдарларының аймақтың даму тұрақтылығына ықпалынанықтау және талдау болып табылады.

XX ғ. соңғы онжылдықтарындағы анағұрлым дамыған елдерде басталған постиндустриалды қоғамға өту экономикалық өсу табиғатының қатты өзгеруі, оның жаңа сапасының пайда болуы сияқты маңызды құбылыстармен бірге жүруде. Мұндай өсудің қайнар көзі табиғи-ресурстық фактор емес, керісінше, адам факторы болып отыр. Бұл негізгі макроэкономикалық көрсеткіш – ЖІӨ-нің құрылымдық өзгерісінен көрінеді, мұнда тек қызмет саласының ілгерілемелі дамуы ғана емес, сондай ақ оның материалдық өндіріс қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты емес салаларының артықшылықты өсуі

байқалады. Осылайша, дүниежүзілік қауымдастық табиғи кешендерге жүктемені көбейтпейтін экономикалық өсу жолдарын іздестіру және тұрақты дамудың жаңа үлгісіне өту қажет деген тоқтамға келді.

Тұрақты даму тұжырымдамасы жаһандық мәселелердің өткірленуіне жауап ретінде пайда болды, және қазіргі уақытта елдерді, олардың аймақтарын және дербес қоныстарды қоса алғандағы түрлі аумақтарға қатысты көкейкесті болып отыр. Тап осы аймақтар тұрақты даму теориясын тәжірибеге енгізу үшін басты объектілер болып табылады, өйткені олар:

- елдің басқару жазықтығында тең алшақтықта орналасқан анағұрлым басқарылатын құрылым болып табылады;

- ұлттық және этникалық белгілердің нақты жиынына ие дербес әлеуметті қалыптастырған тарихи анағұрлым тұрақты аумақтық құрылымдар болып табылады;

- сыртқыэкономикалық кеңістіктежайғастыру үшін анағұрлым оңтайлы құрылым бола отырып, өзінің аумақтарының көлемі бойынша әлем елдерінің көлемдерімен салыстыруға келеді;

- өз аумақтарында нарықтық қайта құруларды ынталандыру тәжірибесін осы процестерді мемлекеттік реттеу саясатымен ықпалдастыру тәжірибесін қайта құрулар кезінде игерген.

Одан басқа, өндірістің заманға сай құрылымы шаруашылықтың салалық жүйесіне емес, керісінше, аймақтық жүйесіне басымдық танытуда. Соңғы жылдарда орын алған өзгерістер аймақтардың салалық мамандануының әлсізденуіне және аймақтық шаруашылық кешен ретінде қалыптасуына әкелді. Аталған жайттар тек аймақтық зерттеулерді жүргізудің қажеттілігін ғана күшейтпейді, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері аясында оларға ерекше өзектілік жүктейді.

Аймақ, бір жағынан, ішкі ортасын экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қосалқы жүйесіқұратын күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады, ал екінші жағынан – анағұрлым жоғары иерархиялық деңгейдің қосалқы жүйесі болып табылады. Яғни, аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйенің тұрақтылығы оларға қарайтынқосалқы жүйелердің тұрақтылығына да, сондай ақ анағұрлым жоғары деңгейдің, жеке алғанда, жалпы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақтылығына тәуелді.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесінің тұрақтылығы ретінде оңтайлы серпін қамтамасыз ету көзделетін аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттарына қол жеткізе отырып, құбылмалы ішкі және сыртқы орта шарттарында тұрақты қызмет ету және ұзақ мерзімді даму қабілетін түсінеміз.

Берілген зерттеу аясында экономикалық қауіпсіздіктің тұрақты даму мәселесін айырудың теориялық-әдістемелік маңызы бар. Экономикалық әдебиеттерде бұлыңғыр анықтамалар, сонымен бірге экономикалық қауіпсіздік мәні мен атрибуттарын тұрақты даму санатына көшіру осы күнге дейін

кездеседі. Бұл көбінесе аталған екі мәселенің де зерттеу жаңалығымен, олардың өзара байланысын жалпылау, тұрақты дамудың халықаралық тұжырымдамалары негіздерін жеткіліксіз зерттеу, тұрақты даму мәнінің экономикалық өсуге немесе экономикалық процестердің тұрақтылығына дейін тарылтумен түсіндіріледі.

Белгілі болғандай, «тұрақты даму» термині жалпы өркениетті мақсат ретінде ғылыми және халықаралық айналымға 1987 жылы БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму бойынша комиссиясының баяндамасына енгізілген болатын. Тұрақты даму түсінігін «болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыруына залал келтірмей, бүгінгі күннің қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму» деп анықтаған [26].

Дамыған және дамушы елдердің өмір сүру деңгейлерінің арасындағы алшақтықтың өсуімен, табиғи ресурстар қорларының шектеулігімен, қоршаған орта сапасының нашарлауымен байланысты шиеленіскен мәселелерді ескере отырып, БҰҰ Халықаралық даму стратегиясын әзірледі және Жаңа халықаралық экономикалық тәртіп орнату туралы декларацияны және соған сәйкес іс-шаралар бағдарламасын жариялады. Бұл стратегияның басты мақсаты дамыған және дамушы елдердің өмір сүру деңгейлерінің арасындағы алшақтықты қысқарту, жан басына шаққандағы ЖІӨ өндірісін ұлғайту болып табылады.

Жаңа жаһандық ынтымақтастық негізіне тұрақты даму тұжырымдамасы қойылды, ол қазіргі кездегі дүниежүзілік шаруашылықтың шынайы жай-күйін, яғни соңғы он жылдықтарда әлемде орын алған жаһандық өзгерістерді есепке алды. Және алғашқы кезекте – экономиканың қарқынды жаһандануын, экономикалық, әлеуметтік, саяси және экологиялық факторлардың өзара байланыстылығы мен өзара әрекеттесуі деңгейінің дереу өсуін ескерді.

Қазіргі уақытта тұрақты даму мәселесі отандық және шет елдік экономикалық әдебиеттердегі зерттеудің өзекті заты болып отыр. Мәселен, Нұрланова Н.К. аймақтардың тұрақты дамуын барлық аймақтық экожүйелердің қызмет етуінің негізін құратын табиғи капиталды (қара жер мен атмосфера құрылымын, өсімдік және жануарлар биомассасын) қоса алғандағы капиталды запастарды бұзбай, дамылсыз жұмыс жасайтын өндіріс пен тұтынуды ұйымдастыру деп түсіндіреді [27].

Есекина Б.К. экономикалық жүйенің тұрақтылығы ретінде серпінді даму барысында жүйенің ұлттық байлықты сақтау қабілетін түсінеді. Оның пікірінше, тұрақты дамуға қол жеткізу үшін ұлттық экономика жүйесіне келесі қағидаларды ықпалдастыру қажет:

- қазіргі уақыттағы, сондай ақ болашақ ұрпақтың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- қолданыстағы экожүйелерді сақтау және бұзылған жүйелерді қалпына келтіру;
- өндіріс пен тұтыну құрылымының дұрыстығы, табиғатты тиімді қолдану;
- ұлттық экономиканың мониторинг үшін ашықтығы және тұнықтығы;

– «экономикалық детерминизм» қағидасынан бас тарту және жүйелік әдіске сүйену [28].

А.С. Мартынов, В.В. Артюхов и В.Г. Виноградов сынды ресей ғалымдары даму тұрақтылығы жүйелердің іргелі қасиеті деп таниды, ол онықұрамдас бөліктердің кез келгенін жинаудан айырады. Олар үш қосалқы жүйелерді бөледі – табиғи ресурстар, материалды-техникалық кешен және әлеумет. Авторлар жүйелердің қасиеті ретінде даму тұрақтылығы жоғарыда аталған қосалқы жүйелердің әр қайсысына қолдануға болатындығын да атап өтеді. Материалдық жүйелердің тұрақтылығы үш сипатқа тәуелді болады – экстенсивті (заттық-энергетикалық әлеует), интенсивті (өндіру және айырбас процестері) және ақпараттық (құрамы және құрылымы) [29].

А.В. Колосовтың көзқарасы бойынша, экономиканың тұрақты дамуы ретінде алдыңғы кезекте ұзақ толқынды циклдарды түсінген дұрыс, олар 50 жылдай кезеңде экономикалық белсенділіктің ұзақ мерзімді процестерін көрсетеді және оларды «Кондратьев циклдары» деп атайды. Экономиканың тұрақты даму процесі – қысқа мерзімді емес, керісінше, тұрақты сипаттағы шаруашылық нәтижелерінің өсу процесі. Мұндай циклдық дамудың нәтижесі қайта айналып келмейді, яғни, ілгерілеу заманында қызмет ету сипаттары жетілген, жаңадан құрылған құрылымның бұрынғы, ескірген жүйесіне өтуі мүмкін емес. Бұрынғы жүйенің қайта оралып келмеуі, тұрақтылық және тұрақтылықты жоғалту – кез келген дамушы шаруашылық жүйесінің жай-күйінің сипаттамалары. Жаңа сапалы жай-күйге ауысу кезінде шаруашылық жүйе кез келген уақытта тұрақсыз болып қалуы мүмкін, ал бұл оның тұрақсыздандыру факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге аса назар аударуды қажет етеді [30].

Г.В. Гутман, А.А. Мироедов, С.В. Федин аймақтың аса маңызды функционалдық сипаттамасы ретінде оның өздігінен дамиды жүйе ретінде қызмет ету қабілетін көрсетеді, ал аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығын оның дағдарыстық жай-күйінің қарама қарсы баламасы деп түсіндіреді [31]. В. Василенко осыған ұқсас анықтаманы қолданады – тұрақтылықты аймақ дамуының дағдарсыздығы деп қарастырады [32]. Мұндай әдіс кезінде аймақтардың «тұрақты» дамуы қоршаған табиғи ортаға келетін антропогендік жүктемені есепке алмайды, ал бұл қазіргі уақытта анағұрлым маңызды мәселе болып отыр.

Тұрақты даму бойынша жұмыстардың көптігіне қарамастан, осы мәселені зерттеудің көптеген аспектілері Қазақстанда да, шет елдерде де жеткілікті деңгейде өңделмеген. «Тұрақты даму» түсінігінің анықтамасы да талқылауды қажет етеді, ол немесе тар мағынада қарастырылады – негізгі назар экологиялық құрамдасқа аударылады, немесе шектен тыс кеңінен қарастырылады – саяси, экономикалық-әлеуметтік, экологиялық, мәдени, моральды-этикалық және т.б. өлшемдер аясында талданады, ал бұл жүргізілген зерттеулердің шек араларын жуып, аймақтың экономикалық мәселелерінің шегінен шығарады.

Берілген диссертациялық зерттеуде тұрақты даму ретінде біз ұзақ уақыт мерзімінде бір уақытта қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын, экологиялық қауіпсіздігін және болашақ ұрпаққа табиғи ресурстарды сақтауды, сонымен бірге экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін дамуды түсінеміз.

Ушакова О.А. [33] көзқарасымен келіскеніміз дұрыс, оның пікірінше, «тұрақты даму» түсінігі едәуір икемді, ал аймақтың тұрақты дамуының негізгі формалары төмендегідей болады:


– абсолютті тұрақты даму, оған берілген өлшемдер ауытқымаған жағдайда қол жеткізіледі;

– потенциалдық – аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесін дамытумен тікелей байланысты, ол елдегі өзгермелі экзогендік шараларға дағдылану көлемін анықтайды;

– іс жүзіндегі даму – өткен кезеңде аймақтағы қолданыстағы өндірістік-экономикалық әлеуетті пайдалану деңгейіне шынайы факторлардың ықпалымен қол жеткізілген даму.

Осыған сәйкес, аймақтың тұрақты дамуы туралы жалпы түсінікті бекіту тек тұжырымдамалық деңгейде ғана мүмкін болады. Мұндай даму үлгісіне өту процесінің өзі нақты мағынада перманентті болады, және, үлгінің бір нұсқасынан басқа нұсқасына үзіліссіз өту жүзеге асуы тиіс.

Тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі құрамдастары келесідегідей: экономикалық, экологиялық, әлеуметтік (сурет 4).



Сурет 4 – Тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі құрамдастары

Ескертпе - Автормен құрастырылған

Экономикалық әдіс тұрақты даму тұжырымдамасының тірегі болып табылады. «Экономикалық жүйенің тұрақтылығы» түсінігін берілген жүйенің ішкі және сыртқы әсерлерге дұрыс төтеп беруге және қызмет етуіне, солай ете отырып, тұрақты ішкі құрылымдық-функционалдық ұйымдастыруды

сақтауға және өзінің мақсаттарына қол жеткізу бағытында дамуына қабілеттілігін түсінуге болады. Сонымен бірге тұрақты даму тұжырымдамасы «экономикалық тиімділік» түсінігіне басқаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. Одан басқа, жүзеге асыру барысында табиғи заңдылықтар назарға алынатын ұзақ мерзімді экономикалық жобалар ақыр аяғында экономикалық тиімді болатындығы, ал ұзақ мерзімді экономикалық салдарлар есепке алынбай жүзеге асырылатын жобалар шығын әкелетіндігі анықталды.

Экологиялық көзқарас тұрғысынан тұрақты даму биологиялық және физикалық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс. Дербес экожүйелердің өміршеңдігі аса зор маңызға ие, олардан бүкіл биосфераның жаһандық тұрақтылығы тәуелді болады. Одан басқа, табиғи жүйелер және өмір сүру ареалдары түсінігін кең мағынада түсінуге болады, оларға адаммен қалыптастырылған қалалар сияқты ортаны қосуға болады. Ерекше назар осындай жүйелерді жақсы жай-күйде сақтауға емес, олардың өзгерістерге төтеп беру қасиетін сақтауға аударылады. Табиғи ресурстардың талануы, қоршаған ортаның ластануы және биологиялық алуан түрліліктің жоғалуы экологиялық жүйелердің өздігінен қалпына келу қабілетін төмендетеді.

Тұрақты даму тұжырымдамасының әлеуметтік аспектісі бірінші кезекке адам өмірінің сапасын шығарады. Сапалы өмір сүру үшін алдыңғы кезекте негізгі қажеттіліктерді кепілді және әділ қанағаттандыру қажет. Бұл жерде ескеру қажет, тұрақты адами даму тек адамның шегі бар қажеттіліктері қалыптасқан кезде ғана орын алуы мүмкін. Тарихи тәжірибе куә болғандай, қоғамдық өмірді әділдік қағидаларына сәйкес реттеу бар қоғам ғана еркін және өміршең. Әділдік қағидасына сүйенбей, қоғамның тұрақты дамуы мүмкін емес [34].

«Экономикалық қауіпсіздік → тұрақты даму» түсініктерінің өзара байланыстылығын талдауға бағышталған ұсыныстарды зерттеу бізге келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді: көрсетілген өзара байланысты түсініктер тұрақты дамудың негізін қалаушы құрамдас бөліктері ретінде емес, керісінше, жалпы экономикалық жай-күйді сипаттайтын «сипаттамалар», «шарттар», «критерийлер», «көрсеткіштер» және т.б. ретінде қарастырылады. Мысалы, О.Н. Ютяева, В.В. Мищенко сияқты ғалымдардың еңбегінде көрсетіледі: «Аймақтың тұрақты дамуы мен экономикалық қауіпсіздігінің өзара байланыстылығының өлшемі аймақ қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті және жеткілікті деңгейі болғандағы экономиканың анағұрлым толыққанды ілгерілемелі дамуына қабілеттілігімен анықталады» [35, с. 133].

Осы тұрпатта ресей ғалымы Долматова И.В. пікірі анағұрлым әділірек, оның ойынша, аймақ экономикасының тұрақтылығында, оның артынша экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аймақтық жүйесінде табиғи, өндірістік және еңбек, қаржы ресурстарын пайдалану бойынша қарым-қатынастар іске асады. Экономиканың тұрақтылығы мен экономикалық қауіпсіздігі арасында жақын байланыстар бар. Тұрақты экономикалық жүйелер экономикалық өсу көрсеткіштерімен, өндірістік әлеует пен қаржы

ресурстарының және экономиканың негізгі салаларының теңгерімділігімен сипатталады.

Құқықтық аумақта әрекет ете отырып, құқық қорғау жүйелері тұлғаның, аймақ тұрғындарының, экономикалық және басқа да қызмет түрлерінің субъектілерінің экономикалық мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді. Осының барлығы әлеуметтік, экологиялық салалардың жай-күйінің жоғарғы деңгейін қалыптастыруға, нарықтық, ғылыми және ақпараттық инфрақұрылымның дамуына ықпал етеді.

Айта кету керек, қазіргі уақытта дүниежүзілік экономика дамуының бүкіл тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық қауіпсіздік тек әлеуметтік-экономикалық жүйенің «болуы мен дамуының шарты» ғана емес, сондай ақ оның тұрақты қызмет етуі мен біртіндеп дамуының іргелі негізін қалайды.

«Экономикалық қауіпсіздік – тұрақты даму» түсініктерінің өзара байланыстылығының мәнін талдау бізге келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді: экономикалық қауіпсіздік факторының ролі мен орнының маңыздылығын ескермеу даму тұрақтылығын қамтамасыз етудің кешендік жүйесін зерттеудегі маңызды мәселе болып табылады.

«Экономикалық қауіпсіздік» және «тұрақты даму» түсініктері арасындағы өзара байланыстылық анықтамаларын бөлшектеп талдау келесіні көрсетті: қазіргі кездегі зерттеулердің қатарында бұл анықтамалар бірін бірі анықтаушы ретінде қолданылады. Осы түсініктер арасындағы жақын байланыстылықты жоққа шығармай, сонымен бірге олардың қайсысының қайсысына жататындығы мен өзара салыстыруды анықтаудың күрделілігін ескере отырып, біз осы байланыстың келесі сипаттамасын қолданамыз: экономикалық қауіпсіздікті тұрақты дамудың құрамдас бөлігі ретінде түсінуге болады, яғни біз соңғысын кең мағынада түсінеміз. Мұндай қорытынды әлемдік экономиканың соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелерін талдаудан шығады. Аталған жылдарда түрлі экономикалық дағдарыстар бүкіл әлемдік шаруашылық жүйесінің тұрақсыздануына себепші болып, көптеген елдер мен аймақтар экономикасының қызмет ету тұрақтылығын бұзған болатын. Осы әдіс ұлттық экономиканың экономикалық қауіпсіздігіне, оның құрамдас бөліктерін, оны қамтамасыз ету факторлары мен шарттарын талдауға арналған ХХ ғ. соңының іргелі еңбектерінің қатарында ерекше жаңа болып табылады.

Соңғы жылдары дүниежүзілік шаруашылық жүйесінің әлеуметтік-экономикалық даму логикасы шаруашылық жүйесінің экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақтылығы түсініктерінің өзара байланыстылығына назар аударуды күшейтуді қажет етеді.

Қауіпсіздікті кең мағынада түсінетін болсақ, ол тұрақты дамудың басты мақсаттарының бірі және оны іске асырудың қажетті шарты болып табылады. Тұрақты даму идеологиясы аясында қауіпсіздікті жүзеге асыру анағұрлым жемісті болмақ. Берілген әдіс мемлекеттің ұлттық мүдделері мен жаһандық тұрақты дамудың (ол ұлттық мүддеден жаһандық мүдде үшін бас тартуды көздейді) жаңа парадигмасы арасындағы қарама-қайшылықты шешуге

мүмкіндік береді. Бұл қарама-қайшылықты қауіпсіздікті көбінесе даму арқылы қамтамасыз етумен, ал азырақ көлемде қорғау арқылы қамтамасыз етумен шешуге болады. Осылайша, тұрақты даму – бұл тек экономикалық, әлеуметтік және басқа да қызмет түрлерінің жүйелік біртұтастығы ғана емес, сондай ақ даму мен қауіпсіздіктің имманенттік өзара байланыстылығы: даму арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы даму [36].


Аймақтық экономиканың тұрақты дамуының мәні аймақтың бүкіл халық шаруашылығының тұрақты-теңгерімді қарқынмен перманентті өсуінде және ұзақ мерзімді кезеңде дамуында жатыр [37].

Экономикалық дамуды «... бүкіл экономикалық және әлеуметтік жүйелерді қайта құру және қайта бағыттауды қосатын көпқырлы процес ретінде түсінуге болады. Табыстар мен өндірістің өсуімен қатар, ол институционалдық, әлеуметтік және әкімшілік құрылымдарда, сонымен бірге, қоғам санасында, кей жағдайларда дәстүрлер мен дағдыларда радикалды өзгерістердің болуы орын алады» [38]. Тұрақты экономикалық даму кез келген мемлекеттің макроэкономикалық саясатының мақсаты болып табылады, ал экономикалық өсу – оның анағұрлым жиі қолданылатын критерийі.

Тұрақтылық және қауіпсіздік – біртұтас жүйе ретіндегі экономиканың маңызды сипаттамалары. Оларды бір-біріне қарама қарсы қоюдың қажеті жоқ, олардың әр қайсысы экономиканың жай-күйін өздігінше сипаттайды. Экономиканың тұрақтылығы оның құрамдас бөліктерінің, тікелей, көлденең және жүйе ішіндегі басқа да байланыстардың төзімділігі мен сенімділігін, ішкі және сыртқы «жүктемелерге» төтеп беру қабілетін сипаттайды.

Қауіпсіздік – бұл жүйе ішіндегі байланыстар жүйесіндегі объектінің жай-күйі, ішкі және сыртқы қатерлердің болуы шарттарында қызмет етуі мен даму қабілеті, сонымен бірге күтілмеген немесе болжанбаған факторлардың ықпалы. Өндірістік және қаржылық-банктік капитал және т.б. қатынасының экономикалық жүйесі анағұрлым тұрақты болған сайын (мысалы, салааралық құрылым), соғұрлым экономика өміршең келеді, ал бұл оның қауіпсіздігінің бағасы да жоғары болатындығын білдіреді. Экономикалық өсу мәселесі аумақтық жүйелердің орталық міндеті болып табылады. Өсу экономикалық дамудың бөлігі ретінде қарастырылады, соңғысы экономикадағы сандық және сапалық өзгерістердің ұлғаюын да, құлдырауын да қосатын процес ретінде қабылданады. Даму – бұл экономикалық қауіпсіздіктің құрамдастарының бірі. Егер экономика дамымаса, онда оның өмір сүру мүмкіндіктері қысқарады, сондай ақ ішкі және сыртқы қатерлерге қарсы тұруы мен дағдылануы қабілетін төмендетеді.

Экономикалық қауіпсіздіктің әлеуметтік-экономикалық жүйенің тұрақтылығына тигізетін ықпалы 5-суретте көрсетілген.



Сурет 5 – Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің ұлттық экономикалық жүйе тұрақтылығына ықпалы

Ескертпе - Автормен құрастырылған

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің ұлттық экономикалық жүйе тұрақтылығына ықпалын қарастыра отырып, негізгі тұжырымдық сәттерді бөліп көрсеткіміз келеді:

– аймақ өзінің өндірістік функциясын жоғалтқан кезде, экономикалық қауіпсіздік қатерлері өсе бастайды, сөйтіп, мемлекеттің экономикалық жүйесі мен оның қосалқы жүйелерінің аумақтары арасындағы байланысы үзіледі. Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі қатерлерінің өсуі ұлттық экономикалық жүйе тұрақтылығының факторы болып табылады;

– аймақтың экономикалық қауіпсіздігі мемлекеттің тұрақты даму стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады, және шаруашылық субъектілері үшін экономикалық тұрғыда қолайлы да, қолайсыз да болуы мүмкін;

– аймақтың экономикалық қауіпсіздігі – ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында табиғи ресурстарды, өндірістік күштерді

тиімді қолдану және сақтау үшін, жаңа мыңжылдық талаптарына сай келетін, құқықтық, экономикалық, институционалдық, ұйымдық және технологиялық жағдайларды құру негізіндегі мемлекеттің тұрақты дамуының факторы;

– экономикалық дамыған аймақ үшін шекті сипаттағы нақты қатерлердің болмауы мүмкін, бірақ мемлекет бұл қатерлер орын алған жағдайда оларға дер кезінде төтеп беру үшін қуат пен құралдарды сақтауы және қолдауы міндетті.

Тұрақты экологиялық-экономикалық даму мен экономикалық қауіпсіздіктің өзара байланыстылығын келесі құбылыстар мен процестерден байқауға болады. Мәселен, өндіріс процесінде апаттық жағдайлардың өсуіне әкеліп соғатын негізгі құралдардың тозуының жоғарғы деңгейі, бір жағынан, экономикалық қауіпсіздіктің факторы ретінде көрінеді, ал басқа жағынан, экономикалық жүйенің жай-күйінің көрсеткіштеріне ықпал етеді, сөйтіп экономиканың барлық салаларындағы өндірістік-шаруашылық қызметті кеңейту және отандық өндірісті ұлғайтуды болжау кезіндегі қоршаған ортаның ластану қатерін ұлғайта түседі.

Экономикалық ынталандырулардың тиімсіз жүйесі табиғатты қолданудың қазіргі уақыттағы жай-күйін сипаттайды және табиғи-ресурстық әлеуетті рационалды қолдану деңгейіне, қоршаған табиғи ортаның жалпы азғыруына ықпал етеді, сөйтіп, аймақтың ұлттық экономикалық қауіпсіздігіне едәуір қатер туғызады.

Басқа жағынан алғанда, табиғи-ресурстық әлеуеттің біртіндеп азаюы, табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін бақылаусыз пайдалану ақыр аяғында экономикалық әлеуетті толық пайдаланбауға және едәуір қысқаруына әкеледі, ал бұл ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің маңызды факторы болыптабылады [39].

Аймақтың тұрақты дамуы мен экономикалық қауіпсіздігінің өзара байланыстылығының өлшемі экономиканың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті және жеткілікті деңгейі болғанда максималды түрде мүмкін болатын толыққанды ілгерілемелі дамуға аймақ экономикасының қабілеттілігімен анықталады. Осылайша, аймақ экономикасының дамуы мен өсуі неғұрлым тұрақты болған сайын, соғұрлым оның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндіктер көбірек болады.

Экономика қоғамның негізгі мақсаттарына: дамудың тұрақты серпініне, өмір сүрудің жоғарғы деңгейіне және оңтайлы әлеуметтік қарым-қатынастарға қол жеткізуге қаншалықты қабілетті болса, соншалықты тиімді болып есептеле алады. Тұрақты экономикалық даму тетіктерін әзірлеудегі теориялық әдістердің негізгі қарауларын талдау көрсеткендей, стратегиялық бекітілімдерді анықтау көздері негізінен экономикалық өсу мен әлеуметтік кепілдерді қамтамасыз етуге негізделеді.

Тұрақты экономикалық өсудің ұлттық тұжырымдамасын әзірлеу және жүзеге асырудың қажеттілігі мәселелері әлемдік экономикада дағдарыстық құбылыстардың орын алуына байланысты ерекше өзектілікке ие болуда. Одан басқа, жаһандану, ықпалдастыру процестерінің күшеюі шарттарында

экономиканың қызмет етуі тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеуге сапалы жаңа талаптар қояды.

Сонымен бірге, аймақтың қауіпсіз тұрақты дамуы аймақтық жүйенің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз етуді көздейтіндігін ескеру қажет.

Ішкі тұрақтылық ретінде құрылымдар құратын өндірістердің тұрақты дамуын, өнімді әкелу-әкетудің тұрақты және оң сальдосын ұстап тұру, тұрғындар өмірінің сәйкес деңгейін және жұмысбастылығын қамтамасыз етуді түсінуге болады [40].

Сыртқы тұрақтылық ретінде аймақтың төлем балансының тұрақтылығын, сыртқы сауда-саттықтың тұрақты оң сальдосы мен тұрақтандыру қорының (алтын қорларының) болуын, тең құқықты федералды-аймақтық бюджетаралық қарым-қатынастардың тұрақтылығын, аймақтың жалпы ұлттық еңбек бөлінісінде алатын орнын түсінуге болады.

Қазіргі уақытта аймақтандырудың негізгі көрінісі экономикалық орталықсыздандыру болып табылады, бұл – жетекшіліктің орталық және аймақтық деңгейлері арасында функциялар мен өкілеттіліктерді бөлістіру процесі, ол аймақтарға өзінің күш-қуаты көмегімен өзінің экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Аталған күштер мен құралдардың болуы аймақтың өмір сүру шарттарының жиынтығымен түсіндіріледі, олардың арасында аймақтың қауіпсіз дамуын анықтайтын келесі факторлар бар:

- табиғи-климаттық шарттар;
- ресурстық-шикізаттық әлеует;
- этно-демографиялық әлеует;
- өндірістік кешеннің құрылымы мен мамандануы;
- экономикалық даму деңгейі;
- қаржылық қамтамасыз ету;
- әлеуметтік-саяси шарттар;
- жетекшіліктің күзіреті мен ықпалдылығы.

Маңызды әдістемелік міндет – тұрақты даму траекториясы бойынша аймақтық-экономикалық жүйе қозғалысын қамтамасыз ететін экономикалық қауіпсіздік факторларын анықтау, сонымен қатар оның тұрақтылық деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін критерийлер мен көрсеткіштер жүйесін негіздеу болып табылады.

Аймақты тұрақты дамыту тұрғысынан экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларының сыныптамасы 1-кестеде көрсетілген.

Осылайша, аймақтардың тұрақты даму негіздері ретіндегі оның экономикалық қауіпсіздігінің әдістемелік негіздерін қарастыру бізге келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Кесте 1 – Аймақты тұрақты дамыту тұрғысынан экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларының сыныптамасы

Қасиеті	Критерийлер		
	тұрақты экономикалық өсу	экологиялық тұрақтылық	әлеуметтік тұрақтылық
Тұрақтылық	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жоғары ресурстық әлеует 2. Дамыған инфрақұрылымның болуы. 3. Өнеркәсіптік өндірістің жоғарғы даму деңгейі 4. Ғылыми-техникалық кадрлармен қамтамасыз етілуі 5. Жұмыс орындарының болуы және т.б. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Биотүрлілікті сақтау. 2. Су ресурстарының болуы. 3. Аумақтың ормандармен қамсыздандырылуы. 4. Ластанудың техногенді көздерінің болмауы немесе аз көлемі. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өдірістік процесті сақтау. 2. Тиімді миграция. 3. Тұрғындардың өмір сүру сапасы мен деңгейі. 4. Тиімді білім беру жүйесінің болуы. 5. Тұрғындардың салауатты өмір салты.
Қауіпсіздік	<ol style="list-style-type: none"> 1. Болашақ даму және дағдарыс шарттарына дағдылану үшін алғышарттар қалыптастыру. 2. Аумақтың ресурстық әлеует қатысындағы өмірлік маңызы бар мүдделерді қорғау. 3. Тұрақсыздандыру әсерлерінен ішкі экономикалық қорғаныс қабілетін және сыртқы экономикалық қорғанысын қалыптастыру. 4. Аумақтың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету. 5. Тұрғындардың өмір сүруінің лайықты шарттарын қамтамасыз ету. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған табиғи ортаның рұқсат етілетін нормативтері шегінде ластануы. 2. Табиғи ресурстарды рационалды қолдану. 3. Техногендік және табиғи төтенше жағдайлардың алдын алу. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өндірістік әлеует қатерлерінің болмауы. 2. Тұрғындар денсаулығының жоғарғы деңгейін сақтау қабілеті. 3. Тұрғындардың өмір сүру сапасы мен деңгейін қамтамасыз ету мүмкіндігі. 4. Әлеуметтік орта сапасының қажетті көрсеткіштерін ұстау тұру. 5. Тұрғындардың аймақтан миграциялық ағымына қарсы тұру қабілеті және т.б.
Даму	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аймақтың ЖАӨ өсімінің қарқынын жоғарылату. 2. Нарық талаптарына жауап беретін және конъюнктуралық өзгерістерге икемді әсер ететін аймақтық өндірісті қалыптастыру. 3. Ұзақ мерзімді экономикалық артықшылықтары бар пайдалы және перспективті салаларды басымдықты дамыту арқылы экономиканы қайта құру. 4. Аумақтардың өндірістік кешенін жаңғырту. 5. Инновациялық жобалар мен т.б. әзірлеу және енгізу. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аз қалдықты өндірістерді енгізу. 2. Энергоүнемдеуіш технологияларды қолдану. 3. Экологиялық білім мен танымдық деңгейін жоғарылату. 4. Табиғи экожүйелерді қалпына келтіру. 5. Қоршаған табиғи ортаны қорғау аумағындағы заңнамалық базаны жетілдіру. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тұрғындардың өмір сүруінің жеткілікті деңгейі үшін жағдайлар жасау. 2. Әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу. 3. Тұрғындардың білім әлеуетін көтеруге жағдайлар жасау. 4. Қауіпті аурулардың етек алуына «ұлттық иммунитет» қалыптастыру. 5. Қол жетімді сапалы медициналық қызмет көрсету мәселесін шешу. 6. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау және т.б. бағытта заңнамалық базаны жетілдіру.
Ескертпе - Әдебиет көзі [16]			

Тұрақты даму теориясы әлеуметтік-экономикалық жүйенің әлеуметтік, экономикалық және қазіргі және болашақтағы ұрпақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерінің қарқынды өсуін және қоршаған ортаның сақталуын қамтамасыз ететін, экологиялық тармақтарын гармонизациялауға негізделген, жүйенің тұрақты даму үлгісіне өту жолдарын іздестіруге бағытталған.

Экономиканың тұрақты-қауіпсіз дамуы экономиканың тұрақты дамуы мен оның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету процестерінің органикалық байланыстылығымен өзара байланыстылығымен түсіндіріледі. Берілген байланыста тұрақты даму бірінші кезекте экономикалық қауіпсіздіктің алғышарты ретінде, ал экономикалық қауіпсіздік нәтиже ретінде көрсетіледі. Одан соң, экономикалық қауіпсіздік аймақ экономикасының тұрақты дамуының алғышарты және жүйелік факторы ретінде көрсетіледі, ал тұрақты дамудың өзі мұндай жағдайда экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесінің нәтижесі ретінде болады.

Сондықтан тұрақты дамудың жаңа жолына өту стратегиясын қауіпсіздік тұжырымдамасынан айырып қарастыруға болмайды. Қауіпсіздік пен дамуды ықпалдастыру идеясының өзі біршама жемісті, өйткені қауіпсіздік мәселелерін зерттеудің жаңа теориялық және тәжірибелік көзқарастарына ашады.

1.3 Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің критерийлері, көрсеткіштері және шекті мәндері

Аймақтық ерекшеліктер берілген аймақтың ғана емес, сонымен бірге жалпы елдің қауіпсіздігіне әсер ететін қауіптер мен қатерлердің барлық жиынтығын анықтайды. Бұл аспектілер аймақтық саясаттың қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мәнін айқындауы тиіс. Экономикалық қауіпсіздікті қарастырудағы бірінші кезектегі міндеттердің бірі экономикадағы дағдарыстық құбылыстарды дер кезінде және объективті көрсететін көрсеткіштер жүйесін әзірлеу болып табылады.

Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі критерийлер мен көрсеткіштер жүйесінің көмегімен анықталады, олар төмендегілерді анықтауға мүмкіндік береді:

- аймақтың табиғи-ресурстық әлеуеті;
- аймақта өндірістік қорларды, капитал мен еңбекті тиімді қолдану деңгейі (оларды басқа аймақтар мен дамыған елдердегі қол жеткізілген шамаларымен салыстыра отырып, ішкі және сыртқы сипаттағы қатерлер ең аз болатын шекті мәнді анықтауға болады);
- экономиканың бәсекеге қабілеттілігі;
- аймақтағы әлеуметтік тұрақтылықтың жай-күйі және болуы мүмкін әлеуметтік жанжалдарды шешу және алдын алу шарттары [41].

Экономикалық қауіпсіздік критерийлері зерттеу объектісінің экономикалық қауіпсіздігінің нақты көрсеткіштерін (индикаторларын) таңдауға тікелей әсер етеді. Олар нарық өндірісінің эволюциясын сипаттайды, оның

сандық және сапалық параметрлерінің әлемдік статистика жүйесіндегі деңгейіне сипаттама береді. Тұрақты даму көзқарасы тұрғысынан алғанда, аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің критерийлері келесілер болуы мүмкін: тұрақты экономикалық өсу; әлеуметтік тұрақтылық; экологиялық тұрақтылық.

Бұл жерде айта кету керек, экономикалық қауіпсіздік үшін маңызды мәнге көрсеткіштер емес, керісінше, олардың шекті мәндері ие, олардың шамаларын қадағаламау өндірістің түрлі құрамдас бөліктерінің қалыпты дамуына теріс әсерін тигізеді, аймақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы облысындағы теріс, оңтайсыз құбылыстардың қалыптасуына әкеледі. Шекті мәндерді анықтау үшін келесілерді қолданған дұрыс: сарапшылар бағасын; нормативтік актілермен бекітілген нақты мәндерді; түрлі математикалық әдістерді қолдану арқылы алынған мәндер.

Қазіргі уақытта экономикалық қауіпсіздік деңгейін бағалау үшін әр түрлі әдістер қолданылады, оларды төмендегідей топтастыруға болады:

- негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді қадағалау және оларды шекті мәндермен салыстыру;
- түрлі ғалымдардың топтары кеңінен қолданатын қатысты көрсеткіштер (үлес салмағы, индекстер коэффициенттері және т.б.) базасында;
- «қатер көрсеткіштері» базасында, олардың мәндерін іс жүзіндегі параметрлермен салыстыру шекті мәндердің асып кетуіне атқарушы құрылымдардың назар аударуын дер уақытында көру және назар аудару. Олар мемлекетаралық, мемлекеттік және аймақтық құрылымдардың дер уақытында араласуының «дабылы» болып табылады.

Объектілерді және олардың функционалды байланыстарын зерттеу мен құрастырудың шекті мәндері әдісі бұрыннан бері ғылыми білімнің түрлі облыстарында жемісті қолданылып келеді. Ол техникалық әзірлемелерде анағұрлым тиімді қолданылады, мысалы, машиналардың сенімділігін математикалық дәлелдеу кезінде: техникалық объект үшін жүктемелердің шекті параметрлері пайдаланылады.

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді қадағалау әдісін қолданудағы негізгі мәселе кейбір көрсеткіштерді бөлуде болып отыр. Бұл көрсеткіштерді шекті мәндермен салыстыру экономиканың жай-күйін кешенді бағалауға, объективті қатерлі тенденцияларды айқындауға мүмкіндік береді. Мәселен, С. Глазьев және В.В. Локосов өздерінің әдістемесінде келесі көрсеткіштерді бөліп көрсетеді: ЖІӨ, өнеркәсіптік өдірістегі қайта өңдеу өнеркәсібінің үлес салмағы, инвестициялар көлемінің ЖІӨ-ге%-бен қатынасы, ғылыми зерттеу шығындары, тұрғындардың өмір сүру ұзақтығы, жұмыссыздық деңгейі, инфляция деңгейі, ішкі және сыртқы қарыз көлемі және т.б. [42].

Индикаторлар, индекстер және шекті мәндер жүйесін әзірлеу мен қолданудың қолданыстағы шет елдік және отандық тәжірибесі көрсеткендей, олардың негізіне түрлі базалық көрсеткіштер жатады. Сыныптамалық белгілердің түрлілігі де осымен анықталады.

Шет елдік тәжірибені жалпылау бір немесе басқа аймақтың экономикалық дамуын бағалау үшін индикаторлар топтарын пайдалануға екі негізгі әдісті бөлуге мүмкіндік береді. Дамыған елдердің экономикалық дамуын бағалау үшін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) индикаторлардың екі тобын қолданады [43]:

– 1-ші топ – сәйкес келетін экономикалық индикаторлар, олар аймақтағы ағымдағы экономикалық жағдайды сипаттайды;

– 2-ші топ – жалпыэкономикалық белсенділікті сұлбалайтын жетекші және қосымша экономикалық индикаторлар.

Бірінші топ келесі көрсеткіштерден тұрады: ауылшаруашылық емес жұмысшылар мен қызметкерлердің саны; көлік төлемдерін есептемегендегі жекетабыстары; өнеркәсіптік өндіріс (индекс түрінде); өнеркәсіптегі және саудадағы сатылым көлемі және т.б.

Индикаторлардың екінші тобы келесі көрсеткіштермен сипатталады: өндірістегі ұзақ мерзімді қолданатын тауарлардың тапсырысының орындалмауы; тұтыну тауарлары мен шикізатқа жаңа тапсырыстар; өнеркәсіп пен сауда қорларының сатылым көлеміне қатынасы және т.б.

Францияда аймақтық экономикалық қауіпсіздікті бағалау және реттеудегі әдістердің бірі «қатер көрсеткіштерін» құру әдістері болып табылады. Олар мәндері шектен асқанда критикалық аумақ басталатын және мемлекеттің араласуын қажет ететін көрсеткіштердің рұқсат етілетін ауытқуларын білдіреді. Мәселен, жұмысбастылық деңгейінің көрсеткіші үшін «қатерлер» критерийі 3 ай бойы 2,5 %-дан асатын жұмыссыздар саны болып табылады. Ал сыртқы сауда теңгерімділігінің «қатері» критерийі орташа жылдық негізде 3 ай бойына импортты экспортпен 90 %-дық жабу саналады. Экономикалық өсудің тежелуін қадағалау үшін жалпы ішкі және өнеркәсіптік өнімнің, өндірістік капитал салымдарының, жұмысбастылық деңгейінің өсу индикаторларын қолданады. Инфляциялық тенденцияларды қадағалау үшін сыртқы сауда мен бағалардың жалпы деңгейінің теңгерімділігі индикаторларын қолданады [44].

Ғылыми әдебиеттерде аймақтың экономикалық қауіпсіздігін бағалау индикаторлардың екі тобының көмегімен жүзеге асырылады: бірінші тобын белгілеуші индикаторлар құрады. Олардың негізінде аймақтың жай-күйінің диагностикасы жасалады, шаруашылық құрылымының деградациялану процесінің тереңдігі және олардың серпінінің инерттілігі талданады. Екінші топты «өсу әлеуеті» индикаторлары құрады – аймақтың ішкі әлеуетін, ішкі күш пен құралдар есебінен депрессиялық күйді және артта қалушылықты жою алғышарттары мен мүмкіндіктерін, аймақтың федералдық көмек сұрауының негізділігін анықтауға септігін тигізетін, өсудің тиімді импульстары мен нүктелерінің болуын сипаттайды [45].

Аймақтың потенциалды әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының факторларын кешенді қамту мақсаттары үшін ғалымдар әлеуметтік-экономикалық шиеленістің синтетикалық индикаторларын әзірледі, олар жұмыссыздық, қылмыстылық, саяси жағдай, ұлтаралық қатынастар, экология, тұтыну нарығының жай-күйі, тұтыну және сауда-саттық тауарлары

бағаларының индексі, азаматтардың табыстары, экономиканың жай-күйі, потенциалды әлеуметтік-экономикалық шиеленістің қосымша факторларының болуы сияқты жағдайларды сипаттайды. Қазақстан аймақтары үшін, алдыңғы кезекте, артта қалған және депрессивтік аймақтар үшін бұл индикаторлар осы аймақтарды қолдау бойынша ұсыныстарды негіздеу кезінде шешуші рольге ие болуы мүмкін.

Ғылыми әдебиеттерде аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің көрсеткіштері мен критерийлеріне көзқарастардың нақтысы жоқ. Мәселен, И.В. Долматов аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйінің басты индикаторлары ретінде әлеуметтік индикаторларды қабылдауды ұсынады, олар демографиялық қауіпсіздік, өмір сфераларының және еңбек нарығының индикаторларынан тұрады. Бірақ мұндай индикаторларға қандай көрсеткіштер кіретінін автор анықтамайды [46].

Н. В. Дюженкова аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйін рейтингтік бағалаудың үш нұсқасын келтіреді, олар Тамбов технологиялық университетінің ғалымдарымен әзірленген. Осы нұсқаларда аймақтық еңбек нарығының өндірістік, ғылыми-техникалық, қаржылық, әлеуметтік-демографиялық, қоғамдық, сауда-саттық, экологиялық құрамдастарын сипаттайтын көрсеткіштер блогы жүйесінің оқшау көрсеткішін айыру қарастырылады.

«Орындар сомасы» атауымен рейтингтік бағалау әдістемесінің бірінші нұсқасын пайдаланған уақытта нақты зерттеу объектісіне берілген балл саны берілген көрсеткіш бойынша ранжирлеу кезінде объектімен алынған орынмен анықталған. Ақырғы ранжирлеу нақты көрсеткіш негізінде жүргізілген, ол келесі әдістермен анықталады: біріншіден, көрсеткіштердің бүкіл жиынтығы бойынша балл сомасы ретінде; екіншіден, көрсеткіштердің әр блогы бойынша объект орналасқан орындар сомасы; үшіншіден, көрсеткіштердің әр блогы бойынша олардың әр қайсысының маңыздылығын есепке алғанда, объект орналасқан орындар сомасы» [47, 42 б.].

Әдістеменің екінші нұсқасы ең кіші квадраттау әдісін модификациялау көмегімен интегралды көрсеткіштерге негізделген. Мұнда экономикалық қауіпсіздігі анағұрлым жақсы күйдегі объектінің мәні квадраттар сомасы да, сонымен бірге осы санның түбірі (орташа квадраттық ауытқу) де ең аз шамада болуы тиіс.

Үшінші нұсқа «орындар сомасы» және ең аз квадраттар әдістерінің комбинациясына негізделеді. Мұның негізінде экономикалық қауіпсіздіктің ерекшеленген құрамдастарының маңыздылығын есепке алу жатыр. Ең аз квадраттар әдісін қолданған кезде бірінше кезеңде барлық құраушылары бойынша барлық объектілердің рангтері анықталады. Ары қарай көрсеткіштердің маңыздылығын ескере отырып, объектінің рангтерін қосу арқылы интегралды көрсеткіш есептеледі. Көрсеткіштер блогының салмақтық коэффициенттері сарапшылар көмегімен анықталады.

Берілген әдістеме тым алпауыт, интегралды көрсеткіштің есептемесі жеке мақсат болып табыла алмайды, өйткені аймақтық экономикалық қауіпсіздігі

жүйесін құру стратегиясын әзірлеу үшін аймақ экономикасының нақты салаларының және олардағы тәуекелдердің бағасы қажет, олар жағымсыз ықпалдарды жоюға негізделген басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді. Одан басқа, сараптамалық бағалау әрдайым субъективті болады және есептемелер үшін негіз бола алмайды.

Н.П. Огарев атындағы Мордовия мемлекеттік университетінің ғалымдары көпқырлы статистикалық әдістер көмегімен республиканың экономикалық қауіпсіздігін бағалау әдісін әзірледі. Ол үшін алғашқы кезде аймақ экономикасының бірнеше саласы алынды: өндірістің өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы салалары, тұрғындардың өмір сүру деңгейінің, демографиялық ахуалдың, құқық реттеу саласының әлеуметтік көрсеткіштері және т.б. талдау процесінде 16 факторлық белгілер қолданылды, олар екі топқа бөлінген: экономикалық және әлеуметтік. Нәтижесінде төрт интегралды көрсеткіш алынды: аймақтың ауыл шаруашылығы даму деңгейі мен ауа бассейнінің ластануы арасындағы өзара байланыстылығы; негізгі капиталға инвестициялардың аймақ экономикасына әсері; өмір сүрудің жалпы деңгейі мен тұрғындардың әл-ауқаты; еңбек ақы мен жұмыссыздық деңгейінің өзара байланыстылығы.

Одан соң нәтижелік көрсеткіштер таңдалып алынды, олар: өнеркәсіптік өнімді өндіру индексі, инвестициялардың физикалық көлемінің негізгі капиталға индексі, табыстары ең төменгі күнкөріс көзінен төмен тұрғындардың үлесі, тұрғындардың табиғи өсуі (кемуі) коэффициенті.

Ары қарай ғалымдар есептелген интегралды және нәтижелік көрсеткіштер арасындағы байланысты корреляциялық-регрессиялық талдау жүргізіп, нақты тәуелділіктерді анықтады. Олардың негізінде төрт тендеуден тұратын жүйе құрылды, ол Мордовия республикасының ахуалын сипаттайтын кешендік сандық үлгіні көрсетті [48].

Біздің ойымызша, математикалық талдау әдістері аймақта болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестердің жай-күйін бағалау үшін әрдайым сенімді құрал бола алмайды.

Э.А. Уткина и А.Ф. Денисова кітабында аймақтың экономикалық қауіпсіздігін бағалайдың басқа әдіс ұсынылған. Біріншіден, экономикалық қауіпсіздік критерийлері ретінде олар келесілерді көрсетеді:

- «аймақтың экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымының кеңейтілген өндірісі;
- алғашқы қажеттілік тауарларының маңызды түрлерін әкелуге аймақтың критикалық тәуелділігінің шектері;
- аймақ тұрғындарының қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етуі үшін жағдайлар қалыптастыру барысында тұрғындар қажеттілігін қанағаттандырудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету» [49].

Екіншіден, кітапта көрсетілгендей, залалдардың алдын алу бойынша тиімді шараларды әзірлеу тәуекел факторларына жауап ретінде экономикалық қауіпсіздікті төмендетудің шекті деңгейлері жүйесін анықтауға тәуелді.

Үшіншіден, тұрғындардың өмір сүру деңгейі индикаторларының шекті мәндері ретінде келесі көрсеткіштерді қолдану ұсынылады: табысы ең төменгі күнкөріс көзінен төмен азаматтардың үлесі; табысы ең жоғары тұрғындар табыстарының және табысы ең төмен тұрғындар табыстарының арасындағы айырмашылық; туу деңгейі; өлім және түрлі себептерге байланысты ауыру деңгейі; орташа еңбекақы мен зейнетақының ең төменгі күнкөріс көзімен салыстырмасы; жұмыссыздық деңгейі; ұзақ мерзімді қолданылатын тауарлармен қамтамасыз етілу деңгейі; қылмыстық деңгейі [49, 2 б.].

Төртіншіден, ақырында авторлар аймақтың экономикалық қауіпсіздігін бағалау үшін шекті мәндерді емес, керісінше, аймақ қауіпсіздігінің функционалды талдауын қолдануды ұсынады. Ол дербес қолайсыз жайттардың болу ықтималдығын және залалдың ықтимал көлемін бағалауға негізделген. Сонда аймақтың экономикалық қауіпсіздігі беті қайтарылған залалды бағалау ретінде анықталатын болады. Алайда мұндай әдіс дербес муниципалды құрылым мен кәсіпорын үшін ғана өзекті.

В. Сальников «Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы» атты мақаласында экономикалық қауіпсіздікті «жұмысшылардың орташа еңбекақысы, ең төменгі күнкөріс көзі, әлеуметтік сипаттағы алымдарды алып тастағандағы орташа еңбекақының еңбекке қабілетті тұрғындардың ең төменгі күнкөріс көзіне қатынасы, тіркелген жұмыссыздар саны, жұмысшыларға сұраныс (вакансиялар), кәсіпорындар мен ұйымдардың тұтынуға беретін қаражаттары бойынша уақыты өтіп кеткен қарызы, кредиторлық қарыз, дебиторлық қарыз, анықталған экономикалық қылмыстардың саны» сияқты индикаторлар көмегімен анықтауды ұсынады. Осы көрсеткіштердің рұқсат етілетін шекті деңгейге жақындауы аймақтың әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігі қатерлерінің ұлғаюын, ал шекті мәндерден асып түсуі – тұрақсыздық және әлеуметтік жанжалдар зонасына түскендігін білдіреді. Соңғысы аймақтың депрессивті разрядқа енгендігін білдіреді [50]. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл әлеуметтік салаға тән индикаторлардың тар ауқымы, одан басқа, шекті мәндердің шамалары да ұсынылмаған.

Осылайша, аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің индикативті жүйелерін анықтаудың шет елдік және отандық әдістерінің көп жерде ортақ сипаттамалары бар, бірақ әр әдіс үшін экономикалық қауіпсіздікті бағалаудың және мониторингін жасаудың өз әдістемесі тән.

Айта кету қажет, қазіргі уақытта экономикалық қауіпсіздік теориясында экономиканың критикалық «науқас нүктелерін» көрсететін индикатор-көрсеткіштерді пайдалану арқылы экономикалық қауіпсіздікті талдау және бағалау әдісі анағұрлым өзекті болып отыр.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің критерийлері мен көрсеткіштері жүйесін әзірлеу келесі жалпы әдістемелік белгілерді қолдануға негізделуі тиіс: біріншіден, жиынтықтық, зерттеу объектісінің барлық жақтарын талдау және есепке алу қажеттілігі; екіншіден, жүйелік, байланыстылық пен өзара байланыстылықтың қатарын есепке алу; үшіншіден, нұсқалылық

(альтернативтілік), дағдарыстық ахуалдан шығудың бірнеше нұсқасын негіздеу, төртіншіден, тәуекелдің жеткілікті деңгейі, яғни, шекті жайттардың пайда болуын болдырмауды анықтау және іске асыру [51].

Берілген мәселе бойынша шет ел ғалымдарының әдістемелерді сынамалы зерттеуіне сүйене отырып, диссертациялық зерттеуде аймақтың экономикалық қауіпсіздігі көрсеткіштерін анықтаудың кешендік әдісі қалыптастырылды, ол аймақтардың тұрақты даму критерийларын ескереді: тұрақты экономикалық өсу, әлеуметтік тұрақтылық, экологиялық тұрақтылық. Шекті мәндер ретінде негізге орташа республикалық мәндер алынған, олар әлемдік тәжірибе, мәндер, бекітілген нормативтік актілер, берілген облыстағы сарапшылар пікірлерін ескере отырып, автормен толықтырылған.

Тұрақты экономикалық өсуді сипаттайтын аймақтық деңгейдегі экономикалық қауіпсіздіктің іріленген көрсеткіштері бойынша мониторинг жүргізу қажет, оны келесі түрде көрсетуге болады (кесте 2).

Аймақ экономикасының барлық салаларының жұмыстарын жалпылайтын индикаторлардың бірі жан басына шаққандағы ЖАӨ болып табылады. Бұл өте маңызды көрсеткіш, өйткені ол аймақ тұрғындарының материалдық мүмкіндіктерін көрсетеді, ал «берілген аймақ тұрғындарының төмен материалдық мүмкіндіктері түрлі экстремистік көңіл-күйлерді қолдауға ықпалын тигізеді және мемлекеттің берілген геосаяси бағыттағы аймақтық бүтіндігіне қатер төндіреді» [54, 209 б.]. Жан басына шаққандағы ЖАӨ орташа республикалық көрсеткіштен кем болмауы тиіс. Осыған сәйкес, экономикалық қауіпсіздіктің бірінші көрсеткішінің шекті мәні 100 %-ға тең деп қабылданған.

Тиімді экономикалық өндірістің серпінді процесін сипаттайтын, аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің ахуалының маңызды көрсеткіші ЖАӨ-ге пайызбен есептелген, негізгі капиталға инвестициялар көлемінің көрсеткіші болып табылады. Бұл көрсеткіштің шекті мәні әлемдік тәжірибемен айқындалған, ЖАӨ-нің 15-25 %-ынан басталатын мән болып табылады.

Ауыл шаруашылығының физикалық көлемінің индексі (ФКИ) қатысты көрсеткіш болып табылады, ол ауыл шаруашылығында өндірілген өнім массасының өзгеруін сипаттайды. Берілген жағдайда шекті мән ретінде елдің, аймақтың дамуының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында бекітілген жоспарлық көрсеткіштер қабылдана алады. Осыған ұқсас әдіс өнеркәсіптің физикалық көлемі индексі қатысында да қолданыла алады.

Бағалар деңгейі – аймақтағы экономикалық қауіпсіздік ахуалына ықпал ететін маңызды құрамдас болып табылады. Инфляцияның жоғарғы деңгейі тұрғындардың ақшалай табыстары мен жинақтарының құнсыздануына, өндірістің жалпы көлемінің төмендеуіне, аймақтардағы қолма-қол масса көлемінің ұлғаюына және т.б. әкеледі. Тұтыну бағалары индексінің шекті көрсеткіші желтоқсаннан өткен жылдың желтоқсанына дейінгі аралықта 106-110 % саналады.

Кесте 2 – Аймақ экономикасының тұрақты экономикалық өсу қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштер

Көрсеткіш атауы	Шекті мәні
Жан басына шаққандағы ЖАӨ, ел бойынша орташадан%-бен	100
ЖАӨ-ге бөлшек сауда айналымының көлемі, ЖАӨ-ге,%	40
Негізгі капитал салымдары, ЖАӨ-ге,%	15-25
Ауыл шаруашылығының нақты көлемінің өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатынасының индексі,%	Елдің немесе аймақтың нормативтік актілерімен бекітілген мәні
Өнеркәсіптің нақты көлемінің өткен жылдың сәйкес кезеңіне ара қатынасының индексі,%	Елдің немесе аймақтың нормативтік актілерімен бекітілген мәні
Тұтыну бағаларының индексі, алдыңғы жылмен салыстырғна, өткен жылдың сәйкес кезеңіне ара қатынасы,%	106-110
Өнеркәсіптік кәсіпорындардың негізгі қорларының тозу деңгейі,%	60
Негізгі қорларды жаңарту және істен шығуы коэффициентінің ара қатынасы	3
Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге ағымдағы ішкі шығындардың үлесі , ЖАӨ-ге,%	2,0
Аймақтың инновациялық кәсіпорындарының олардың жалпы санындағы үлесі,%	10 %
Ескертпе - [42, 52, 53] негізінде автормен құрастырылған	

Өндірістік саланың қауіпсіздігі экономиканың негізгі қорларының қаншалықты рационалды қолданылатындығы және жаңартылып отырылатындағына көбінесе тәуелді болады, бұл жаһандану және бәсекелестік процестердің күшеюі шарттарында ерекше көкейкесті болады: «негізгі қорларды дамыту және жаңартуға бағытталған салымдардың оптималды қатынасы экономикалық дамудың әр кезеңінде анағұрлым жауапкершілікті және әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағытты мәселесі, өндірістің бәсекеге қабілетті типін қарастыру стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады» [54, 63 б.]. Индикаторларың тағы бірі өнеркәсіптік ұйымдардың негізгі қорларының тозу деңгейі болып табылады, оның шекті мәні, көптеген ресей ғалымдарының пікірі бойынша, 60 % болып саналады [55, 43 б.].

Басқа индикатор Таза аймақтық өнім (ТАӨ) түсінігімен байланысты, ол жалпы аймақтық өнім мен амортизациялық аударымдардың арасындағы айырманы көрсетеді.

К.Р. Макконелла и С.Л. Брю пікірлері бойынша, таза ұлттық өнім өндірісінің теңгерімді деңгейіне, ол тұрғындар жинақтарына инвестицияларды қосқандағы көлеміне тең болған жағдайда, қол жеткізіледі. Яғни, тең салмақты өндіріс болуы үшін инвестициялар мен жинақтардың теңгерімділігі керек. Яғни, тұрақты, қауіпсіз экономика үшін жинақтар мен инвестициялардың қатынасының шекті мәнін 1-ге тең деп алу қажет. Осы авторлардың көзқарастары бойынша бұл шекті мән 1-ден көп болуы да мүмкін, бұл кезде ТАӨ деңгейі тұрақты болуы үшін тым жоғары болады [56, 222 б.].

Экономикалық қауіпсіздікті анықтауда маңызды мәнге өндіріс тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің индикаторлары ие, әсіресе әлемдік көрсеткіштермен салыстырғанда. Қазіргі уақытта ешқандай, тіпті ең ірі және ресурстық қамсыздандырылған экономикалық жүйе де жаһандық шаруашылыққа араласпай тиімді дами алмайды; олардан алшақ болу анағұрлым ілгерілемелі ғылыми сиымды ғылымдардағы артта қалушылыққа, сөйтіп – экономикалық қауіпсіздіктің төмендеуінен әкеледі. Ресей экономисті Н.Д. Елецкий көрсеткендей, мұнай-газ «инесінен» тәуелділік жағдайында және ішкі нарықты импорт есебінен дайын тауарлармен толықтыру шарттарында тұрақты экономикалық даму және экономикалық қауіпсіздіктің болашағы туралы айтуға болмайды. Экономикалық қауіпсіздік ахуалын бағалау кезінде ұлттық-мемлекеттік экономикалық жүйе қонақтайтын әлемдік экономика «баспалдағын» анықтау шешуші маңызға ие. Егер әлемдік «хай-тек» нарығындағы АҚШ үлесі 36 %, Германия – 16 %, Қытай – 6 % болса, онда Ресей үлесі – 0,6 %-дан көп емес, бұл қазіргі уақытта ғылыми-техникалық ілгерілеу бағытын анықтайтын мемлекеттерден біздің елдің тәуелділігін көрсетеді. Осы контекстте ол инновациялық кәсіпорындардың олардың жалпы санындағы үлесі және инновациялық өнімнің жалпы өнім көлеміндегі үлесі сияқты көрсеткіштерді де бағалауды ұсынады. Ресейде инновациялық кәсіпорындардың саны, түрлі бағалар бойынша, 9-11 % аралығында, Ұлыбританияда – 39 %, Францияда – 46 %, Германияда – 66 %, Ирландияда – 75 %, АҚШ пен Жапонияда – 70-80 % аралығында [57].

Әлеуметтік қауіпсіздік тұрғындардың қорғалу ахуалымен сипатталады, ол жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейінің болмауымен, тұлғаның деградацияланбауымен, әлеуметтік жанжалдардың болмауымен, қоғамдағы әлеуметтік шиеленістердің төмен деңгейімен, білім беру стандарттарының, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылымың қол жетімділігімен, тамақтану және өмір сүру сапасының жақсартумен сипатталады. Аймақтың осы саладағы экономикалық қауіпсіздігін сипаттайтын индикаторларға 3-кестеде көрсетілген көрсеткіштерді жатқызамыз.

Кесте 3 – Аймақтың әлеуметтік тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштер

Көрсеткіш атауы	Шекті мәні
Өмір сүру ұзақтығы, жыл	70
Децильді коэффициент, рет	7
Джини коэффициенті (ақшалай табыстарды тұрғындар арасында тең бөлістіруден нақты бөлістіруден ауытқу деңгейі)	0,3
Кедейшілік деңгейі,%	8
Ең төменгі және орташа еңбекақы көлемдерінің ара қатынасы,%	50
ХЕҰ әдістемесі бойынша жұмыссыздық деңгейі,%	10
Жұмысбастылық деңгейі,%	60
100 мың адамға шаққандағы қылмыстық деңгейі	6000
100 мың адамға шаққандағы суицид көлемі	20
Ескертпе - [42, 52, 58] негізінде автормен құрастырылған	

Аймақтың әлеуметтік әл-ауқатын сипаттайтын маңызды көрсеткіштерінің бірі өмір сүру ұзақтығы болып табылады. Көрсеткіш тұрғындардың денсаулық сақтау, қоршаған орта, ұлт генофоны жағынан өмір сүру деңгейін көрсетеді. Берілген көрсеткіштің шекті мәндерін анықтауда дамыған елдердің көрсеткіштеріне сүйену қажет. Шет елде орташа өмір сүру ұзақтығы 69-70 жасты құрайды, бұл шама ер азаматтар үшін де, әйел азаматтар үшін де бірдей. АҚШ пен Ұлыбританияда орташа өмір сүру ұзақтығы – 75 жас, Швецияда – 78 жас, Жапонияда – 79 жас. Орташа өмір сүру ұзақтығының шекті мәніне қол жеткізбеудің арты ел тұрғындарының өмір сүру қабілетінің төмендеуіне, әлеуметтік тұрақтылық деңгейінің төмендеуіне әкеледі.

Децильді коэффициент сияқты көрсеткіш аймақ тұрғындары табыстарының арасындағы айырмашылықты көрсетеді және анағұрлым ауқатты тұрғындардың 10 %-ының жан басына шаққандағы орташа табысының ең аз қамтылған тұрғындардың 10 %-ының жан басына шаққандағы орташа табысына қатысы ретінде анықталады. Әлемдік стандарттарға сәйкес, шартты бай және кедей тұрғындардың табыстарының алшақтығы 7 реттен артық болмауы тиіс. Децильдік көрсеткіш аймақ тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен ондағы жұмыссыздық деңгейімен тығыз байланыста.

Тұрғындар табыстарының шоғырлану коэффициенті (Джини коэффициенті) – макроэкономикалық көрсеткіш, ол табыстарды ел тұрғындары арасында тең бөлістіруден нақты бөлістірудің ауытқу деңгейін көрсететін, тұрғындардың ақшалай табыстарының әртараптануын сипаттайды. Бұл коэффициенттің көлемі 0-ден 1-ге дейінгі аралықта ауытқиды. Қоғамның табыстар деңгейі бойынша поляризациялану деңгейі анағұрлым биік болған сайын, соғұрлым бұл коэффициенттің шамасы 1-ге жақын келеді. Және,

керісінше, қоғамда табыстарды тең бөлістіру болған кезде Джини коэффициенті 0-ге тең.

Ең төменгі және орташа еңбекақы көлемінің қатынасын көрсететін көрсеткіш Кейтц индексі болып табылады, ол еңбек ақыны реттеу деңгейін сипаттайды. Ереже бойынша, дамыған елдерде ең төменгі және орташа еңбекақы көлемінің қатынасы 40-50%-дан төмен түспейді. Ал Еуропа Кеңесінің әлеуметтік құқықтар бойынша комитеті Еуропалық әлеуметтік хартияның төртінші бабын талқылай отырып, салықтарды алып тастағандағы ең төменгі және орташа еңбекақы көлемінің қатынасы 60 %-дан кем болмауы тиіс деп ұйғарады. Тым болмағанда – 50 % рұқсат етіледі, егер осы 50 % өмір сүрудің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етсе [59].

Еуропалық ынтымақтастық 1984 ж. қабылдаған кедейшілік анықтамасы бойынша «ең төмен қалыпты өмір салтына қол жеткізуге ресурстары (материалдық, мәдени және әлеуметтік) шектелген тұлғалар, жанұялар және адамдар тобы кедейлер болып саналады [60]. Көптеген елдерде кедейшілік деңгейі ең төменгі күнкөріс бюджеті негізінде анықталады. Ең төменгі күнкөріс бюджеті еңбекке жарамды тұрғындарға әлеуметтік кепілдердің негізі бола отырып, физикалық белсенділік пен денсаулық бұзылмайтын шектердегі нормативтер деңгейінде жұмысшылардың ең маңызды ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыратын тауарлар мен қызметтердің жиынтығын көрсетеді. Кедейшілік шегінде өмір сүретін тұрғындардың үлес салмағы 8 %-ды құрайды. Берілген көрсеткіштің асып кетуі тұрғындардың люмпенизациясына әкеп соғады.

Жұмыссыздық деңгейі – жұмыссыздар санының экономикалық белсенді тұрғындардың жалпы санына қатынасы. Әрбір мемлекет үшін экономикалық өсу үшін зиянын тигізбейтін жұмыссыздық деңгейінің ресми мәліметтері бар. Халықаралық стандарттарға сәйкес, егер жұмыссыздық деңгейі еңбекке жарамды халықтың 20%-ына жетсе, онда бұл мемлекеттегі дағдарыстың бар екендігін білдіреді және төтенше жағдайлар енгізуді қажет етеді. Ең қолайлысы он проценттік көрсеткіш болып табылады.

Келесі көрсеткіш – тұрғындардың жұмысбастылығы деңгейі. Жұмысбастылық деңгейі тек жұмыссыздық деңгейімен ғана емес, сонымен бірге аймақ экономикасының ахуалымен де байланысты. Бұл жерде 60 % шекті мәнін қабылдауға болады.

Қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштер аясында аймақтың экономикалық қауіпсіздігі үшін жұмыс күшінің психикалық және физикалық денсаулығы үлкен маңызға ие. Адам капиталының сапасы аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттілігін және еңбек өнімділігін анықтайды. Оған қоса, адамның өмір сүру шарттары қиындауда. Заманауи өндіріс қарқындарының өсуі және шиеленісуі әсерінен жүйкелік-психикалық жүктемелер көбейеді. Осының барлығы күйзелістің және психоэмоционалдық стрестердің өсуіне әкеледі. Бұл стрестерді жою аймақтағы әлеуметтік саланың қаншалықты жақсы қызмет ететіндігіне байланысты болады. Сондықтан әлеуметтік саланың қызмет етуінің қауіпсіздік критерийлерінің бірі суицид

деңгейі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының берген бағасы бойынша өзіне өзі қол жұмсаудың шекті деңгейі 100 мың адамға шаққанда 20 суицид ретінде анықталады.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін анықтайтын келесі индикатор «қылмыстылық деңгейі» болып табылады, ол тұрғындардың 100 мыңына шаққанда саналады. Дүниежүзілік тәжірибеде 100 мың тұрғынға шаққанда 6 мың қылмыс шекті мән болып саналады.

Экологиялық тұрақтылық, экономикалық қауіпсіздіктің анағұрлым маңызды блогы болып санала тұра, тек республика аумағындағы экологиялық нақты ахуалды ғана емес, сондай ақ барлық салалар мен экономикалық қызметтің құрамдастарымен органикалық тығыз байланыста болады. Мәселен, еліміздің тұрақты даму стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі табиғи ресурстарды рационалды қолдануадамның өмір сүруінің салауатты ортасын қалыптастыру, оның мәдени және рухани жетілуіне жағдайлар жасау болып табылады.

Осыған сәйкес, аймақтың экономикалық қауіпсіздігі және тұрақты дамуы келесі көрсеткіштерді қамтуы тиіс: аймақ бюджетіне экологиялық төлемдер есебінен түсетін түсімдер, аймақ бюджетіндегі қоршаған ортаны қорғауға кеткен шығындардың үлесі, қоршаған ортаға ластанған заттардың көлемі, утилизацияланған ластаушы заттардың көлемі, стационарды көздерден тасталған ластанған заттар, сұйық және газ сияқты ластанған заттар, қатты ластанған заттар, стационарлы көздерден адам басына шаққанда атмосфераға тастаған ластанған заттар (кесте 4).

Аймақтың экологиялық тұрақтылығын сипаттайтын көптеген көрсеткіштер бойынша шекті мәндер ретінде талдау процесінде орташа мемлекеттік мәналу қажет.

Келтірілген көрсеткіштерді қолдану қауіпсіздіктің қоғамдық өмірдің әр түрлі экономикалық, әлеуметтік, экологиялық саласындағы негізгі түрлерінің ахуалын бағалауда маңызды мәнге ие. Бұл көрсеткіштер қауіпсіздік деңгейлерінің шекті мәндерін бекітуге мүмкіндік береді, демек, бір немесе басқа міндетті шешуде тәуекел деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Келтірілген көрсеткіштерге және олардың экономикалық қауіпсіздіктің шекті мәндерінен ауытқу шамаларына сәйкес, аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйін төмендегідей сипаттауға болады:

- қалыпты ахуал, бұл кезде аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің индикаторлары шекті мәндер шегінде болады;
- дағдарыс алды ахуал, бұл кезде аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің ең болмағанда бір индикаторының шекті мәні асып түседі;
- дағдарыстық ахуал, бұл кезде аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің негізгі индикаторларының көбісінің шекті мәндері асып кетеді;
- критикалық ахуал, бұл кезде негізгі де, екінші деңгейлі де индикаторлардың шекті мәндері асып кетеді.

Кесте 4 – Аймақтың экологиялық тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштер

Көрсеткіш атауы	Шекті мәні
Аймақ бюджетіне экологиялық төлемдер есебінен түсетін түсімдер, ЖАӨ-ге%-пен	5
Экологиялық жоғалтулар, ЖАӨ-ге%-пен	5
Аймақ бюджетіндегі қоршаған ортаны қорғауға шығындардың үлесі, ЖАӨ-ге%-пен	5
Қоршаған ортаға ластанған заттардың көлемі	Орташа мемлекеттік шама
Утилизацияланған ластаушы заттардың көлемі, мың тонна	Орташа мемлекеттік шама
Стационарды көздерден тасталған ластанған заттардың көлемі, мың тонна	Орташа мемлекеттік шама
Сұйық және газ сияқты ластанған заттар көлемі, мың тонна	Орташа мемлекеттік шама
Қатты ластанған заттар көлемі, мың тонна	Орташа мемлекеттік шама
Стационарлы көздерден адам басына шаққанда атмосфераға тастаған ластанған заттар	Орташа мемлекеттік шама
Ескертпе - [42, 61] негізінде автормен құрастырылған	

Осылайша, бірінші бөлімді қорытындылай келе, келесі қорытынды жасауға болады. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қарастыру кезіндегі алдыңғы кезекті мәселелердің бірі экономикадағы дағдарыстық құбылыстарды дер кезінде және объективті көрсететін көрсеткіштер жүйесін әзірлеу болып табылады. Диссертациялық зерттеуде аймақтың тұрақты даму қатысынан алғандағы оның экономикалық қауіпсіздігін бағалау және мониторингі көрсеткіштерінің кешендік жүйесі ұсынылған. Оған қоса, айта кету керек, қауіпсіздік параметрлерінің жүйесі аймақ ерекшеліктерін есепке ала отырып түзетуге болады. Нақты аймақ үшін көрсеткіштер жүйесін ары қарай жетілдіру кезінде барлық көрсеткіштерді екі топқа бөлген абзал: экономикалық қауіпсіздік деңгейін бағалауға негізделген көрсеткіш-критерийлер және жалпы жағдайды толықтыратын талдамалық-ақпараттық көрсеткіштер. Сонымен бірге есептелінбейтін көрсеткіштерді немесе қауіпсіздіктің шекті мәндерін анықтау мүмкін емес көрсеткіштерді алып тастаған дұрыс. Көрсеткіштердің шекті мәндері тек экономиканың даму кезеңдерінің ерекшеліктерін еспеке алумен ғана анықталуы мүмкін, ал бұл көрсеткіштердің шекті мәндерін нұсқалық бағалаудың қажет екендігін дәлелдейді.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

2.1 Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық эртараптануын талдау

Қазақстан, орасан зор аумақта орналаса отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың аймақтық ерекшеліктерге ие, олар шаруашылық байланыстарға, тауарлардың, капиталдың, жұмыс күшінің ағымының шарттарына және жалпы мемлекеттің экономикалық әлеуетіне едәуір ықпал етуге қабілетті. Аймақтардың бірінің екіншісінен артта қалушылығы өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, шаруашылық қызметтің аз қарқындылығына, өнеркәсіптің аз диверсификацияланған салалық құрылымына, ғылыми-техникалық әлеуеттің төмендеуіне, әлеуметтік саланың дамымауына әкеледі. Берілген қатерлер мемлекетке экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша күрделі қиындықтар туғызады.

Қазақстан аймақтары экономикасын келесідегідей сыныптауға болады [62]:

1. Атырау, Маңғыстау, Батыс - Қазақстан, Ақтөбе және Қызылорда облыстарын мұнай-газ облыстары деп анықтауға болады. Олардың айрықша қасиеттері: инвестициялардың анағұрлым жоғарғы деңгейі (елге салынған барлық капитал салымдарының 50 %-дан астамы), монобағытты экономика, әлсіз дамыған ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу секторлары. Басқа сипатты сәттерге облыстар ішіндегі стагнациялық периферияларды, кедейшілік пен жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейін атауға болады.

2. Өнеркәсіптік облыстар анағұрлым кең кеңістікті қамтиды, ол шығыстан орталыққа қарай тарылады. Бұл Павлодар, Шығыс-Қазақстан және Қарағанды облыстары. Берілген облыстар үшін қара және түсті металлургияның ірі ресурстары, болашағы бар қайта өңдеу секторы, эртараптандырылған өндіріс, анағұрлым дамыған перифериялар тән. Статистикаға сәйкес, өнеркәсіптік облыстарда ел тұрғындарының 23,3 %-ы өмір сүреді.

3. Солтүстіктегі Қостанай облысын және оңтүстіктегі Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарын аграрлы-индустриалдық облыстар деп атауға болады. Аталған үш облыс та ауыл шаруашылығына анағұрлым нақты маманданған, бірақ өнеркәсіптік әлеуетті дамыту үшін ресурстары да бар. Сонымен бірге бұл облыстар тартымды табиғи ресурстарға бай. Оңтүстік аграрлы-индустриалды облыстарда жер суармалы, ал солтүстікте – қолдан суарылады. Аймақта республика тұрғындарының 27,4 %-ы тұрады.

4. Ауылшаруашылығы облыстары екі массивке бөлінген. Оларға оңтүстік-шығыстағы Алматы облысы және солтүстіктегі Солтүстік-Қазақстан және Ақмола облыстары жатады. Олардың ауылшаруашығындағы мамандануы ортақ, бірақ өсу серпіні әр түрлі. Әлсіз өндірістік кешен. Ауылшаруашылық облысына ресми түрде қазақстандықтардың 20 %-ы қарайды.

5. Республикалық маңызы бар Алматы және Астана қалалары – бұл тұтыну

орталықтары. Олардың ерекшелігі тұрғындар табыстарының жоғары деңгейінің болуында және қызмет саласының дамығандығында. Олардың сауда айналымы жалпы республикалық айналымның жартысын дерлік құрайды.

Қазақстан аймақтарын сыныптау аймақтардың дамуындағы ағымдағы жалпы ұқсастықтарға негізделеді және бес топты бөледі: мұнай-газ, өнеркәсіптік, аграрлы-индустриалдық, ауылшаруашылық, тұтыну орталықтары. Мұнай алпауыты Атырау облысын, Алматы мегаполисін және елорда Астана қаласын есепке алмағанда, Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік қалыптасқан жағдай қанағаттанарлық емес және қазақстандық экономиканың мұнай-газ секторы мен қызмет көрсету секторына бұрмалануын көрсетеді. Қазақстан аймақтарының экономикалық даму деңгейінің әртараптануын 5-кестеден көруге болады.

Кесте 5 – Қазақстан аймақтарын жан басына шаққандағы ЖАӨ бойынша топтастыру

Жан басына шаққандағы ЖАӨ, орташа қазақстандық шамасынан,%	Облыстар	Аймақтың ЖАӨ-нің жалпы республикалық шамасының ішіндегі үлесі,%
100 %-дан астам	Атырау, Маңғыстау, Батыс-Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстары, Алматы қаласы, Астана қаласы	68,6
100 %	Қызылорда	3,8
50 %-дан астам	Қостанай, Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Шығыс-Қазақстан	15,3
50 %-дан кем	Алматы облысы, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы	12,3
Ескертпе - [63] негізінде автормен құрастырылған		

Жоғарыдағы кесте көрсеткіштері аймақтық экономикалық дамудың біркелкі еместігін сипаттайды. Егер Атырау, Маңғыстау, Батыс-Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстары, Алматы және Астана қалаларындағы жан басына шаққандағы ЖАӨ көлемі орташа республикалық деңгейден 1,5 есе көп болса, онда Қостанай, Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Шығыс-Қазақстан облыстарында орташа республикалық деңгейден екі есе аз. Берілген ахуалдың ушығуына дүниежүзілік экономикалық дағдарыс себепші болды, ол шаруашылықтың барлық салаларына әсерін тигізіп, аймақтың даму басымдылықтарын, қызмет ету ерекшеліктерін өзгертті.

Жалпы аймақтық өнімнің негізгі үлесі жетекші аймақтарға шоғырланған: Атырау, Маңғыстау, Батыс-Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстарында, Алматы және Астана қалаларында шоғырланған және 68,6 %-

кұрайды.

2007-2012 жж. аралығында жалпы аймақтық өнім үлесінің анағұрлым төмен деңгейі Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда және Солтүстік-Қазақстан облыстарына байқалады (кесте 6). Көрсетілген жылдар ішінде аталған облыстардың ешқайсысында жалпы аймақтық өнімнің 4,5 % деңгейіне де жетпеген.

Кесте 6 – Қазақстан аймақтарының 2007-2012 жж. аралығындағы жалпы аймақтық өнімдегі үлесі, %

Аймақ	2007ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011ж.	2012 ж.
Жалпы аймақтық өнім	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
Ақмола	3,1	3,0	3,2	2,7	2,9	2,7
Ақтөбе	5,3	5,4	5,0	5,4	5,4	5,1
Алматы	4,3	4,2	4,5	4,6	4,5	4,8
Атырау	9,6	11,2	10,9	13,0	12,5	10,3
Батыс-Қазақстан	4,8	5,1	4,6	4,8	4,8	5,7
Жамбыл	2,1	2,0	2,2	2,1	2,3	2,6
Қарағанды	8,9	9,1	9,1	8,6	8,7	8,5
Қостанай	4,4	4,4	4,3	3,9	4,1	3,7
Қызылорда	3,9	4,3	3,6	3,9	3,8	3,9
Маңғыстау	5,9	6,8	6,2	6,8	6,3	6,6
Оңтүстік-Қазақстан	4,8	4,6	5,5	5,5	5,5	5,6
Павлодар	4,6	5,4	5,2	4,7	5,5	4,9
Солтүстік-Қазақстан	2,5	2,5	2,7	2,2	2,4	2,2
Шығыс-Қазақстан	6,2	5,5	5,7	5,7	5,9	5,8
Астана қ.	8,8	8,1	8,1	8,1	7,6	9,0
Алматық	20,8	18,4	19,2	18,0	17,8	18,7
Ескертпе – әдебиет көзі [64]						

Аймақтың инвестициялық тартымдылығы мен инвестициялық белсенділігін, сонымен бірге экономикалық даму алғышарттарын жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі анықтайды. Берілген көрсеткіш бойынша 2007-2012 жж. аралығындағы кезеңде жетекші аймақтар Атырау, Маңғыстау облыстары және Астана қаласы болып табылады (кесте 7). Аймақтардың бұл тобы елдің басқа аймақтарымен салыстырғанда инвестициялық тартымдылығын сақтауда.

Қарастырылып отырған кезеңдегі аймақаралық әртараптануының серпіні көрсеткендей, жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар деңгейінің ең үлкен және ең кіші мәндерінің қатынасы алдындағы әлсіз аймақтарға инвестициялар көлемін ұлғайту арқылы қысқарады.

Кесте 7 – Жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, мың тенге

Аймақ	2007ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011ж.	2012 ж.
Қазақстан Республикасы	219	269	288	290,3	302,6	325,9
Ақмола	138	191	202	153,6	167,7	196,4
Ақтөбе	322	406	437	468,6	493,8	547,3
Алматы	87	143	187	175,0	197,2	199,1
Атырау	1574	1666	2156	2157,2	2003,6	1883,0
Батыс-Қазақстан	303	366	394	392,8	279,2	267,7
Жамбыл	30	121	215	134,9	101,4	143,4
Қарағанды	113	156	159	169,9	186,7	238,0
Қостанай	107	122	138	153,8	171,2	186,1
Қызылорда	164	271	250	359,1	314,1	355,6
Маңғыстау	630	920	722	706,3	690,9	711,9
Оңтүстік-Қазақстан	55	86	133	102,3	105,3	120,1
Павлодар	174	199	221	255,8	278,2	352,3
Солтүстік-Қазақстан	57	63	77	90,6	117,6	168,5
Шығыс-Қазақстан	89	114	98	108,0	173,1	190,9
Астана қ.	721	732	557	559,6	794,7	811,9
Алматы қ.	377	361	276	283,8	290,2	313,3
Ең үлкен және ең кіші мәндердің қатынасы	52	26	28	24	20	15
Ескертпе - әдебиет көзі [64]						

Жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін талдау көрсеткендей, Астана қаласында, сондай ақ Атырау, Маңғыстау облыстарында бұл көрсеткіш жалпы республикалық көрсеткішті 2-7 есе асады. Жамбыл, Оңтүстік-Қазақстан, Алматы, Ақмола, Қостанай облыстары сияқты аймақтарда берілген көрсеткіш жалпы республикалық деңгейден төмен.

Осылайша, Қазақстан аймақтары бойынша инвестициялардың біркелкі емес бөлістірілуін атауға болады, бұл аймақтардың әртараптану мәселесін қиындатуы ықтимал, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шаруашылықтың аймақтық құрылуының өзгерісіне, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі аймақаралық теңсіздіктің пайда болуына және мәселелі және депрессивті аймақтар санының ұлғаюына әкеледі.

Тұрғындардың өмір сүруінің аймақтар бойынша әр түрлілігі аймақтағы тұрғындардың өмір сүру деңгейінің біркелкі еместігін және поляризациясын сипаттайды. Аймақтық әлеуметтік ерекшеліктерді адам әлеуетінің даму индексі (АӘДИ) арқылы бағалауға болады, ол БҰҰ-ның Даму бағдарламасымен әзірленген. Бұл интегралды көрсеткіш үш құрамдастан тұрады: табыстан (жан басына шаққандағы жалпы аймақтың өнімнен), өмір сүру ұзақтығынан (туылғанда күтілетін өмір сүру ұзақтығынан) және білім деңгейінен тұрады,

соңғы құрамдас ересектердің білімділігімен және балалар мен жастардың біліммен қамтылуын сипаттайды.

АӘДИ бойынша аймақтық ерекшеліктер едәуір, мәселен, 0,745 жоғары индексі тек төрт аймаққа ғана сәйкес келеді: Астана, Алматы қалаларына, Атырау және Маңғыстау облыстарына. Басқа аймақтарды АӘДИ төменірек. Жеке алғанда, Ақтөбе облысының индексі 0,551-ге тең және Үндістанның АӘДИ-не сәйкес келеді. Шығыс-Қазақстан облысының индексі 0,399 бұл Ауғанстанның индексіне сай келеді (кесте 8). Салыстыру үшін кестеде Қазақстан облыстарының АӘДИ-мен салыстыруға болатын елдер көрсетілген.

Кесте 8 – Қазақстан аймақтары бойынша АӘДИ, 2012 ж.

Аймақ	Адам дамуының индексі	БҰҰ тізіміндегі орны	Мемлекет	БҰҰ сыныптамасы бойынша АӘДИ
Астана қ.	0,820	37	Катар	0,831
Атырау	0,769	57	Мексика	0,770
Алматы қ.	0,721	83	Эквадор	0,720
Маңғыстау	0,653	110	Монғолия	0,653
Ақтөбе	0,551	134	Үндістан	0,547
Батыс-Қазақстан	0,525	138	Лаос	0,524
Оңтүстік-Қазақстан	0,491	147	Шығыс Тимор	0,495
Қызылорда	0,487	148	Ангола	0,486
Алматы	0,480	151	Мадагаскар	0,480
Павлодар	0,476	153	Папуа — Жаңа Гвинея	0,466
Қостанай	0,432	163	Коморлар	0,433
Жамбыл	0,423	168	Гамбия	0,420
Қарағанды	0,413	169	Судан	0,408
Шығыс-Қазақстан	0,399	172	Ауғанстан	0,398
Ақмола	0,359	175	Мали	0,359
Батыс-Қазақстан	0,356	176	Гвинея-Бисау	0,353
Ескертпе - әдебиет көзі [65]				

Тұрғындардың 40 %-дан астамы тұратын, АӘДИ-і төмен аймақтар адам ресурстарын миграциялық алмастыруға беруі мүмкін, бірақ олардың қарқыны олардың аймақтық орталықтарының өміршеңдігіне тәуелді болады, бұл өзінің ішкі перифериясының адам ресурстарын тарту және өз тұрғылықты халқын сақтап қалу үшін жасалады. Мұның барлығы егер оған тиімді әлеуметтік саясат қарсы тұра алмайтын болса, онда объективті факторлар әсерінен аймақтар тұрғындарының сапасы анағұрлым терең ерекшелетіндігін білдіреді.

Экономикалық өсу және саяси тұрақтандыру кезеңі 2000 жылдардың ортасынан бастап, мұнайдың жоғары бағасының арқасында мемлекеттің ресурстары мен мүмкіндіктерін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Алайда республикада аймақтық әлеуметтік ерекшеліктерді жұмсарту мүмкін болмады, 2008 жылға жалпы жұмыссыздық көлемінің төмендеуіне кезінде аймақтық ерекшеліктер күшейе түсті.

Экономикалық өсудің алғашқы жылдары еңбек нарығындағы оңтайлы өзгерістерге толы болды, бірақ анағұрлым мәселелі аймақтарда жағдай экономикалық дамыған аймақтармен салыстырғанда баяуырақ жақсарды. Бұл тек Қазақстанға ғана тән емес, және экономикалық өсу кезеңіне ғана тән емес. Экономикалық жағдай нашарлаған кезде дамыған аймақтарда жұмыссыздық анағұрлым тезірек өседі, ал әлсіз дамыған аймақтарда керісінше, жайырақ өседі. Осылайша, аймақтық теңгерімсіздік қысқара түседі. Экономикалық ахуал жақсарған сайын күшті аймақтар жұмыссыздықты бірінші болып тез қысқартады, сондықтан аймақтық ерекшеліктер өсе түседі. Мысал ретінде Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда облыстарын алуға болады, мұнда соңғы бес жыл ішінде жұмыссыздық 15 %-дан астам деңгейге дейін қысқарды, бұл орташа республикалық деңгейден екі есе көп (кесте 9).

Алайда Қазақстан үшін жұмыссыздық деңгейіндегі аймақтық ерекшеліктердің тұрақты өсуін экономиканың циклдылығымен ғана түсіндіру мүмкін емес. Себептердің бірі демографиялық факторлардың әсері болып табылады. Аймақтардың көбісінің жұмыссыздықтың төмен деңгейіне өтуі тек экономикалық өсу мен жаңа жұмыс орындарын қалыптастырумен ғана емес, сондай ақ еңбек нарығына келетін жастардың азаюы мен көптеген жұмысшылардың зейнетақыға шығуымен байланысты. Жұмыссыздықты төмендетудің төмен деңгейі байқалатын, артта қалған, ауыл шаруашылық аймақтардағы жағдай өзгеше – тұрғындар санының қарқынды табиғи өсімі кезінде жастардың еңбек нарығына келуі көбейеді, ал экономикада заңда жұмыс орындары инвестициялар үшін көптеген институционалдық және т.б. бөгеттердің болуы себебінен аз ашылады.

Анағұрлым аз дамыған аймақтардың тұрғындарының мобильділігі жағдайды жұмсартады. Еңбек мигранттарының негізгі ағымы ірі агломерацияларға және жетекші мұнай-газ аймақтарына (Астана және Алматы қалалары, Атырау, Маңғыстау облыстары) кетеді. Олардың табыстары анағұрлым жоғары болады, жұмысбастылық қалалардағы қызмет көрсету саласында шоғырланады және ресми емес сипатта болады. Дамыған жанұяаралық трансферттер арқасында оңтүстік аймақтар тұрғындарының еңбек миграциясы аймақтарда қалатын жанұялардың табыстарын көтеруге мүмкіндік береді. Алайда мемлекет аймақтық еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты теңгерімдеудің бұл тетігін ешқалай қолдамайды, керісінше, әлсіз дамыған аймақтан келген еңбек мигранттарын қабылдаушы аймақ билігінің қарсы әрекеттері мен жергілікті қоғамның оларға көңілдерінің толмауы туралы айтуға болады.

Кесте 9 – Қазақстан аймақтары бойынша 2007-2012 жж. жұмыссыздық деңгейі,%

Аймақ	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011ж.	2012 ж.
Қазақстан Республикасы	7,3	6,6	6,6	5,8	5,4	5,3
Ақмола	8,0	7,1	6,9	5,8	5,5	5,3
Ақтөбе	7,4	6,4	6,0	5,3	4,9	5,0
Алматы	6,7	6,4	6,5	5,6	5,1	5,0
Атырау	7,4	6,3	6,1	5,4	5,0	5,0
Батыс-Қазақстан	7,8	7,1	6,3	5,6	5,3	5,1
Жамбыл	7,7	6,5	6,5	5,7	5,5	5,4
Қарағанды	6,7	6,2	6,1	5,5	5,3	5,1
Қостанай	7,5	6,9	6,3	5,7	5,4	5,2
Қызылорда	8,2	6,9	6,6	5,9	5,5	5,3
Маңғыстау	8,5	6,9	7,1	6,4	5,8	5,7
Оңтүстік-Қазақстан	6,9	6,6	6,6	5,9	5,7	5,6
Павлодар	6,9	6,4	6,4	5,6	5,2	4,9
Солтүстік-Қазақстан	6,9	6,3	6,3	5,8	5,4	5,2
Шығыс-Қазақстан	6,6	6,4	6,4	5,7	5,2	5,1
Астана қ.	7,6	6,6	6,6	6,2	5,8	5,7
Алматық.	7,8	7,4	7,7	6,3	5,6	5,6
Ескертпе - әдебиет көзі [64]						

Тұрғындардың өмір сүру деңгейі бойынша теңсіздігінің анағұрлым сезімтал көрсеткіші табыс болып саналады. Бір жұмысшының 2007-2012 жж. Аралығындағы орташа айлық номиналдық еңбекақысы көлемі бойынша жетекшілер Атырау, Маңғыстау облыстары және Алматы мен Астана қалалары болып табылады. Ең кіші орташа еңбекақыны Жамбыл және Солтүстік-Қазақстан облыстарының тұрғындары алған (кесте 10).

Ең үлкен және ең кіші мәндердің қатынасының 2007-2012жж. Аралығындағы серпіні көрсеткендей, жалпы алғанда бір жұмысшының орташа айлық номиналдық еңбекақысы деңгейі бойынша аймақтық ерекшеліктер қысқару құбылысына ие, бірақ онша көп емес.

Бұл мемлекет пен бизнес саясаты мен нәтижесі болып табылады, бұл жерде олардың саясаттары әр түрлі. Мемлекет артта қалушы аймақтардағы жұмысбасты азаматтардың тобын құрайтын мемлекеттік қызметкерлерге бірнеше рет еңбекақы көлемін жоғарылатты. Дәл осы уақытта бизнестің шығындарды қысқарту бойынша саясаты жұмысбастылықтың қысқаруына және қолданыстағы жоғарғы еңбекақы көлемінің баяу өсуіне әкелді. Ресурстар өндірумен айналысатын аймақтарда шикізат салаларында қызмет ететін жұмысшылардың еңбекақыларының серпіні орташа аймақтық көрсеткіштерге қатты әсер етеді, өйткені мұнайшылардың, газшылардың және металлургтердің айлықтары жеткілікті жоғары. Осының нәтижесінде осындай аймақтарда еңбекақы көлемі анағұрлым баяуырақ өседі.

Кесте 10 – Жұмысшының орташа айлық номиналдық еңбекақысы, мың теңге

Аймақ	2007ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011ж.	2012 ж.
Қазақстан Республикасы	52479	60805	67333	77611	90028	101263
Ақмола	36540	41944	47794	54557	64495	74685
Ақтөбе	50271	56090	60375	69726	79878	90241
Алматы	39483	44327	49715	58430	67638	77320
Атырау	94373	111023	129009	148310	165975	180406
Батыс-Қазақстан	50242	59362	69455	80101	87503	90728
Жамбыл	33996	37546	43951	51340	61825	72296
Қарағанды	44236	53472	57611	66539	77940	92382
Қостанай	37584	43903	49130	57268	67252	76647
Қызылорда	46859	53333	60227	69753	81518	93361
Маңғыстау	82055	98743	112907	133148	151041	157358
Оңтүстік-Қазақстан	36707	41679	48610	57545	67721	75467
Павлодар	46297	52227	56113	64955	75338	85844
Солтүстік-Қазақстан	34522	39790	45755	51689	61712	68921
Шығыс-Қазақстан	42137	48293	53496	61388	73677	84872
Астана қ.	79210	89631	98864	110838	132612	148287
Алматы қ.	78021	90239	95139	106597	121674	134378
Ең үлкен және ең кіші мәндердің қатынасы	2,8	3,0	2,9	2,6	2,4	2,3
Ескертпе - әдебиет көзі [64]						

Тұрғындардың жан басына шаққандағы табыстарының реси еңбеақы көлемімен салыстырғандағы едәуір теңсіздігі себептерінің бірі демографиялық фактормен байланысты. Кедей аймақтарда жұмысбастыларға асырайтын адамдарының болуы себебінен жүктеме көбірек түседі, сондықтан жан басына шаққандағы табыс көлемі азаяды. Демографиядан басқа тағы бір себебі мемлекеттің қайта бөлістіру саясатында жатыр. Ол тұрғындар табыстарының әркелкілігін әлеуметтік трансферттер (төлемдер) арқылы жұмсартуы тиіс. Алайда, олардың теңгерімділік векторы шамалы. Әлеуметтік төлемдер жағрафиясында анағұрлым көп үлесті зейнетақы алады. Төмен дамыған аймақтарда реципиенттердің көп бөлігін балалар жәрдемақысын алатын тұрғындар құрайды, кедейлерге жәрдем көрсетудің басқа арнайы бағдарламалары әлсіз дамыған. Артта қалушы аймақтар тұрғындарының табыстарын көтеру және аймақаралық теңсіздікті жоюдың анағұрлым тиімді тетігі бюджеттік саладағы еңбекақы көлемінің өсуі болып отыр.

Соғы бес жыл ішінде көптеген аймақтарда кедейшілік деңгейі екі есе төмендеген, бірақ екі зонада кедейшіліктің шоғырлану құбылысы сақталуда: өмір сүру қымбат және табыстар арасындағы айырмашылық қатты байқалатындамыған елдердегі тұрғындардың әлсіз топтарында, және онша дамымаған аймақтарда.

Жаппай кедейшілік мәселесі өтпелі кезеңнің ең өткір мәселелерінің бірі болды, 1990 жылдардың соңында кедейлердің үлесі ел тұрғындарының 30 %-ын құраған болатын. Әлеуметтік әлсіз топтардың (көп балалы және толық емес жанұялар, мүгедектер, жұмыссыздар) дәстүрлі кедейшілігінен басқа, республикада кедейшіліктің жаңа түрі байқалады – әке-шешелері жұмыс істейтін, бірақ еңбекақыларының көлемі жанұяға ең төменгі күнкөріс көзін қамтамасыз ете алмайтын толық жанұялардың кедейлігі.

Одан басқа, кедейшілік мәселелеріне мұнай-газ аймақтары да соқтығысты. Оның деңгейінің 2004 жылмен салыстырғанда екі еседен артық қысқарғандығына қарамастан, ол басқа сипатқа ие болуда. Кедейитоптардың арасында өте төмен адам ресурстары (денсаулық, білім, мобильділік) бар тұрғындар көбейіп келеді. Тұрғындардың мұндай топтарын кедейшілік күйден шығару қиынға соғады және қымбатқа түседі, сондықтан кедейшілік деңгейінің қысқару қарқыны төмендейді.

Елдің Батысының ресурс өндіруші аймақтарында табыстардың түрленуінен басқа, кедейшіліктің тағы бір факторы – өмір сүру қымбаттылығы (Атырау, Маңғыстау облыстары) болып отыр, ол зейнеткерлер мен балалары бар жанұялар үшін ерекше қиындықтар тудырады. Ауылшаруашылығы аймақтарында, әсіресе республиканың оңтүстігінде табыстардың әртараптануы азырақ, ал өмір сүрудің қымбат еместігі олардың табыстарының төмен болуына қарамастан, кедейшілікті төмендетуге себепші болады.

Кеңістіктік теңгерімсіздікті қысқарту үшін артта қалушы аймақтардағы тұрғындар табыстарын анағұрлым тез өсіру керек. Оны негізінен екі тетік қамтамасыз ете алады – бюджеттік саладағы еңбекақы көлемін едәуір көтеру және әлеуметтік трансферттерді өсіру. Статистикаға жүгінсек, қазақстанда анағұрлым мәселелі аймақтарды жүйелік республикалық қолдау жүргізілмейді, әйтпесе ол тұрғындар табыстарының өсуінде көрінетін еді. Мойындауға тура келеді, қолдау үшін басым бағытты аймақтарды анықтау тек аймақтық теңсіздікті шешу міндетімен ғана емес, сонымен бірге басқа да критерийлермен түсіндіріледі.

Аймақ тұрғындарының табыстарының өсуі және кедейшілік деңгейін төмендету факторлары алуан түрлі және олардың тізімін жүйелеуге болады:

- экономикалық фактор: тұрғындар табыстарының табиғи артықшылықтары мен төмен табыс базасымен қарқындап өсуі;
- республикалық орталықтың қайта бөлістіруші әлеуметтік саясаты: әлсіз дамыған аймақтардың көбісінің табыстарының қуып жетіп өсуі;
- саяси фактор: кейбір аймақтарды ерекше қолдау, бұл олардың тұрғындары табыстарын өсіруден де көрінеді;
- институционалды фактор: бизнеспен ерекше қарым-қатынас, бұл аймақ табыстарын көбейте түседі.

Бірінші екі фактор жетеуші рольді ойнайды, бірақ екіншісі кеңістіктің ерекшеліктерді жұмсартады. Саяси фактор бір бағытта ғана ықпал етпейді, өйткені республикалық орталықтың қаржылай көмегі тек «әлсіздерді» тартумен

ғана сипатталмайды. Тұрғындар табыстарының серпініне әсер ететін факторлардың көпқырлылығы және көп бағыттылығы аймақтық теңсіздіктің қысқаруы немесе өсуінің нақты тенденциясын көрсете алмайды.

Өндірістік процестің және аймақтық мүдделердің тұрақтандыру негіздерінің бұзылуы шағын қалалардың ахуалының нашарлауына әкелді, бұл қалалар облыстың өндірістік күштерін орналастырудың бірегей аумақтық жүйесінің маңызды құрамдас бөліктері болып табылады. Қазіргі жағдайдың ерекшелігі келесіде: шағын қалалар өндірістік-ресурстық әлеуеті, оның болашағы бойынша ахуалына әсер ете алмайды, яғни, жұмысбастылық, тұрғындар табыстары, әлеуметтік қызметтер, экология облыстарындағы қолайсыз құбылыстарды жоя алмайды, дағдарыстық ахуалдан өздері шыға алмайды, өзінің ішкі ресурстары есебінен өмір сүре және дами алмайды.

Олар мемлекет, биліктің облыстық және аудандық органдары көмегіне мұқтаж, тіпті халықаралық ұйымдардың да көмегін қажет етеді. Олардың дағдарыстың ахуалының соншалықты өсуі осы күні бұл мәселенің тек облыстық қана емес, сонымен бірге жалпыұлттық деңгейдегі маңызы бар өзекті міндеттердің біріне айналды.

Мәселен, Қызылорда облысында оларға аудан орталықтары – Арал және Қазалы жатады. Олар моноқұрылымды өндіріспен, еңбек нарығының және нарық инфрақұрылымының нашар дамуымен сипатталады. Арал қаласында 36,1 мың адам немесе аудан тұрғындарының 48 %-ы мекендейді. Алдын ала есептемелер бойынша, Аралда жұмыспен қамтылмаған тұрғындар саны 10 мыңнан асады. Қала бойынша жұмыссыз тұрғындардың талдауы көрсеткендей, 9,6 мың адамның немесе барлық жұмыссыздардың 89 %-ның кәсіптері жоқ. Оның мобильді бөлігін 18 бен 29 жас аралығындағы жастар құрайды. Жыл сайын 2,5 мың жас азаматтар оқу орындарын және жалпы білім беретін мектептерді бітіреді, олардың 41 %-ы еңбек нарығына барады, онда олар еш бәсекеге қабілетті болмайды. Бір жыл ішінде орта есеппен алғанда жұмысбастылық орталығында 8,3 мың адам жұмыссыз ретінде тіркеледі [66].

Жұмысқа тұру мүмкіндіктерінің болмауы тұрғындардың әл-ауқатының төмендеуінің және республиканың басқа аймақтарына, алыс және жақын шет елдерге миграцияның басты себебі болып табылады. Мәселен, Қазақстан Республикасы тұрғындарының миграциясының 2007-2012 жж. оң сальдосы тек Алматы және Маңғыстау облыстарында, Астана және Алматы қалаларында ғана бар (кесте 11). Қалған аймақтар теріс сальдоға ие. Қалалар мен ауылдар арасындағы айырмашылық болашақта ұлғаюы мүмкін. Бұл ең алғашқы кезекте, қаржы ресурстарының шоғырлану орталықтары – Алматы және Астана қалаларына мигранттардың үлкен ағымдары кететіндігімен байланысты.

Көптеген адамдар басқа аймақтардан Алматы қаласына көшіп алған, аталған қала тұрғындарының саны екі миллионға жетіп қалды. Астана қаласында да бір миллионға жуық тұрғындар тұрады.

Кесте 11 – Қазақстан Республикасы тұрғындарының миграциясының 2007-2012 жж. сальдосы

Аймақ	2007ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011ж.	2012 ж.
Қазақстан Республикасы	10 962	1 300	7 502	15465	5102	-1428
Ақмола	-2 843	-8 886	-8 089	-5591	-5726	-3430
Ақтөбе	459	-1 218	-3 704	2701	-3170	-2765
Алматы	4 188	137	3 559	6211	4936	6391
Атырау	1 642	1 653	1 586	188	-502	525
Батыс-Қазақстан	-1 012	-1 818	-255	-1488	-1730	-1352
Жамбыл	-7 020	-7 016	-6 179	-8435	-11153	-6391
Қарағанды	-1 103	-1 305	-2 505	-2374	-3206	-4137
Қостанай	-5 573	-5 753	-5 202	-4042	-4152	-2387
Қызылорда	-4 488	-3 511	-2 919	-3742	-2990	-1662
Маңғыстау	7 510	7 832	9 071	9027	8354	7861
Оңтүстік-Қазақстан	-2 913	-8 885	-9 845	-6972	-9859	-7485
Павлодар	-959	-1 958	-2 535	-2229	-3790	-2757
Солтүстік-Қазақстан	-6 159	-6 077	-5 678	-4066	-6220	-4902
Шығыс-Қазақстан	-9 998	-5 326	-6 130	-6456	-9305	-8130
Астана қ.	19 315	24 880	31 879	33846	31135	19317
Алматы қ.	19 916	18 551	14 448	8847	22480	9876
Ескертпе - әдебиет көзі [64]						

Осылайша, қорытындылай келе, Қазақстанның дамуына тән сипат аймақтардың экономикалық дамуы мен олардың тұрғындарының өмір сүру сапасы деңгейлері арасындағы айырмашылық болып табылады. Бұл жерде әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері бойынша аймақтардың әртараптануы бір көрсеткіштер бойынша бірталай уақыт жоғары болып сақталады, дәл сол уақытта басқа көрсеткіштер бойынша әртараптануы ұлғая түседі.

Сараптама бағалауларына сәйкес, аймақтардың шектен тыс экономикалық теңсіздігі тек перифериялық аудандардың экономикалық тұрақсыздануына және жалпы аймақтық өнім көрсеткішінің өсуінің қысқаруына ғана емес, сондай ақ болашақта – елдің экономикалық өсу қарқындарының төмендеуіне әкеледі [67].

Сондықтан, аймақтардың тұрақты дамуы тұрғысынан алғандағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі олардың пропорциялық емес дамуындағы алшақтықты қысқарту болып табылады. Бірақ бұл шараны тек жетекші аймақтардың деңгейін төмендету есебінен ғана емес, сонымен бірге артта қалушы аймақтарды әлеуметтік-экономикалық көтеру негізінде іске асыру қажет. Берілген бағыттың артықшылығы аймақтардың өз күшіне – оның экономикалық әлеуетіне сүйемелденуі арқылы дамуында жатыр. Белгілі болғандай, аймақ ресурстарын пайдаланумен іске асырылатын жобалар

аймақтық әртараптану деңгейінің әлсіреуіне, өз күшімен дамуы есебінен рационалды және әділ аймақтық пропорциялардың қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, мемлекет талпыныстарының ақырғы мақсаты – депрессивті және әлсіз дамыған аймақтардың жаңа жұмыс орындарын ашу және қолданыстағыларын сақтап қалу, инфрақұрылымды дамыту, экономиканы әртараптандыру, жергілікті салық базасын кеңейту және т.б. арқылы тұрақты «өздігінен» дамытуға қол жеткізіледі. Мұның барлығы сонымен бірге аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өршіп келе жатқан өзекті мәселелерінің шешілуіне септігін тигізеді.

2.2 Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің қазіргі кездегі жай-күйі

Аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы және саяси-құқықтық беделінің біркелкілігінің жоғары деңгейімен сипатталатын елдер үшін экономикалық қауіпсіздік көбінесе жалпы мемлекеттік экономикалық қауіпсіздікпен анықталады, ал аймақтық экономикалық реттеу тетіктері мен құралдары, ереже бойынша, бір типті. Аймақтық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде алғашқы кезекті жоспарға ары қарай дамудың басым бағыттарын айқындау бойынша дұрыс стратегиялық шешімдерді қабылдау мәселелері шығады, бұл болашақта басқа аймақтармен салыстырғанда бәсекеде басымдыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мәселе барлық аймақтар үшін шешуші болып табылады, алайда ол едәуір ерекшелікке ие және көпқырлы айырмашылықтармен сипатталады. Ол аймақтардың даму деңгейлері арасындағы үлкен алшақтық пен олардың саяси-құқықтық беделіндегі ерекшеліктеріне байланысты. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық теңсіздігін талдау көрсеткендей, Қазақстан үшін аймақтық құрылымның экономикалық әркелкілігі ерекше өткір болып отыр. Сондықтан алғашқы кезекке аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйін нақты әдістеме негізінде дер уақытында анықтау мәселесі шығып отыр. Әдістеме оны талдаудың үш кезеңінен тұруы тиіс: даярлық, талдамалық, жүйелік.

Даярлық кезеңі өзіне аймақтың экономикалық қауіпсіздігін талдаудың мақсаты мен міндеттерін қосады, бұл кезеңде оны іске асырудың әдістері таңдалынады және ақпарат көздері айқындалады. Зерттеу мақсатына сәйкес, талдау объектісі аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйі болып табылады, ал талдамалы жұмыстың зерттеу пәні – аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйі. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін зерттеу үшін ақпараттық қамсыздандыру базасы ретінде ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері мен нормативтік актілер қолданылады.

Айта кету керек, статистикалық көрсеткіштерді аймақтың экономикалық қауіпсіздігін бағалауда қолдану әрдайым объективтік нәтижелер бере бермейді және жалпы экономиканың немесе оның жеке облыстарының толық күйреу

жағдайын білдірмейді. Ол, ең алдыңғы кезекте, басқару органдарының қауіпті тенденцияларды өзгерту мақсатында тез арада араласу қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу мақсаты мен объектісіне байланысты талдау есептерін жүзеге асыру бағыттары қалыптастырылады. Жүргізіліп отырған зерттеу аясында аймақтың экономикалық қауіпсіздігін талдауды келесі бағыттар бойынша жүргізу қажет: аймақ экономикасының тұрақты экономикалық өсуге қабілеттілігі; әлеуметтік тұрақтылық; экологиялық тұрақтылық. Яғни, Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін көрсетілген кезеңдерге сәйкес талдауды 1.3 бөлімде келтірілген көрсеткіштер жүйесі арқылы жүзеге асырамыз.

Екінші кезең – талдамалық. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін талдау индикативті әдіс арқылы іске асады, бұл әдіс аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйі көрсеткіштерінің іс жүзіндегі және шекті мәндерін салыстыру арқылы аймақтың экономикалық қауіпсіздігіне, экономикалық тәуекеліне, экономикалық қатеріне және экономикалық қауіпке жақындық деңгейіне қатысты аймақ экономикасының жай-күйін анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелердің негізінде аймақтар экономикалық қауіпсіздік қатерлері деңгейі және ұлттық қауіпсіздікке ықпалы бойынша сараланады.

Үшінші кезең нақты аймақтың экономикалық қауіпсіздігін жүйелік талдау болып табылады. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін кешенді диагностикалауды SWOT-талдау әдістемесі көмегімен жүргізуге болады. Аймақтың күшті және әлсіз жақтарының, мүмкіндіктері мен қиындықтарының мәндерін аймақтың экономикалық қауіпсіздігін талдау және бағалау кезінде келесідегідей сипаттауға болады: күш – аймақтағы экономикалық қауіпсіздіктің жай-күйі; мүмкіндіктер – аймақтағы экономикалық тәуекелдің жай-күйі; кемшіліктер – аймақтағы экономикалық қатердің жай-күйі; қиындықтар – аймақтағы экономикалық қауіптің жай-күйі.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің маңызды сипаттамасы ретінде тұрақты экономикалық даму аймақтың ЖІӨ-нің жоғарғы өсу қарқынын, өнеркәсіп дамуының жоғарғы деңгейін, негізгі капитал салымдары ауқымдарының өсуін және тұтыну бағаларын қауіпсіз деңгейде сақтауды қамтамасыз ету арқылы ұлттық экономикалық мүдделерді іске асыру мүмкіндігін анықтайды (кесте 12).

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын маңызды көрсеткіш жан басына шаққандағы ЖІӨ болып табылады. 12-кестеде көрсетілгендей, Атырау облысы «жан басына шаққандағы ЖІӨ» көрсеткіші бойынша жетекші болып табылады. Бұл аймақта дамыған тау-кен өнеркәсібімен түсіндіріледі – бұл облыста шикі мұнай мен табиғи газ өндіру жалпы аймақтық өнімнің едәуір бөлігін құрайды. Атырау облысында бұл саланың үлесі 50 %-ға жуық шаманы құрайды. Оның артынша Алматы қ., Маңғыстау облысы, Астана қ., Батыс Қазақстан облысы жүреді. Алматы қаласында сауда жақсы дамыған. Маңғыстау облысында да тау-кен өндірісі жақсы дамыған, бұл саланың ЖАӨ-дегі үлесі үштен екі бөлікті құрайды.

Астана қаласында құрылыс және құрылыс материалдары өндірісі жақсы дамыған. Жан басына шаққандағы ЖАӨ шамасы орташа республикалық көрсеткіштен төмен аймақтар арасында Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарын атауға болады.

Аймақтағы бөлшек сауда айналымын соңғы тұтынушыларға (тұрғындарға) тауарларды сату көлемі сипаттайды. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйінің осы көрсеткішіне Шығыс-Қазақстан, Ақтөбе, Батыс-Қазақстан, Қарағанды, Жамбыл, Алматы облыстары және Алматы мен Астана қалалары сәйкес келеді, оларда бөлшек сауданың жеткілікті көлемі, өндірілген өнім құнының ақшалай формасы, аймақ тұрғындарының төлемқабілетті сұранысын қанағаттандыру байқалған. Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында бөлшек сауда айналымы өте төмен, бұл осы саланың әлсіз дамуын көрсетеді, яғни, аймаққа экономикалық қатер төнуде.

Ауыл шаруашылығының ФКИ үшін шекті мән Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес бізбен анықталынды. Берілген жоспарға сәйкес, ауыл шаруашылығының ФКИ 2012 жыл үшін 87,7% шамасында бекітілген [69]. 2012 жылдың қаңтар-желтоқсанында 2011 жылдың қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырғанда республиканың барлық аймақтарында ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің төмендеуі байқалады, тек Атырау (101,6 %), Алматы (104,6 %), Шығыс Қазақстан (106,3 %), Қызылорда (102,9 %), Оңтүстік Қазақстан (108,9 %) облыстарында ғана біршама оңды өзгерістер бар. Ауыл шаруашылығы өндірісінің ең аз көлемі Қостанай (48,5 %), Солтүстік Қазақстан (69,1 %), Ақмола (59,3 %), Батыс Қазақстан (82,4 %) облыстарында байқалады. Аймақтардағы ауыл шаруашылығы дамуының әлсіз қарқындары өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің аз көлемі, өндіріс тиімділігінің төмендеуі себебінен орын алып отыр.

Өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің индексінің әлемдік шекті мәні 150 %-ды құраса, Қазақстан аймақтары үшін біз оны Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес 100,5 % деңгейінде алдық, бұл орташа республикалық деңгейге тең. Берілген көрсеткішке сәйкес, 2012 жылы тек Атырау, Қарағанды, Маңғыстау облыстары шекті мәннен төмен көрсеткішке ие болған.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйінің индикаторы ЖАӨ-ге пайызбен есептелген негізгі капитал салымдары болып табылады, олар тиімді экономикалық өндірістің серпінді процесін сипаттайды. Бұл көрсеткіштің әлемдік тәжірибемен анықталған шекті мәні ЖАӨ-нен 15-25 %-дан басталады. Алматы қаласы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарынан өзге Қазақстанның барлық аймақтары осы индикатордың мәні бойынша қауіпсіздік жай-күйінде жатыр. Аймақтық шекте капитал салымдарының көлемі бойынша жетекші мұнай өндіруші Атырау облысы болып табылады, 2012 жылы оның үлесі жалпы инвестициялар көлемінің ішінде 1/5 бөлікті құрады.

Кесте 12 – Қазақстан аймақтарының тұрақты экономикалық өсуге қабілеттіліктерін сипаттайтын көрсеткіштер, 2012 ж.

Аймақ/Көрсеткіштер	Жан басына шаққандағы ЖАӨ, мың теңге	Бөлшек сауда айналымының көлемі, ЖАӨ-ге,% -бен	Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің физикалық көлемінің индексі, алдыңғы жылға%-бен	Өнеркәсіптің жалпы өнімінің физикалық көлемінің индексі, алдыңғы жылға%-бен	Негізгі капитал салымдары, ЖАӨ-ге%-бен	Тұтыну бағалары индексі, алдыңғы жылға%-бен	Аймақтағы инновациялық кәсіпорындардың олардың жалпы санындағы үлесі,%
Қазақстан Республикасы	2113	15,1	82,7	100,5	18,1	106,0	5,7
Ақмола	1113,4	15,7	59,3	102,3	17,7	105,9	4,6
Ақтөбе	1939,3	21,1	93,4	107,0	28,2	105,7	4,0
Алматы	757	15,1	104,6	102,3	26,3	105,7	5,4
Атырау	5655,4	5,3	101,6	95,7	33,3	106,5	4,4
Батыс Қазақстан	2810,2	7,9	82,4	105,3	9,5	104,2	7,5
Жамбыл	732	15,4	97,0	101,6	19,5	106,0	7,9
Қарағанды	1893,8	17,3	95,5	96,6	12,6	107,0	3,3
Қостанай	1262,2	14,4	48,5	101,7	14,8	105,0	7,1
Қызылорда	1639,6	10,1	102,9	101,0	21,7	106,4	5,3
Маңғыстау	3559,2	5,1	95,9	99,8	20,0	105,8	1,1
Оңтүстік Қазақстан	635,5	14,1	108,9	106,5	18,9	105,7	5,0
Павлодар	1959,8	13,6	88,5	103,0	18,0	106,0	4,1
Солтүстік Қазақстан	1164,9	18,0	69,1	102,3	14,5	106,0	
Шығыс Қазақстан	1262,9	23,7	106,3	118,4	15,1	106,1	6,2
Астана қ.	3573	15,8	96,5	103,3	22,7	106,2	6,8
Алматы қ.	3856,1	22,1	95,7	100,1	8,1	106,1	6,7
Көрсеткіштің шекті мәні	2113	15,1	87,7	100,5	15-25	105-110	10
Ескертпе -ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша есептелген [68]							

2012 жылы 2011 жылға қатысты негізгі капитал салымдарының анағұрлым өсімі Солтүстік Қазақстан (134,6 %) және Жамбыл (132,2 %) облыстарында байқалған. Солтүстік Қазақстандағы инвестициялардың өсуі қайта өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялардың 2,7 есеге өсуі есебінен орын алып отыр. Қайта өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялардың ішіндегі едәуір үлкен үлес 2012 жылы Қарағанды (116 млрд. теңге) және Павлодар (77 млрд. теңге) облыстарына келеді, бұл көбінесе металл өнеркәсібінен инвестициялау есебінен орын алып отыр.

Бағалар деңгейі – аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйіне ықпал ететін маңызды құрамдас болып табылады. Инфляцияның жоғарғы деңгейі тұрғындардың ақшалай табыстары мен жинақтарының құнсыздануына, өндірістің жиынтық көлемінің қысқаруына, аймақтардағы қолма-қол ақша массасының көбеюіне және т.б. әкеледі. Желтоқсан айынан өткен жылдың желтоқсан айына дейінгі тұтыну бағалары индексі көрсеткішінің шекті мәні 106-110 % есептеледі. Қазақстанның тұтыну нарығындағы 2012 жылғы бағалар серпіні аймақтар бойынша ерекшеленеді, алайда, бағалар индексінің мәні Батыс Қазақстан облысын есепке алмағанда, барлық облыстар бойынша әлемдік шекті көрсеткіш аясында ауытқыды.

Аймақтардың тұрақты экономикалық даму қабілетін сипаттайтын экономикалық қауіпсіздіктің келесі индикаторы инновациялық белсенділік деңгейі болып табылады. Аймақтардағы кәсіпорындардың инновациялық қызметін бағалаудың негізгі критерийі инновациялық белсенді кәсіпорындар саны болып табылады. Жалпы алғанда, Қазақстан бойынша инновациялық белсенді кәсіпорындар саны өсіп келеді, бірақ бұл көрсеткіш көп елдерден төмен – небәрі 5,7 %-ды құрайды.

12-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, 2012 жылы аймақтардағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі әр түрлі, анағұрлым жоғары деңгей Жамбыл (7,9 %), Батыс Қазақстан (7,5 %), Қостанай (7,1 %), Шығыс Қазақстан (6,2 %) облыстарында және Астана (6,8) және Алматы (6,7) қалаларында байқалады, бұл орташа республикалық деңгейден жоғары. Қалған аймақтарда инновациялық белсенділік деңгейі орташа республикалық деңгейден төмен. Ең төменгі деңгей Маңғыстау, Қарағанды, Ақтөбе облыстарында байқалады. Әсіресе қатерлі жағдай Маңғыстау облысында, мұнда инновациялық белсенділік деңгейі бірнеше жыл бойы төмен деңгейде қалып отыр, ал 2012 жылы тек 1,1%-ға тең болды.

Осы берілген көрсеткіш бойынша біз бекіткен шекті мәнге сәйкес (10 %), барлық аймақтар қатерлі деңгейде.

Осылайша, Қазақстан аймақтарының тұрақты экономикалық өсу қабілеттілігін сипаттайтын экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерін талдау және оларды шекті мәндерімен салыстыру көрсеткендей, барлық аймақтарға тұрақты экономикалық өсуге қатысты тәуекелдің жай-күйі тән. Бұл Қазақстан аймақтарында экономиканың қызмет етуіндегі теріс беталыстардың болуын көрсетеді және облыстардың экономикалық әлеуетін өсірудің жақсы тетіктерін

әзірлеуді және аймақтардың және жалпы республиканың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қажет етеді.

Ары қарай Қазақстан аймақтары бойынша әлеуметтік тұрақтылықты сипаттайтын экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерін қарастырамыз: күтілетін өмір сүру ұзақтығы, децильді коэффициент, Джини коэффициенті, кедейшілік деңгейі, жұмысбастылық деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, ең кіші және орташа еңбек ақы көлемінің ара қатынасы, қылмыс деңгейі (кесте 13).

Тұрғындардың өмір сүру деңгейінің сапалы сипаттамаларының бірі күтілетін өмір сүру ұзақтығы (КӨҰ) болып табылады. Жалпы алғанда, республика бойынша КӨҰ деңгейінің жоғарылауына қарамастан, берілген көрсеткіш әлі күнге дейін салыстырмалы төмен деңгейде қалып отыр (2012 ж. 69,6 жас және 2007 ж. салыстырғанда 3,2 жасқа ұлғайған). Әсіресе өзекті мәселе ерлер мен әйелдер арасындағы КӨҰ-ндағы айырмашылық болып отыр. Мәселен, 2012 ж. ерлердің КӨҰ 64,8 жасты, ал әйелдерде – 74,3 жасты құраған. Аймақтар шегінде күтілетін өмір сүру ұзақтығының жоғарғы деңгейі Астана қаласында (73,7 жас), Алматы (72,8), Маңғыстау (71,6) облыстарында байқалады, ал ең төмен деңгейі – Ақмола облысында (67,5 жас), Шығыс Қазақстан (67,6), Қарағанды (67,6), Солтүстік Қазақстан (67,6) облыстарында. Барлық төрт облыста да күтілетін өмір сүру ұзақтығына тұрғындар табыстарының төмен деңгейі, ауыр табиғи-климаттық жағдайлар және табыстар бойынша тұрғындардың теңсіздігінің жоғарғы деңгейі ықпал етуі мүмкін [70].

Біз 1.3 бөлімде көрсеткендей, берілген топтар бойынша табыстарды бөлістіру көрсеткіштері Джини индексі және децильді коэффициент (анағұрлым қамтамасыз етілген тұрғындардың 10 %-ның және анағұрлым қамтамасыз етілмеген тұрғындардың 10 %-ның тұтынған табыстарының ара қатынасы) қоғамдағы теңсіздіктің шамасы қандай екендігін, яғни, алатын табыстарының мөлшері бойынша адамдар арасындағы ерекшелікті көрсетеді.

Табыстарды бөлістірудің 2007-2012 жж. кезеңіндегі теңсіздігі Қазақстан бойынша жалпы алғанда қатысты түрде қысқарды, Джини коэффициенті 2012 ж. 0,284-ке тең болды (2007 ж. – 0,293). Мұны қорлардың децильді коэффициенті дәлелдейді: 2012 ж. анағұрлым қамтамасыз етілген тұрғындардың 10 %-ның және анағұрлым қамтамасыз етілмеген тұрғындардың 10 %-ның тұтынған табыстарының ара қатынасы 5,86 ретке дейін қысқарды.

Табыстарды шоғырландырудың Джини коэффициенті көмегімен өлшенген табыстардың облыстар ішіндегі теңсіздігі Маңғыстау облысындағы минимум 0,174-тен Солтүстік Қазақстан облысындағы максимум 0,296-ке дейінгі аралықта қамтиды.

Децильді коэффициент бойынша шекті мәнді Қарағанды (8,23 рет), Ақмола (6,97), Солтүстік Қазақстан (6,93), Шығыс Қазақстан (6,27) облыстары асады. Қалған аймақтар шекті мәннен аспайды және қауіпсіздік аумағында жатыр.

Кесте 13 – Қазақстан аймақтары бойынша әлеуметтік тұрақтылықты сипаттайтын көрсеткіштер

Аймақ/Көрсеткіштер	Өмір сүру ұзақтығы, жас	Децильді коэффициент, рет	Джини коэффициенті, индекс	Кедейшілік деңгейі, %	Жұмысбастылық деңгейі, %	Жұмыссыздық деңгейі, %	Ең аз және орташа еңбек ақы көлемінің ара қатынасы, %	100 мың адамға шаққандағы қылмыс деңгейі
Қазақстан Республикасы	69,6	5,86	0,284	3,8	67,9	5,3	18,1	1710
Ақмола	67,5	6,97	0,276	3,9	73,0	5,3	24,5	1710
Ақтөбе	70,3	5,59	0,275	2,4	68,8	5,0	20,3	1780
Алматы	69,9	5,48	0,254	3,2	68,8	5,0	23,7	1050
Атырау	69,6	3,90	0,213	3,3	71,9	5,0	10,1	1230
БатысҚазақстан	69,6	5,34	0,279	4,1	66,3	5,1	20,1	1600
Жамбыл	69,5	4,44	0,236	4,9	75,4	5,4	24,8	1113
Қарағанды	67,6	8,23	0,307	2,8	65,7	5,1	20,4	1860
Қостанай	68,5	5,43	0,260	3,3	71,7	5,2	24,0	2640
Қызылорда	69,5	4,57	0,240	3,8	66,5	5,3	19,8	1440
Маңғыстау	71,6	2,95	0,174	3,3	67,7	5,7	11,9	860
ОңтүстікҚазақстан	70,7	3,65	0,203	7,9	67,2	5,6	24,8	870
Павлодар	68,8	5,02	0,257	2,9	69,8	4,9	21,6	1940
СолтүстікҚазақстан	67,6	6,93	0,296	5,7	70,5	5,2	26,9	1380
ШығысҚазақстан	68,6	6,27	0,283	3,4	63,7	5,1	22,0	1910
Астана қ.	73,7	4,53	0,238	1,0	68,0	5,7	13,1	3010
Алматы қ.	72,8	4,89	0,246	0,4	62,2	5,6	13,6	3570
Көрсеткіштің шекті мәні	70	5-6	0,3	8	60	10	50	6000
Ескертпе -ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша [68]								

Джини коэффициентінің жақсы көрсеткішіне қарамастан, табыстар бойынша Қазақстан тұрғындарының дифференциациясы әлі күнге күрделі мәселе болып қалып отыр. Бұл процеске салалалық және аймақтық дамудағы теңсіздік сияқты факторлар көп ықпалын тигізіп отыр. Қазақстан Республикасының аймақтық дамуы экономикалық мамандануға қатты тәуелді. Мәселен, Қазақстанның батысында мұнай және газ кен орындарының жоғары шоғырлануы байқалады, ал Солтүстікте дәнді дақылдар мен қара металл, Шығыста түсті және сирек кездесетін металдар шоғырланған.

Әлеуметтік саланың келесі индикаторы кедейшілік деңгейі болып табылады, оның орташа республикалық деңгейі 2012 жылы 3,8 %-ды, ал 2011 жылы 5,3 %-ды құрады. Едәуір ілгерілеуге қарамастан, Қазақстандағы кедейшілік деңгейі әсіресе ауылдық жерлерде әзірге жоғары болып қалуда.

Осы көрсеткіштің 2012 жылғы аймақтық ерекшеліктерін қарастыра отырып, кедейшіліктің жоғарғы деңгейі байқалатын аймақтар тобын бөліп көрсетуге болады, оған Оңтүстік Қазақстан (7,9 %), Солтүстік Қазақстан (5,7 %), Жамбыл (4,9 %), Батыс Қазақстан (4,1 %) және Ақмола (3,9 %) облыстары жатады. Табыстары ең төменгі күнкөріс көзінен төмен тұрғындардың үлесі 2012 жылы 5 немесе одан артық мүшелері бар үй шаруашылықтарына келеді (7,62 %) [70]. Үй шаруашылығы көлемі азайған сайын олардың арасындағы кедейшілік деңгейі де азаяды. Қалыптасқан жағдай үй шаруашылығына асыраудағы адамдардың тиетін жүктемесінің деңгейімен, сонымен қатар оның құрамында төмен табысы бар адамдардың (зейнеткерлер, мүгедектер, студенттер) болуымен немесе табыстардың болмауымен (жұмыссыздар, үй шаруасындағы әйел) сипатталады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, қалалық және ауылдық жерлердегі табыстардың едәуір дифференциациясы сақталуда. Қалаларда кедейшілік деңгейі ауылдық жерлердегімен салыстырғанда жоғары қарқындымен қысқаруда. Мәселен, 2012 жылы ауылдық жерлердегі кедейшілік деңгейі қалалық деңгейден 3,2 реттен артық болды.

Кедейшілікті төмендетудің және экономикалық әл-ауқатқа қол жеткізудің негізгі факторы өнімді еңбекпен айналысу мүмкіндігі болып табылады. Еңбек нарығындағы жағдай негізінен көрсеткіштердің екі тобымен: жұмысбастылық және жұмыссыздық көрсеткіштерімен анықталады, яғни жұмыс орындарының қол жетімділігі мен еңбекақы көрсеткіштерінің сипаттамалары.

Қазақстан Республикасындағы жұмысбастылық және жұмыссыздықтың жалпы серпіні ресми статистикаға сәйкес толығымен қолайлы болып табылады. Мәселен, 2008–2012 жж. кезеңінде тұрғындардың экономикалық белсенділігінің 1,3 %-ға өсуі байқалады, жұмыссыздық деңгейі 7,3 %-дан 5,3 %-ға қысқарды. Экономикалық белсенді тұрғындарға қатысты жұмысбастылық деңгейі 94,7 %-ға жетті, ал 15 жас және одан үлкен жастағы тұрғындарға қатысты – 67,9 %-ға жетті [71].

Алайда, аймақтық еңбек нарықтарының көбісінің ерекшелігі өзін жұмыспен қамтудың өте жоғарғы деңгейі болып табылады, ол көбінесе ауылдық жерлердегі

жасырын жұмыссыздықты перделейді. Өзін-өзі жұмыспен қамту ауылдық аумақтарда басым келеді: өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2,7 млн. адамның 70 %-ы ауылдық жерлерде тұрады, бұл үлес әрдайым тұрақты. Экономикадағы барлық жұмысбастылардың ішіндегі үлесі ретінде есептелген өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етудің етек жаюы бойынша аймақтар бір бірінен қатты өзгешеленеді. Ол ірі қалаларда, республика батысының екі жетекші мұнай-газ аймақтарында, сонымен бірге анағұрлым қалаланған және өнеркәсіптік Қарағанды облысында және оның экономикасының құрылымына ұқсас Павлодар облысында онша үлкен емес. Осы аймақтарда жұмысқа алу бойынша жұмысбастылық басым келеді, ол жұмысшыларға әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етеді, сонымен бірге, шағын кәсіпкерліктің түрлі формалары да басым келеді. Қазақстанның басқа облыстарында өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың үлесі бірдей немесе ел бойынша орташа шамадан үлкен.

Аймақтардағы өзін-өзі жұмыспен қамту экономикалық қызмет құрылымы бойынша ерекшеленеді. Ауыл тұрғындарының үлесі көп аймақтарда өзін өзі жұмыспен қамтыған адамдар үлесі көбірек, бірақ ерекшеліктері де бар. Солтүстік Қазақстанның дәнді дақылды облыстарында ұлты орыс ауыл тұрғындары көп, негізінен ауыл шаруашылығында өзін-өзі жұмыспен қамтыған (Солтүстік Қазақстан, Павлодар, анағұрлым азырақ деңгейде Ақтөбе, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстары). Оңтүстікте, ауыл тұрғындарының басым үлесіне және өзін-өзі жұмыспен қамтудың кеңінен жайылуына қарамастан, оның құрылымы анағұрлым әр түрлі: сауда-саттық қызметтерінің үлесі жоғарырақ, олар болашақта шағын және орта кәсіпкерліктің анағұрлым өркениетті формаларына айналуы мүмкін (Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары) [72].

Берілген көрсеткіштер бойынша жағдайдың жақсаруын Жұмысбастылық-2020 бағдарламасын іске асырумен байланысты күтуге болады, ол 2012 жылы басталды. Берілген бағдарламаға сәйкес, республика аймақтарында орта мерзімді кезеңге жұмысбастылық карталары әзірленген, олар аймақтардағы кадрларға қажеттілікті және аймақтың еңбек ресурстары көздерін есепке алады, еңбек ресурстарына өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған азаматтар, жұмыссыздар, кәсіптік білім беру мекемелерінің түлектері, еңбек мигранттары, көшіп келген мигранттар, бұрын тұтқындалғандар, демобильденген әскери қызметкерлер және экономикалық белсенді тұрғындардың басқа да санаттары жатады.

Ең төменгі және орташа еңбек ақы көлемдерінің ара қатынасы сияқты көрсеткіш бойынша Қазақстанның барлық аймақтары шекті мәннен асып түсті. Орта есеппен алғанда, еңбек ақының ең төменгі мөлшері аймақтардағы орташа еңбек ақының 10 %-дан 27 %-ға дейінгі аралықта, бұл тым төмен көрсеткіш болып табылады және табыстардағы теңгерімсіздіктің орын алуының алғышартын жасайды. Берілген мәселе, біздің ойымызша, көбінесе Қазақстанда қалыптастырылған еңбек ақы көлемінің ең төменгі мөлшерінің төмен деңгейімен

байланысты, ол 2012 жылы 17 439 теңгені құрады, бұл Чехия, Беларусь, Украина елдерінен көп төмен, мұнда ара қатынас 40 %-дан асады.

Одан басқа, Қазақстан аймақтары бойынша еңбек ақы көлемінің едәуір дифференциациясы байқалады. Мәселен, орташа еңбек ақы көлемі 2008-2012 жж. жалпы Қазақстан бойынша 58601 теңгеден 101263 теңгеге дейін өсті, Атырау облысы бойынша - с 104376 теңгеден 180406 теңгеге дейін, Алматы қаласы бойынша – 86315 теңгеден до 134378 теңгеге дейін өсті. Бұл аймақтар едәуір ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік-өндірістік әлеуетке және нарықтық қатынастарға енудің жоғарғы старттық деңгейіне ие. 2012 жылы ең төменгі еңбек ақы мөлшерін Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының жұмысшылары алған, бұл ел бойынша орташа деңгейден 30%-ға дерлік аз, ал ең жоғарғы еңбек ақы мөлшерін Атырау және Маңғыстау облысының жұмысшылары алған [73].

Жоғарыда аталған аймақтарда еңбек ақының төмен мөлшері көбінесе қалыптасқан экономикалық маманданумен, ауыл шаруашылығы өндірісінің басымдығымен түсіндіріледі, соңғысында анағұрлым төмен еңбекақы және еңбек өнімділігі байқалады. Сондықтан, осы аймақтардағы тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтерудің әлеуметтік мәселелерін шешу агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек ақы көлемін ары қарай көтерумен байланысты.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін көрсететін келесі көрсеткіш «қылмыстық деңгей» болып табылады, ол 100 мың адамға шаққанда есептелінеді. Осы көрсеткіш бойынша Қазақстанның барлық аймақтары шекті мәннен аспайды. 2012 жылы 100 адамға шаққандағы қылмыстық деңгей 1710 қылмысты құрады, ал 2011 жылы – 1250 қылмыс жасалған. Анағұрлым жоғарғы деңгей Алматы қаласында (3570), Астана қаласында (3010) және Қостанай облысында (2640) байқалады, ал Маңғыстау (860) және Оңтүстік Қазақстан (870) облыстарында анағұрлым төменірек деңгей байқалады.

Қылмыстық деңгейіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі жұмыссыздық болып табылады. 2012 жылдың нәтижелері бойынша қылмыс жасаған 98 176 тұлға анықталған, олардың 79,3 %-ы жұмыссыз (77 831). Жұмыссыздар жасаған қылмыстардың көбісі Алматы қаласында тіркелген (12 465, ал 2011 жылы – 8 194, өсім 52,1 %-ды құрады). Жұмыссыздар жасаған қылмыстардың ең азы Астана қаласына тиесілі (2 250, 2011 жылы – 2 046, өсім 10 %-ды құрады). Қылмыстардың ауырлық деңгейі бойынша жұмыссыздар көбінесе орташа санаттағы қылмыстар жасайды (71 %), оларға бөтен мүлікті ұрлау, бұзақылық, тонау, алаяқтық, денсаулыққа нұқсан келтіру жатады [74].

Экономикалық қауіпсіздіктің келесі критерийі экологиялық тұрақтылық болып табылады. Экологиялық тұрақтылық көрсеткіштері ретінде біз келесі көрсеткіштерді анықтадық: стационарлы көздерден ластанған заттарды атмосфераға тастау көлемі; тұрғындардың жан басына шаққандағы стационарлы көздерден ластанған заттарды атмосфераға тастау көлемі; ластанған қатты заттарды атмосфераға тастау көлемі; сұйық және газ тәріздес заттарды тастау көлемі; кәдеге жаратылған ластанған заттардың көлемі (кесте 14).

Кесте 14 – Қазақстан аймақтары бойынша экологиялық тұрақтылықты сипаттайтын көрсеткіштер

Аймақ	Көрсеткіш				
	стационарлы көздерден ластанған заттарды атмосфераға тастау көлемі, мың тонна	тұрғындардың жан басына шаққандағы стационарлы көздерден ластанған заттарды атмосфераға тастау көлемі, кг	ластанған қатты заттарды атмосфераға тастау көлемі, мың тонна	сұйық және газ тәріздес заттарды тастау көлемі, мың тонна	кәдеге жаратылған ластанған заттардың көлемі, мың тонна
Қазақстан Республикасы	2 384,3	142,0	593,8	1 790,5	8 774,9
Ақмола	105,7	144,4	35,0	70,6	201,5
Ақтөбе	123,9	156,6	18,6	105,3	88,4
Алматы	64,3	33,4	16,4	48,0	13,8
Атырау	133,1	242,3	1,8	131,3	0,1
Батыс Қазақстан	62,0	101,0	2,6	59,5	1,2
Жамбыл	40,7	38,3	17,6	23,1	1 130,0
Қарағанды	641,4	471,5	174,5	466,9	839,0
Қостанай	100,6	114,3	47,3	53,3	407,5
Қызылорда	31,1	43,2	7,4	23,7	0,1
Маңғыстау	64,2	115,2	2,0	62,2	0,6
Оңтүстік Қазақстан	48,6	18,3	9,9	38,7	79,8
Павлодар	675,9	903,6	180,0	495,9	3 648,9
Солтүстік Қазақстан	75,7	130,2	32,5	43,2	5,4
Шығыс Қазақстан	140,1	100,5	33,0	107,0	2 280,6
Астана қ.	64,9	85,3	13,8	51,1	74,4
Алматы қ.	12,1	8,3	1,4	10,7	3,6
Көрсеткіштің шекті мәні	149,0	142,0	37,1	111,9	548,4
Ескертпе - ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша [68]					

Қоршаған табиғи ортаның ластану тәуекелі тұрғындардың денсаулығы қатысында анаұрлым үлкен қатерді атмосфералық ауаның ластануы тигізеді. Бұл қатынаста Қазақстан аймақтарының экологиялық тұрақтылығын Кеңес одағынан қалған шаруашылық құрылым анықтайды, ол атмосфералық ластанудың аумақтық оқшаулануының жоғарғы деңгейін түсіндіреді: республиканың барлық жиынтық қалдықтарының жартысына жуығы дерлік бір субъектінің ғана – Қарағанды облысының аумағына тасталады. Қалған 20 %-ын ластануы бойынша екінші орындағы Павлодар облысы қамтамасыз етеді. Мұндағы ірі ластанушылар МӨЗ, ЖЭС орталықтары (Ақсу және Павлодар), сонымен қатар энергиялық сыйымдылығы жоғары алюминий және ферроқорытпа өндірісі.

Арзан тас және қоңыр күлді көмірмен, қара және түсті металл кендерімен қамтамасыз етілудің жоғарғы деңгейі Орталық және Солтүстік Қазақстанда онжылдықтар шегінде өнеркәсіптің ауыр құрылымының қалыптасуына және ең жоғары антропогендік ластану деңгейіне әкеп соқты. Мұнда атмосфераның ластануының ең ірі орталықтары шоғырланған (стационарлы көздерден тасталған 73 % қалдықтар). Мыстың және олардың қоспаларының 30 белгісін өндіретін «Түсті металдарды өңдеу зауыты» АҚ орналасқан Балхаш қаласында, қоршаған ортаны қорғау менеджменті жүйесін енгізуіне қарамастан, тазалаудың жоғарғы емес деңгейін сақтауда, нәтижесінде елдің бүкіл ластануының үштен бір бөлігін береді. Өскеменде және көне Алтайдағы өз концентранттарымен жұмыс істейтін, Риддер қаласындағы қорғасын-мырыш өнеркәсібінің орталығы титан, магний, қорғасын және мырышты қорыту жоғарғы токсинді тасталымдардың көзі болып табылады (70 мың тоннадан астам, бұл Мәскеудің тастайтын қалдықтарымен бірдей). Толық циклды ірі комбинаттар түріндегі түсті металдарды өндіруді ұйымдастырудың мұндай формасы кендердің ерекшеліктерімен байланысты – құрамында таза металдың төмен үлесі (1-5 %), ал шашырағандары – тіпті бірден де аз. Түнеріңкі көріністі Семей ядролық полиганы аяқтайды. «Балапан» және «Дегелең» алаңқайларындағы қырық жылдық сынақтар тұрғындардың денсаулықтары мен қоршаған ортаға орны толмас зардаптар әкелді.

Қазақстанда өндіру өнеркәсібі жақсы дамығандығына байланысты, аймақтардағы экологиялық жағдай күрделі болып отыр. Көмірсутегі шикізаттарының кен орындарын қарқынды игеру қоршаған ортаға күшті техногендік ықпалмен бірге жүреді. Кен орындарын игеруде шырағданда жағылатын ілеспе газ қоршаған ортаға орасан зор нұқсан келтіруде. Есептеулер көрсеткендей, мұнайдың әрбір тоннасын өндіруі атмосфераны 20 текше км. көлемінде ластайтындығын көрсетеді. Атмосфераға буланған газдардың, күкірт пен азот тотықтарының көп көлемі тасталынады, кен орындарының маңайында тым жоғары жылу фоны қалыптастырылады.

Бұл фактордың ықпалы мұнай-газ саласында қатты байқалады, ол Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарының ластануының көзі болып табылады. Батыс Қазақстан аймақтарының ластану ерекшеліктері – антропогендік ластанудың төмен оқшаулануы, оның қала шегінен көмірсутегі

өндіру ареалдарына өтуі және ілеспе мұнай газын (ІМГ) кәдеге жаратудың төмен деңгейіне байланысты ұсталған және беті қайтарылған зиянды заттардың аз көлемі. ІМГ кәдеге жарату деңгейі жаңа кен орындарын ашу және ілеспе газды қайта өңдеу бойынша сәйкес инфрақұрылымды қамтамасыз етумен анықталады. Игерілген кен орындарында барлық қажетті құрылғылар салынған, мұнда ІМГ-ын зарарсыздандыру 80-98 % шамасында, ал жаңа кен орындарында – 30 % және одан аз. Сондықтан ұсталған және зарарсыздырылған заттардың анағұрлым төмен үлесі Атырау (0,1 %) және Маңғыстау (0,6 %) облыстарында байқалған. Атмосфераны ластайтын негізгі заттар көмірсутегілер болып табылады, олар мұнай қоймаларынан, мұнай аққан жерлерден, технологиялық құрылғылардан булананып шығады. Азот тотықтары, күкірт диоксиді және кара күйе ІМГ-ын шығарғанда, пештерде, қазандықтарда және құбыр компрессорларын жаққанда тасталынады [75].

Мұнай өнеркәсібінің кәсіпорындары Атырау және Маңғыстау облыстарының ауа бассейнін ластауда негізгі үлесті (80-5 %) қамтамасыз етеді, мұнда мұнай өндіруші кәсіпорындарда жағылған газ мөлшері тек соңғы жыл ішінде 62-ден 65 млн. текше метрге дейін ұлғайған. Бірақ ең қиын экологиялық қатерді «Қошқар ата» қалдықтар қоймасының кебу мәселесі төндіріп отыр. Өндіріс тоқтағалы мұнда құрамында ураны бар және сирек кездесетін рудаларды қайта өңдеуден қалған 350 млн. тоннаға жуық қалдықтары қалып қойған. «Каскор» АҚ-ына қарасты уран карьерлері, радиобелсенді құрылғылар мен сирек кездесетін концентраттар қоймалары мәселелері шешілмей қалып қойды.

Мұнай-газ кен орындарының қоршаған ортаға ықпал ету аумақтары рұқсат етілетін деңгейден анағұрлым жоғары. Атмосфералық ауаның күкірт және азот диоксидтерімен ластануы мен тұрғындардың ауыруы арасындағы байланыс ғылыми дәлелденген. Осы заттардың қандай да бір бөлігі ауа, су және тамақтану өнімдері арқылы адам ағзасына өтеді. Әрине, ол қорғаныс қасиеттерін шығарып үлгермейді. Адам ағзасының генетикалық төзімділігінің қоры, яғни оның ортаның өзгермелі шарттарына бейімделу қабілеттілігі шексіз емес. Бүгінгі күні олар, ғалымдардың ойынша, жоқтың қасы.

Одан басқа, кен орындары қабатының өнімді қалыңдығы өте терең орналасады (5 км жуық), ал қыртыстың құрамындағы флюид үлкен коррозиялық белсенділікпен ерекшеленеді, ал бұл өндіру технологиясын күрделендіре түседі және техногендік ықпалдың мүмкін экологиялық салдарларына баса назар аударуды қажет етеді. Техногендік факторлардың және табиғи деформациялау процесінің ерекшеліктерінің қолайсыз үйлесуі кезінде техногендік жер сілкінісінің болу ықтималдылығы өседі, сонымен қатар жер беткейінің едәуір жылжуына әкелуі мүмкін, ал бұл ел экономикасына аса ауыр зардаптар әкелуі мүмкін катастрофалық апаттық жағдайларға әкеліп соғады [76].

Оңтүстік Қазақстанда экологиялық жағдай көбінесе аграрлық кешенге түсетін жүктемемен анықталады (әсіресе, су көздеріне), оларға бұрыннан келе жатқан, және трансформациялық факторлар әсер еткен. Бұрыннан келе жатқан

факторлар ландшафттарға ауыртпалық түсіреді. Мысалы, жер реформасы кезінде ауылшаруашылық мақсаттағы жердің 62 %-ы жер қорларына және басқа санаттарға өткізілген болатын. Өнеркәсіптің, көліктің жер ауқымдары 8 есе қысқарды, қорғалатын аумақтар 3-4 есеге дейін өсті, орман қорының жерлері – 2 еседен артық, су қорының жерлері – 4,4 есе артты. Жерді дәстүрлі қолдану күшейтілді, едәуір ауқымды жерлер тұрғындарға мал бағуға берілді. Ауыл шаруашылық жерлердің ауқымы реформалар жылдары Алматы және Жамбыл облыстарында 2 есеге дейін қысқарды, Оңтүстік Қазақстан облысында 3 есеге, ал Қызылорда облысында 5 есеге қысқарған.

Осылайша, Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін құрайтын негізгі құрамдас бөліктерді талдау көрсеткендей, шекті мәндер кейбір жағдайларда ең кіші рұқсат етілетін нормалардан асып кетті. Қауіптер мен қатерлер адам мен мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз етудің іргелі негіздерін жанап өтті. Бұл экономикалық қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударудың қажеттілігін дәлелдейді, алдыңғы кезекке экономикалық қауіпсіздік индикаторларының тиімді жүйесін құру мәселесін шығарады, оны экономиканың мамандануы мен даму басымдықтарына сәйкес аймақтарға дағдыландыруға болады.

2.3 Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің күшті және әлсіз жақтарын бағалау (Ақтөбе облысының мысалында)

Жеке аймақ деңгейінде экономикалық қауіпсіздіктің күшті және әлсіз жақтарын бағалауда SWOT-талдау әдісін қолданған дұрыс. Ол жекелеген аймақтардың дамуының мүмкіндіктері мен қатерлерін оның күшті және әлсіз жақтарымен ықпалдастыра отырып, аймақтық дамуды дұрыс бағалау және оның даму стратегиясын жақсарту үшін қолайлы құрал болып табылады. Сәйкес аймақтың күшті жақтары ретінде оның қызмет етуіне, кәсіпкерліктің тұрақты бәсеке қабілеттілігіне, тұрғындардың өмірлік стандарттарының жоғарылауына және тұрақты болуына ықпалын тигізетін факторлар анықталады.

Ақтөбе облысының мысалында аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің кешендік диагностикасын жасайық. Диагностика 2.2 бөлімде келтірілген экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерін есептеу негізінде жасалады (кесте 15).

15-кесте мәліметтерінен көрініп тұрғандай, Ақтөбе облысының тұрақты экономикалық өсу қабілетін сипаттайтын экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері: «ЖАӨ-ге шаққандағы бөлшек сауда айналымының көлемі», «ауыл шаруашылығы өнімінің ФКИ», «өнеркәсіп өнімінің ФКИ», «ЖАӨ-ге шаққандағы негізгі капитал салымдары», «тұтыну бағаларының индексі» шекті мәндерден аспайды, яғни, аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің күшті жақтарын сипаттайды.

Ақтөбе облысы Қазақстанның индустриялық дамыған аймағы болып табылады. Оңтайлы жағрафиялық орналасуы, минералды және жанармай-энергетикалық шикізаттың болуы, аймақтың орналасуының стратегиялық

ыңғайлы аумағы, көліктік қамсыздандырылу облысқа ел ішіндегі аймақтармен және басқа мемлекеттермен тиімді іскерлік қарым-қатынастар орнатуға мүмкіндік береді.

Кесте 15 – Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігінің көрсеткіштері, 2012 жж.

Экономикалық қауіпсіздіктің күшті жақтары	Мәні		Экономикалық қауіпсіздіктің әлсіз жақтары	Мәні	
	нақты	шекті		нақты	шекті
Тұрақты экономикалық өсу					
ЖАӨ-ге шаққандағы бөлшек сауда айналымының көлемі,%	21,1	15,1	Жан басына шаққандағы ЖАӨ, мың теңге	1939,3	2113
Ауыл шаруашылығы өнімінің ФКИ, өткен жылға%-бен	93,4	87,7	Аймақтағы инновациялық кәсіпорындардың олардың жалпы санындағы үлесі,%	4,0	10
Өнеркәсіп өнімінің ФКИ, өткен жылға%-бен	107,0	100,5			
ЖАӨ-ге шаққандағы негізгі капитал салымдары,%	28,2	15-25			
Тұтыну бағаларының индексі, өткен жылға%-бен	105,7	105-110			
Әлеуметтік тұрақтылық					
Өмір сүру ұзақтығы, жас	70,3	70	Ең кіші және орташа еңбек ақының ара қатынасы,%	20,3	50
Децильдікоэффициент, рет	5,59	5-6			
Джини коэффициенті, индекс	0,275	0,3			
Кедейшілік деңгейі,%	2,4	8			
Жұмыссыздық деңгейі,%	5,0	10			
Жұмысбастылық деңгейі,%	68,8	60			
Қылмыстық деңгей, 100 мың адамға шаққанда	1780	6000			
Экологиялық тұрақтылық					
Стационарлы көздерден ластанған заттарды атмосфераға тастау көлемі, мың тонна	123,9	149,0	Тұрғындардың жан басына шаққандағы стационарлы көздерден ластанған заттарды атмосфераға тастау көлемі, кг	156,6	142,0
Ластанған қатты заттарды атмосфераға тастау көлемі, мың тонна	18,6	37,1	Кәдеге жаратылған ластанған заттардың көлемі, мың тонна	88,4	548,4
Сұйық және газ тәріздес заттарды тастау көлемі, мың тонна	105,3	111,9			
Ескертпе - Автормен құрастырылған					

Жер қойнауы бай Ақтөбе облысы тек аймақаралық қана емес, сондай ақ халықаралық деңгейде де аймақтың өнеркәсіптік дамуының және индустриалдық ілгерілеуінің басты артықшылығы болып табылады.

Ақтөбе облысының аумақтық-жазықтық құрылымының оңтайлы жағы аймақтық миграцияның тартылу орталықтарының болуында, олар: Ақтөбе, Хромтау және Қандыағаш қалалары, сонымен бірге, Мұғалжар, Темір және Хромтау аудандары, бұлар өсу полюстарының қасында геэкономикалық тиімді орналасқан. Жалпы алғанда, тіреуіш орталық Ақтөбе қаласымен қатар, аймақ экономикасы үшін маңызды полюстер Мұғалжар, Темір және Хромтау аудандары болуы мүмкін, мұнда тау-кен өндірісі жақсы дамыған.

Ақтөбе облысы бөлшек сауда айналымының көлемі бойынша үшінші орынды иемденеді, бұл аймақ тұрғындарының тұтыну сұранысының жоғары екендігін дәлелдейді. Бөлшек сауда айналымының көлемі 2012 жылдың қаңтар-желтоқсанында 294471,3 млн. теңгені құрап, 2011 жылмен салыстырғанда 16,6 %-ға өсті, бұл сауда-саттық кәсіпорындарының есебінен болды, олардың бөлшек сауда айналымының көлеміндегі үлесі 46,0 %-ды құрады.

Ақтөбе облысында ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 2012 жылы 113,5 млрд теңгені құрады. Ауыл шаруашылығы өнімінің ФКИ 2011 жылы 93,4 %-ды құрады. Ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің азаюы негізінен егіншіліктің 18,5 %-ға, оның ішінде дәнді және бұршақ дақылдарының – 78,4 %-ға, майлы өсімдіктердің – 72,2 %-ға, жемшөп дақылдарының – 2,5 %-ға қысқаруы себебінен болып отыр. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру 2 %-ға артты. Ауыл шаруашылығы өнімінің құрылымында алдыңғы жылмен салыстырғанда егін шаруашылығының үлесі 41,7 %-дан 30,7 %-ға қысқаруы және, керісінше, мал шаруашылығы өнімдерінің үлесі 58,2 %-дан 69,2 %-ға өскен. Ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруда анағұрлым көп үлесті Алға және Мәртөк аудандары (әрқайсысы 9,9 %), Ақтөбе қаласы (9,7 %) және Әйтеке би ауданы (9,5 %) алады.

Ақтөбе облысының экономикасы өнеркәсіп саласы есебінен дамуда, тек Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарынан ғана қалыс. Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2012 жылы 1316 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылғы деңгейден (878 млрд. теңге) 1,2 рет артық. Ақтөбе облысындағы өнеркәсіптің және оның салаларының ФКИ 2012 жылы орташа республикалық көрсеткіштен асады, жеке алғанда, өнеркәсіпте 107% (ҚР бойынша -100,5 %), тау-кен өндірісі 107,8% (100,2%), қайта өңдеу – 106,9 % (100,7 %) [77].

Алайда, нақты нәтижелерге қарамастан, облыстың инновациялық дамуы мен әртараптандыру саясаты толығымен іске асқан жоқ. Нәтижесінде экономиканың құрылымы шикізатты бағытты сақтайды. Мәселен, Ақтөбе облысының өнеркәсібінің негізін тау-кен өнеркәсібі қалайды. Тау-кен өнеркәсібінің үлес салмағы – 78 %. Берілген саланың құрамдастары: жанармайлы-энергетикалық пайдалы қазбаларды өндіру, тау-кен өндірісі, металл рудаларын өндіру, тау-кен өндірісінің басқа да салалары.

Ақтөбе облысының тиімді экономикалық дамуына негізгі капиталға салынатын инвестицияларды белсенді тарту ықпал етеді. Соңғы жылдары инвестициялар көлемінің серпіні жыл сайын оңтайлы тенденцияны көрсетеді.

Ақтөбе облысында 2012 жылы негізгі капиталға 433 млрд. теңге инвестициялар салынған, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 1,5 есе көп. 2012 жылы негізгі капитал салымдарының өсуі Қазақстан бойынша орташа мәнінен жоғары болды. Негізгі капитал салымдарының көп бөлігін (69,4 %) кәсіпорындардың өз қаражаты құрайды. Инвестициялардың жалпы көлемінде бюджет қаражаттары - 14,1 %, шет ел қаражаттары және қарыз қаражаттары сәйкесінше 10,2 % және 6,3 %-ды құрады. 2012 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда капитал салымдарының өсуі Ақтөбе қаласында және облыстың 4 ауданында байқалған. Едәуір өсім Байғанин (1,7 есе), Алға, Ойыл (1,5 есе) аудандарында және Ақтөбе қаласында (1,3 есе) байқалған [78].

Аймақ инвестицияларының үштен екі бөлігі облыс өнеркәсібін дамытуға бағытталған, ондағы ең капитал сыйымды инвестициялар тау-кен өнеркәсібіне салынатын инвестициялар болып табылады. Облыстық ауқымдағы тау-кен өнеркәсібі саласының үлес салмағы 53,4 %-дан асты. Басым бағытты салаларға мұнай және газды игеру, көлік және байланыс, жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету, қайта өңдеу өнеркәсібі жатады. Қайта өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар көлемі 2012 жылы 76783,4 млн. теңгені құрады, яғни, 2011 жылмен салыстырғанда 1,5 есе өсті.

Ақтөбе облысында тұтыну бағаларының индексі 2012 жылы орташа республикалық көрсеткіштен 0,3 %-ға төмен (республика бойынша – 106 %), оның ішінде сауда-саттық тауарларына – 105,1 % (105,3 %), сауда-саттық емес тауарларға – 104,1% (103,5 %), ақылы қызметтер – 108,1 % (109,1 %). Ақтөбе облысының тұтыну нарығындағы инфляциялық процестерді тежеу бойынша жұмыстың басты бағыттары ішкі нарықты сауда-саттық тауарларының негізгі түрлерімен толтыруды, тамақтану өнімдерін өндіру бойынша өз қуаттарын ары қарай күшейтуді қамтамасыз ету болып табылады [79].

Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігінің әлсіз жақтарын «жан басына шаққандағы ЖАӨ», және «аймақтағы инновациялық кәсіпорындардың олардың жалпы санындағы үлесі» сияқты көрсеткіштер сипаттайды.

Жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнімнің өсуі бойынша Ақтөбе облысы 2012 жылы Қазақстан аймақтары арасында жетінші орында болған (1939,3 мың теңге).

Ақтөбе облысында жалпы аймақтық өнімді құруда едәуір маңызды рольге өндірістік сала ие. Негізгі үлес (ЖАӨ көлеміне 42,9%) өнеркәсіпке келеді, оның тиімді қызмет етуіне облыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы тәуелді болады.

Аймақта анағұрлым дамыған салалар шикізатты қайта өңдеуге байланысты экспорт бағытты салалар болып табылады. Өнеркәсіптің бірқырлылығы және, оның салдарынан аймақтың бірнеше ірі кәсіпорындардың («СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Казхром» ТҰК» АҚ филиалы Ақтөбелік феррокорытпалар зауыты, «Ақтөбе хром қосындылары зауыты» АҚ) жағдайына тәуелділігі – Ақтөбе облысы экономикасы үшін едәуір қатер төндіреді.

Ақтөбе облысы сыртқы сауда баласының тұрақты оң сальдосына ие, ол экспорт есебінен қамтамасыз етіледі. Экспорт құрылымында минералды ресурстар мен қара металлургия өнімі басым. Импорт құрылымында, керісінше, жетекші орынды көліктер мен құрылғылар алады. Осылайша, экспорттың шикізатты бағыттылығы, оның нәтижесінде, әлем нарықтарындағы бағалар конъюнктурасына тәуелділігі – аймақ үшін үлкен қатер төндіреді.

Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігінің әлсіз жақтарына аймақ кәсіпорындарының инновациялық белсенділігінің төмен деңгейін жатқызуға болады, ол 2012 ж. 4,0%-ды құрады, бұл орташа республикалық көрсеткіштен 1,7%-ға кем. Берілген жағдай өзінің индустриялық негізін басқару және жаңғырту үшін енгізілген және қолданылып жүрген технологиялардың шет елдік әзірлемелеріне қатты тәуелді екендігін дәлелдейді. Оның себептері инновациялардың тым қымбаттылығы, сәйкесінше, билік органдары тарапынан жеткіліксіз қаржыландыру, инновациялық әзірлемелер туралы ақпараттандырудың төмендігі, жоғары білікті мамандардың жеткіліксіздігі болып табылады, бұлар инновациялық салада қатерлердің бар екендігін білдіреді.

Болашақта берілген аспектіде оңтайлы жағдай Индустриаландыру картасы аясында инвестициялық жобаларды іске асырған кезде орын алуы мүмкін. Жаңа өндірістерді енгізу өнеркәсіптік өнімнің жалпы көлемінде 2015 ж. 21 % немесе 310,5 млрд. теңгені құрайды, сонымен бірге салаға 733,5 млрд. теңге тартуға, бюджетке түсетін салықтық төлемдерді 30,0 млрд. теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде Ақтөбе облысының жалпы аймақтық өнімін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жалпы аймақтық өнім құрылымында индустриаландыру картасының жаңа өндірістері 9,2 %-ды алады. Одан басқа, ол 12,5 мыңнан аса жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді, бұл жұмысбастылық және жұмысқа орналастыру мәселелерін шешуге ықпалын тигізетін болады [80].

Ақтөбе облысы тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерді қарастырайық.

ҚР статистика жөніндегі агенттіктің мәліметтері бойынша Ақтөбе облысында 2009-2012 жж. тұрғындардың күтілетін өмір сүру ұзақтығының өсуі байқалады, мәселен, 2012 жылы 2009 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,65 жасқа немесе 2,4 %-ға ұлғайған, оның ішінде ер адамдардың өмір сүру ұзақтығы 1,42 жасқа (2,2 %), әйелдердікі – 1,79 жасқа (2,4 %) ұлғайған. Ер адамдардың өмір сүру ұзақтығы әйелдердікіне қарағанда тұрақты төмен. Талданатын кезең ағымында бұл айырмашылық 9,9 жастан 10,4 жасқа дейінгі аралықта немесе 13,3-14,0 %-ды құрайды [68, 218 б.].

2012 жылы күтілетін өмір сүру ұзақтығы 70,3 жасты құрайды, бұл орташа республикалық мәннен жоғары. Берілген жағдайға облыстағы оңтайлы демографиялық өзгерістер әсер етті. Соңғы жылдардағы Ақтөбе облысындағы демографиялық жағдайды қолайлы деп бағалауға болады, өйткені мұнда туу деңгейі жоғары, өлім деңгейі біршама төмендеген және тұрғындардың миграциялық ағымы бәсеңдеген.

Анағұрлым қамтамасыз етілген тұрғындардың 10 %-ның және анағұрлым қамтамасыз етілмеген тұрғындардың 10 %-ның тұтынған табыстарының ара қатынасын көрсететін көрсеткіш (децильдік коэффициент) көрсеткендей, Ақтөбе облысы орташа дамыған деңгейдегі аймақтар тобына жатады, оған одан басқа басқа 8 аймақ енеді. Аймақтағы децильдік көрсеткіші тұрғындардың өмір сүру деңгейі мен аймақтағы жұмыссыздық деңгейімен тығыз байланыста.

Тұрғындар табыстарының шоғырлану индексі (Джини коэффициенті) ел тұрғындарының арасында олардың табыстарының теңдей бөлістіруінен нақты бөлістірудің ауытқу деңгейін көрсетеді. Бұл көрсеткіш Ақтөбе облысы бойынша 2012 ж. 0,275-ті құрады, ал 2008-2012 жж. 0,266 мен 0,302 арасында ауытқыған. Ақтөбе облысы тұрғындарының табыс деңгейлері бойынша теңсіздігі, және осымен байланысты қоғамның мүлкітік және әлеуметтік теңсіздігі жалпы ел бойынша көрсеткіштен аспайды. Ақтөбе облысында берілген көрсеткіш мәніне ықпал ететін оңтайлы үрдіс аймақтағы ең төменгі күнкөріс көзінен төмен табыс табатын тұрғындар үлесінің қысқаруы болып отыр.

Ақтөбе облысындағы кедейшілік деңгейін сипаттайтын көрсеткіш ҚР облыстарынан салыстырмалы түрде төменірек. Ақтөбе облысында 2012 жылдың желтоқсан айында ең төменгі күнкөріс көзі 14872 теңгені құрады, бұл орташа республикалық деңгейдің 89,3%-ын құрайды. Кедей тұрғындардың үлесі – 2,4%, кедейшілік тереңдігі – 0,3 %, кедейшілік өткірлігі – 0,1 %. Кедейлердің көп бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. Ауылдық кедейліктің сипаты келесі мәселелер мен қиындықтармен сипатталады: ауылдық жанұялардың көп балалығы, осыған байланысты асырайтын адамдар ауыртпалығы; тұрғындардың (әсіресе жастардың) ауылдық жерлерден ірі қалаларға миграциясы (бұл жұмысқа орналасудың қиындығы және еңбек ақы деңгейінің төмендігімен, сонымен бірге кәсіби білім алу жүйесіне қол жеткізудің қиындығымен байланысты); ауылдық жердегі жергілікті жеке сектордың әлсіз дамуы, ол әлсіз инфрақұрылым және нарықтар мен қаржыларға қол жеткізудің қиындығымен ушығады – тұрғындар жеке бизнесті қарыздар мен несиелер алу үшін кепіл заттарының болмауы әсерінен бастай алмайды.

Ақтөбе облысының жұмысбастылық және жұмыссыздық деңгейлері сияқты экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері олардың шекті мәндері бойынша қолайлы көрінеді. Жалпы алғанда, Ақтөбе облысы бойынша 2012 жылы 15 жастан асқан экономикалық белсенді тұрғындардың саны 410,9 мың адамды құрады. Экономикалық белсенді тұрғындардың негізгі шоғырлануы облыс орталығы – Ақтөбе қаласына келеді, бұл ауылдық жерлерден қалаға тұрғындардың ағымының ұлғаюын дәлелдейді. Мұғалжар ауданы (Қандыағаш қ.) облыс орталығына жақындығының арқасында және өндірістік қуаттарының шоғырлануы мен тұрғындардың өмір сүру сапасының салыстырмалы жоғары деңгейінің арқасында Ақтөбе қаласынан кейінгі басым бағытты аумақ болып табылады, мұнда экономикалық белсенді тұрғындардың ұлғаюы байқалады. Экономикалық белсенді емес тұрғындардың саны негізінен осы аумақтарда шоғырланған.

Жұмысбастылық құрылымында жалдамалы жұмысшылардың негізгі үлесі өнеркәсіп, білім, көлік және байланыс, денсаулық сақтау салаларына келеді. Сонымен қатар аймақта жұмысбастылықтың едәуір саны мемлекеттік басқару, құрылыс және жылжымайтын мүлікте көрінеді. Өзін өзі жұмыспен қамтыған тұрғындардың арасында экономикалық қызметтің басты түрі ауыл шаруашылығы болып табылады. Аймақтық АӨК-де ауыл шаруашылық өндірісте кадрлардың жеткіліксіздігі мәселесі өзекті болып отыр.

Жалпы алғанда, Ақтөбе облысының еңбек нарығындағы жағдай экономикалық белсенді тұрғындар санының өсуімен байланысты оңтайлы тенденциялармен сипатталады. Ол 2012 ж. 103,9%-ды құрады, ал жұмыссыздық деңгейі 5,0 %-ға төмендеді. Аймақ дамуының әлсіз жақтарына еңбек миграциясы және жұмысбастылық пен жұмыссыздықтың гендерлік құрылымында қалыптасқан жағдай болып табылады. Бірақ бірқатар жақсы тенденциялар да бар. Ақтөбе облысының жұмыссыз тұрғындарының саны төмендеп келеді. Экономикалық белсенді тұрғындар саны өсіп келеді. Жұмысбасты тұрғындар санында да оңтайлы өзгерістер байқалады.

Қылмыстық деңгей бойынша 2012 ж. Ақтөбе облысы көрсеткіштің шекті мәні ауқымында жатыр, бірақ, орташа республикалық мәннен асады. Жанұялық-тұрмыстық жанжалдар саласындағы қылмыстар, сонымен бірге алкогольдық және наркологиялық мастану күйінде жасалған қылмыстар кеңінен тараған. Ақтөбе облысында жасырын еңбек миграциясының ауқымы кең. Жыл сайын миграциялық заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке шет елдік азаматтардың көп саны тартылады және республикадан тыс жерлерге қоныс аудартылады. Қоғамдық орындар жоғары қылмыстық деңгеймен сипатталатын болды, онда жыл сайын 950 қылмыстан 1 мың қылмысқа дейін жасалады, оның 70 %-ы көшелерде жасалады.

Қылмыстардың көп бөлігі облыс орталығына келеді. Мәселен, Ақтөбе қаласы бойынша тіркелген қылмыстардың саны 2011 жылмен салыстырғанда 92, %-ға (4 409-тен 8 488-ға дейін) өскен. Үрейлі фактаймақтағы, жеке алғанда, Ақтөбе қаласындағы, Қарғалы, Мұғалжар, Қобда және Шалқар аудандарындағы жасөспірімдермен жасалатын қылмыстардың өсуі болып отыр. Жасөспірімдермен жасалатын қылмыстардың бір бөлігі ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатады.

Ақтөбе облысындағы ең кіші және орташа еңбек ақының ара қатынасы 20,3 %-ды құрайды, бұл аса төмен көрсеткіш болып саналады және табыстардағы теңсіздіктің алғышартын жасайды. Дамыған нарықтық экономикасы бар елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ең кіші еңбек ақы көлемі мен жұмысбастылық деңгейі арасындағы, сайып келгенде, тұрғындардың кедей қабатының санымен байланысты. Мәселен, ең төменгі еңбек ақының төмен деңгейі кедей тұрғындар санының ұлғаюына әкеледі, ал жоғарғы деңгейі жұмыссыздар санын ұлғайтады, ал бұл жұмыссыз тұрғындар есебінен кедейлердің санын жоғарылатады.

Ақтөбе облысы орташа айлық номиналдық еңбекақы деңгейі бойынша 2012 жылы 8 орында тұр. Еңбекақы қоры құрылымында Ақтөбе облысында

экономикалық қызмет түрлері бойынша едәуір диспропорция байқалады. Орташа еңбек ақы облыс экономикасының түрлі салаларында ерекшеленеді. ҚР статистика жөніндегі агенттіктің мәліметтері бойынша салалық құрылымында ең жоғарғы еңбек ақы көлемі тау-кен өндірісінде сақталады – 135047 теңге және қаржы саласында – 115602 теңге. Ең төменгі еңбек ақы көлемі ауыл шаруашылығы жұмысшыларында сақталуда. Еңбек ақы төлеу құрылымындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша диспропорция еңбек нарығындағы нақты мамандықтардың тартымдылығын арттыру немесе төмендетудің басты факторы болып табылады.

Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігіне аймақтағы күрделі экологиялық жағдай қатер төндіреді. Ол экономика құрылымында едәуір үлесті шикізат ресурстарын өндірумен байланысты салалар үлесінің басымдығымен түсіндіріледі.

Аймақта экологиялық мәселелердің түрлі қатарлары кездеседі – бұл хорм, бор қоспаларының жер асты суларын ластауы, өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтарды кәдеге жарату және көму мәселелерінің шешілмеуі, мұнай және газ өндірудің белсендендірілуі салдарынан Көкжиде ауыз суының жер асты қайнар көзінің ластану қаупі.

Ақтөбе облысы өнеркәсібінің жеткілікті дамуының салдары қоршаған ортаға жоғарғы антропогендік ықпал ету болып табылады, ол атмосфералық ауаны, қара жер мен ірі өзендерді ластануымен, өнеркәсіптік қалдық пен қатты тұрмыстық қалдықтардың жиналуымен сипатталады.

Ақтөбе облысының жер ресурстарын негізгі ластаушылар химия өнеркәсібі, мұнай-газ өндірісі және мұнай өңдеу, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары болып табылады. Мұнай өндірілетін аудандар үшін қара жерді ластаушылар мұнай және мұнай өнімдері болып табылады, ал пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу жүргізілетін аудандарда басты ластаушылар хром, бор, фосфор болса, ауыл шаруашылығында – фтор, фосфор және т.б. болып табылады.

Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігін тізбекті талдау оның дамуының күшті және әлсіз жақтарын, сонымен бірге мүмкіндіктері мен қатерлерін бағалауға мүмкіндік береді. Айта кету керек, аймақтардың күшті және әлсіз жақтарын, сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қатерлерін сипаттайтын факторларды таңдаған кезде де, талдау үшін SWOT-матрица құру үшін де нақты шешуші талаптарды қадағалау қажет, оларды келесі бағыттар бойынша жалпылауға болады:

1. SWOT-матрицада факторларды нақты кезектілікпен ранжирлеу қажет. Біздің ойымызша, ранжирлеу критерийі ретінде аймақтардың әлсіз және күшті жақтарын сипаттайтын факторлар үшін олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңыздылық деңгейін қолдануға болады, ал сыртқы орта факторлары үшін – аймақтардың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін олардың пайда болу ықтималдылығы сияқты ықпалын қолдануға болады.

2. SWOT-матрицадағы факторлар нық, дәл және бір мәнді қалыптастырылуы тиіс. Олар аймақтың күшті және әлсіз жақтарын нақты және дәл, астыртын мағынасыз сипаттауы керек.

3. Сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қатерлерін сипаттайтын факторлар объективті түрде кездеседі және нақты шарттарда аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бизнестің бәсеке қабілеттілігіне оңтайлы немесе теріс әсер етуі мүмкін. Олар сәйкес аймақ үшін де, сондай ақ елдегі басқа аймақтар үшін де сыртқы ортаның қазіргі кездегі мүмкіндіктері мен қатерлерінің көрінісі болып табылады. SWOT-матрицадағы факторларды дұрыс таңдау және ранжирлеу келесі бағыттар бойынша талдауға объективті алғышарттар жасайды:

- сәйкес аймақтың сыртқы ортаның қолайлы мүмкіндіктерін қолдануы үшін күшті жақтарының мүмкіндіктерін талдау;

- аймақтың күшті жақтарының мүмкіндіктерін сыртқы орта қатерлеріне қарсы қорғаныс амалы ретінде талдау;

- сыртқы ортаның қолайлы мүмкіндіктерін қолдануға кедергі жасайтын аймақтың әлсіз жақтарының объективті шектелуін талдау.

- сыртқы орта қатерлеріне қарсы тиімді шараларды қабылдауға кедергі жасайтын аймақтың әлсіз жақтарының объективті шектелуін талдау.

Талдау нәтижелері, яғни, Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігінің күшті және әлсіз жақтары, сонымен бірге мүмкіндіктері мен қатерлері 16-кестеде көрсетілген.

Кесте 16 – Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігінің SWOT-талдауы

Күшті жақтар (strength)	Әлсіз жақтар(weakness)
<ul style="list-style-type: none"> – Облыстың тиімді жағрафиялық орналасуы және Европа - Азия жолы бойынша транзиттік әлеует; – Мұнай, газ, минералды шикізат қорларының болуы тау-кен өнеркәсібінің ары қарай дамуына негіз болады; – Химия өнеркәсібін дамыту үшін шикізат көздерінің болуы; – Қара және түсті металлургия саласында едәуір экономикалық әлеуеттің болуы, медициналық және мұнай құрылғылары өндірісіндегі инновациялық әлеует; – Машина құрастыруды дамыту үшін едәуір әлеуеттің болуы; – Қолайлы инвестициялық климат, инвестициялық белсенділіктің жоғарғы деңгейі және негізгі капитал салымдарының өсу қарқындары; – Еңбек нарығындағы өсудің оң серпіні: жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі, экономикалық белсенді тұрғындар санының өсуі. 	<ul style="list-style-type: none"> – Республикалық еңбек бөлінісіндегі аймақтың тар мамандануы, терең шикізатты бағыттылық және өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлікті дамытуға жеткілікті ынталандырудың жоқтығы; – Шикізат секторының әлемдік бағалар конъюнктурасынан жоғары тәуелділігі; – Қоршаған ортаның көптеген ағымдағы және тарихи ластануының болуы; – Аймақ кәсіпорындарының инновациялық белсенділігінің жеткіліксіздігі; – Шет ел өндірісі тауарлары тарапынан бәсекелестік, әсіресе БСҰ-ға ену шарттарында; – Жан басына шаққандағы табыстардың аймақаралық үлестірілуінің теңсіздігі; – Әлеуметтік инфрақұрылымның және осы саладағы қызметтердің сапасының төмен деңгейі.

16 кестенің жалғасы

Мүмкіндіктер (opportunities)	Қатерлер (threats)
<ul style="list-style-type: none"> – Қала спутниктердің өсуі және урбанистік шоғырлану аумағында агломерациялық-желілік орнықтыруды қалыптастыру мүмкіндіктері. – Жеделдетілген индустрияландыру бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау өңдеу өнеркәсібінің үлесін ұлғайтуға және аймақ экономикасын әртараптандыруға мүмкіндік береді. – Республикалық бюджет және даму қорларының қаржылары есебінен көзделген инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы облыс экономикасының даму әлеуетін жоғарылату. – Қоғамдық сала ресурстарын тиімді игеру үшін мемлекеттің коммерциялық емес және жеке секторлармен институционалдық әріптестігін дамыту. – Кластерлер негізінде ауыл өндірушілерінің кооперациясын белсендендіру есебінен ауыл шаруашылық шикізатының өндіріс көлемін және оларды қайта өңдеу деңгейін өсіру. – Жергілікті мемлекеттік басқару құрылымын жетілдіру, жергілікті атқару органдары қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалау жүйесін енгізу есебінен барлық деңгей әкімдерінің жауапкершілігін көтеру. – Білікті жұмыс күшінің санын оларды көрші мемлекеттерден иммиграциялау есебінен толықтыру және кеңейту (ауылдық жерлерде тұрғын-үй, мектеп және медициналық мекемелер салу). 	<ul style="list-style-type: none"> – Технологиялық артта қалушылық және аймақ экономикасының салалық теңсіздігі әсерінен ішкі нарықтың импортқа тәуелділігі және шикізат экспортының үлкен үлесі. – Қаржы-несие жүйесінің тұрақсыздығы себебінен құрылыс салсының тұрақсыздығының сақталуы. – Аймақ экономикасының шикізат бағыттылығының сақталуы. – Жол және көлік шаруашылығы дамуының ағымдағы деңгейі сақталған кездегі бәсекелік артықшылықтардың төмендеуі. – Тазалайтын құрылғыларды жаңғыртудың төмен деңгейі шартында экологиялық ахуалдың нашарлауы. – Ауыл тұрғындарының білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт қызметтеріне қол жетімділігінің біркелкі еместігі ауылдық аудандардағы адам әлеуетін төмендетеді. – Жергілікті атқару органдарының аймақтың стратегиялық (бағдарламалық) құжаттарын сапасыз іске асыруы. – Жоспарлаудың жаңа жүйесіне өтуге басқармалардың дайын еместігі. – Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту бойынша енгізілетін шаралардан теріс нәтижелер алу.

Осылайша, Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігінің күшті және әлсіз жақтарын талдау аймаққа төнетін келесі қатерлерді анықтауға мүмкіндік берді:

- экономиканың моносалалық құрылымы және химиялық және металлургиялық өндірістерге жоғары тәуелділік аймақ дамуының шикізатты бағыттылығын және оның бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуін негіздейді;

- ғылыми сыйымды және жоғарғы технологиялық өнім экспортынан шикізат экспортының басым болуы бюджет түсімдерінің азаюына және машиналар мен құрылғылар паркін жаңарту мүмкіндіктерін қысқартуға әкеледі;

- техногенді ауырпалықтардың ұлғаюы және табиғи орта тұрақтылығының төмендеуі ауру сандарының өсуіне әкеледі, тұрғындарды

басқа, анағұрлым қолайлы аймақтар мен елдерге миграциялануына мәжбүр етеді.

Жүргізілген SWOT-талдау Ақтөбе облысының ең маңызды шешуші күшті жақтарын қолайлы мүмкіндіктер мен сыртқы орта қатерлерінен сақтануға ықпалдастыру үшін қолдануға мүмкіндік береді. SWOT-талдау нәтижесінде алынған ақырғы ақпарат ел аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы қатысындағы дұрыс басқару шешімдерін әзірлеу және қабылдау үшін объективті алғышарт бола алады.

ЗАЙМАҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

3.1 Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық-экономикалық тетігі

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесіндегі мемлекеттің ролін күшейту, аймақтарды басқару тиімділігін жоғарылату, ұлттық экономиканың экспортты бағыттылығын азайту қажет. Аймақтардың тұрақты және қауіпсіз даму қажеттіліктерін ескере отырып, біз аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін әзірлеудің негізгі ұйымдық-әдістемелік жолдарын ұсынамыз.


Аймақтардың тұрақты қызмет етуі және тұрақты дамуы қатысындағы қолданыстағы шынайы әлеуметтік, технологиялық, қаржылық, басқарушылық, сауда-саттық, энергетикалық, сыртқыэкономикалық қатерлердің жиынтығы аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларды әзірлеудің қажеттілігін негіздейді. Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар мен құралдардың маңызды ерекшелігі олардың жиынтығының бірегей мақсатты жүйені көрсетуі тиіс екендігінде жатыр. Қажетті мақсатты бағыттылыққа ие болу үшін аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің нақты шектелген құрамдас бөліктері, олардың жұмыс жасау тетіктері және өзара әрекет ету сызбасы болуы тиіс (сурет 5).

Жүйелік әдіс тұрғысынан алғандағы аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің мәні бойынша, оның құрамдас бөліктерінің әр қайсысы дербес қызмет етпейді, керісінше, басқа элементтермен бірге жүреді, сондықтан әрбір құрамдас бөлік ақырғы нәтижеге қол жеткізуге қатысады.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі ретінде арнайы құрылған құқықтық нормалардың, заңнамалық және атқару органдарының жиынтығын түсінуге болады, сонымен бірге оған экономикалық қызмет объектілерінің сенімді жүйесін қамтамасыз ету және аймақтың экономикалық мүдделерін қорғау бойынша қызметінің құралдары, әдістері және бағыттары жатады.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі жүйесін привентивті жүйе – аймақтағы дағдарыстық жағдайлардың пайда болу тәуекелінің алдын алу және дер уақытында жою жүйесі ретінде қарастырған дұрыс. Мұндай жүйені құру аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесін бірталай жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жүйенің қызмет етуінің басты мақсаты аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің нақты жай-күйіне қол жеткізу және оны сақтау болып табылады, оның мұндай жай-күйі кезінде ішкі және сыртқы қатерлерге төтеп бере отырып, тұрақты қызмет ете алады және ілгерілемелі дами алады (сурет 5).



Сурет 5 – Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі

Ескертпе - Автормен құрастырылған

Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің көрсетілген жүйесінің негізі – экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мақсаты мен міндеттері, олар нақты қағидаларға сүйемелденіп жүзеге асуы тиіс [81, б.57-58]:

- *Мақсатты бағыттылық* – аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай стратегиялық мақсатының болуын білдіреді;
- экономикалық қауіпсіздік субъектілерінің өзара әрекет етуі, яғни, түрлі деңгейдегі экономикалық қауіпсіздіктің шектелген шекаралары болмауы тиіс;

– *ақпараттық қамсыздандыру, оның қол жетімділігі және қорғалуы*— экономикалық қауіпсіздік деңгейін төмендетпейтін, ақпаратқа аса зәру деңгейде дер кезінде қажетті шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

– *экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ғылыми негіздеу*. Берілген қағида аймақ деңгейіндегі экономикалық саясатты іске асыруға кәсіби, ғылыми негізбен қарауды меңзейді;

– *әрекеттердің толассыздығы* – экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жүйенің уақыт мерзімінде де және жазықтықта да жұмыс істеуі;

– *заңдылығы* – экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қолданыстағы заңнама шегінде жүзеге асырылуы тиіс;

– *кері байланыс*. Берілген қағида бойынша, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді тек оның субъектісі ғана емес, сондай ақ оның объектісі де осы салада қабылданатын шешімдерге ықпал ете алады.

Жалпы түрде аймақтық экономикалық саясат міндеттері экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, оларға жататындар:

– экономиканы қайта құру, анағұрлым рентабельді және басым бағытты салаларды, сонымен бірге ұзақ мерзімді кезеңде артықшылықтары бар салаларды қолдау;

– аумақтық-өндірістік кешендерді құру, олар нарыққа бағдарланған, конъюнктуралық өзгерістерге икемді болуы тиіс;

– жеке даму көздерін жүзеге асыру және белсендендіру;

– аймақтың лайықты өкілеттілігімен аймақаралық инфрақұрылымдық жүйелерін дамыту;

– жекелеген аймақтардың депрессивті жай-күйін тұмшалау және жою, қажет болған жағдайда, оларға «экономикалық апат аудандары» мәртебесін беру.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің мақсатына оның функцияларын іске асыру процесінде қол жеткізіледі. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің тұжырымдамалық үлгісін әзірлеу процесінде (1.1 бөлім) анықталғандай, бұл функцияларға: қорғаныс, реттеушілік, превентивтік, әлеуметтік функциялар жатады.

Қорғаныс функциясы аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті және жеткілікті болатын әлеуметтік-экономикалық ресурстарды құруда, оларды тиімсіз пайдаланудан қорғауда, сонымен бірге аймақтық экономиканы сыртқы әлеуметтік-экономикалық араласудан сақтауда жатыр.

Реттеушілік функция мемлекеттік және нарықтық тетіктер көмегімен қатерлерді жоюды және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қарастырады. Аталған тетіктердің әрқайсысының өз субъектілері мен объектілері, әдістері мен құралдары бар. Нарықтық реттеу – пайда болып келе жатқан қатерлерді жоюдың объективті негізі. Бағалар мен бәсеке көмегімен экономика теңгерімді жай-күйге түседі. Бұл тетік жеке және топтық

мүдделердің тасушысы болып табылады, ал мемлекет ұлттық экономикалық мүдделердің қорғаушысы бола отырып, субъектілердің мүдделерінің теңгерімін барлық деңгейлерде ескере отырып, олардың әрекеттерін бағдарлайды. Мемлекеттік реттеудің сипаты нарықтық тетікті толықтыру және күшейтуден оның шектелген мүмкіндіктерін өтеуге дейінгі аралықта ауытқуы мүмкін. Оның мақсаттарының бірі жалпы ел бойынша, аймақтар бойынша экономикалық қауіпсіздік деңгейін оңтайландыру болып табылады, ол өз кезегінде, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді, тұрақты экономикалық өсімді ұстап тұрады, экономикалық субъектілердің қызмет етуінің экономикалық және құқықтық шарттарын қалыптастырады және олардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді [25, 30 б.].

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің *превентивтік* функциясы әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық-техникалық сипаттағы шараларды қолдануды қажет ететін критикалық жағдайларды болжауға және олардың алдын алуға бағытталған. Бұл ақпарат экономикалық жүйенің жай-күйін диагностикалауда нақты роль ойнайды және әзірленген бағдарлама негізінде оны түзету мүмкіндіктерін ашады.

Әлеуметтік функция экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің экономика субъектілерінің және әлеуметтік топтардың мүдделерінің өзара іске асуын жүзеге асыру қабілетін, сондай ақ қауіпті жағдайлардағы қоғамның барлық мүшелерінің түрлі қажеттіліктерін толық қанағаттандыру мүмкіндігін анықтайды. Бұл функцияны жүзеге асыру тұрғындар өмірінің жоғарғы деңгейін қалыптастыруға және азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен еркіндіктерінің орындалуына кепілдік береді.

Жүйенің маңызды құрамдас бөлігі аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігі болып табылады, ол экономикалық қатерлердің алдын алу бойынша ұйымдық-экономикалық және құқықтық іс-шаралардың жиынтығын білдіреді. Ол өзіне келесі құрамдас бөліктерді қосады:

- аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің қатерлерін анықтайтын факторлар мен тәуекелдердің мониторингі мен болжамы;
- әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің рұқсат етілетін шекті мәндерін әзірлеу;
- экономика қауіпсіздігінің сыртқы және ішкі қатерлерін анықтау бойынша аймақтық билік органдарының қызметі;
- аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері мен құралдары.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің мониторингі – бұл оның мақсаты мен міндеттерін іске асырумен байланысты жүйедегі сапалы өзгерістердің жүргізілуі мен олардың сипатын жүйелік қадағалауды ұйымдастыру. Ол жүйедегі алғашқы буын ретінде қарастырылады: мониторинг – талдау және диагностика – саясатты түзету – қауіпсіздіктің ізделетін жай-күйіне қол жеткізу. Мониторинг міндеті тек қадағалау ғана емес, сондай ақ экономикалық

қауіпсіздік теориясының даму кезеңі ретіндегі статистикалық материалдарды, фактілерді жинақтау болып табылады [82, 61 б.].

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігіне мониторинг жүргізудің негізгі міндеттері төмендегідей:

- экономикалық қауіпсіздік индикаторларын ұлттық және аймақтық деңгейлерде қалыптастыруға қажетті статистикалық және т.б. ақпараттарды жинау, өңдеу және жинақтау;

- индикаторлардың нақты мәндерін олардың шекті мәндерімен қатынасының кешенді бағасы;

- экономика ахуалының өзгеруін және осы өзгерістердің себептеріндер уақытында анықтау, экономикалық қауіпсіздіктің мүмкін қатерлерінің даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін статистикалық зерттеу үшін жекелеген индикаторлар шегінде экономика ахуалын жағдаяттық және факторлық талдау;

- экономикалық қауіпсіздіктің жекелеген индикаторларымен сипатталатын жағдай дамуының қысқа мерзімді болжамдарын әзірлеу;

- шынайы қатерлердің алдын алу бойынша, сонымен бірге экономикалық қауіпсіздіктің мүмкін қатерлерін төмендету шаралары туралы ұсыныстар әзірлеу.

Күрделі салааралық диспропорциялардың болуы, экономика құрылымының тиімсіздігі, әлеуметтік-экономикалық индикаторлардың жылжымалылығы мен тұрақсыздығы шарттарында экономиканың жай-күйін бағалауда мониторинг аса маңызды.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігінде алдыңғы кезекті рольді экономикалық қызметті талдаудың бағалық әдістерін таңдау алады, ол экономикалық өсу деңгейінің көтерілуі немесе төмендеуін болжамдауға мүмкіндік береді. Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері – бұл ұлттық экономиканың жай-күйін, оның өндірістік әлеуетін және тез арадағы құрылымдық қайта бағдарлану мүмкіндігін, сонымен бірге экономикалық қауіпсіздік қатерлерін сипаттайтын көрсеткіштер. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің көрсеткіштері ретінде біз 1.3 бөлімде анықталған көрсеткіштерді қолдануды ұсынамыз.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігінің тиімді қызмет етуі тек келесі құрылымдық қосалқы жүйелері: нормативтік-құқықтық, ұйымдық-басқару, ақпараттық-талдамалық тармақтардың болуы және өзара әрекеттесуі кезінде ғана мүмкін болады.

Нормативтік-құқықтық тармақ аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығынан тұрады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілері жүйесінде аймақтардың қызмет етуі және олардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттары толық қарастырылмаған. Экономикалық қауіпсіздік саласындағы құқықтық өрісі шаруашылық субъектілерінің экономиканың «ашықтығы» қағидалары және меншік

қатынастарын өзгерту арқылы мақсаттарға қол жеткізу процестерінің трансформациясымен әлем шаруашылығына ену затына бағдарлануының ерекшеліктерін де ескереді. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жалпы заңнамалық қағидалар Қазақстан Республикасының баптарынан шығады және қаржылық, банктік, сыртқы экономикалық, инвестициялық қызметті реттеуші басқа да заңнамалық актілерде өзінің жалғауын табады.

Ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету облысындағы орталық нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы болып табылады. Берілген заңмемлекеттік органдардың, меншік нысандарының формаларына байланыссыз барлық ұйымдардың, және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету облысында қызмет ететін азаматтардың құқықтық қарым-қатынастарын реттейді, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мақсаттарын, жүйесін және бағыттарын анықтайды.

Жалпы алғанда ұлттық қауіпсіздікті, оның ішінде республикадағы экономикалық құрамдасын қамтамасыз ету тәжірибесін талдау көрсеткендей, Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесілер қажет:

– экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыттарының әр қайсысы бойынша нормативтік актілердің жүйелі жиынтығын құру, олар қолданыстағы қатерлерді азайтуға және жағдайдың өзгеруіне байланысты нақты түзетулер мүмкіндігін қарастыруға мүмкіндік беруі тиіс. Осындай құжаттардың бірі халық шаруашылығының сол немесе басқа саласының өмірлік маңызы бар экономикалық мүдделерді іске асыру бағдарламалары және т.б. бола алады;

– мемлекеттік басқарудың нақты құрылымына бекітілген Қазақстан Республикасындағы экономикалық қауіпсіздік мониторингінің кешендік және нақты функциялары бойынша заңнамалық базаны әзірлеу, оны шет елдердегі қолданыстағы заңнамалар мысалында (мысалы, Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы заң түрінде) жасауға болады.

Жоғарыда аталған құжаттарды қабылдау жаңа нормативтік және нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіруге әкеледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласын реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді бесендіруге аса көңіл бөлу қажет. Кейбір негізгі құжаттар 10 жыл бұрын қабылданған болатын және олар бүгінгі күн талаптарына сай келмейді. Басқаша айтқанда, қазіргі кезеңде аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін билік және басқару органдары қызметін қамтамасыз етудің құқықтық тетігін және олардың өзара әрекеттесуінің ұйымдық-экономикалық тетігін әзірлеу қажет, сонымен бірге басқару объектілерінің (шаруашылық субъектілерінің) қызмет етуін регламенттеу қажет, ол олардың әр қайсысының бір бағыттылығын қамтамасыз етуі тиіс.

Және егер құқықтық тетік нормативтік актілерді әзірлеудің, қарастырудың және қабылдаудың нақты реті болуы тиіс болса, онда ұйымдық-экономикалық

тетік экономикалық мүдделерді іске асыру және қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттердің құрылымына сәйкес билік және басқару органдарының өзара әрекеттесу ретін реттеуі тиіс. Іс жүзінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешу түрлі министрліктер мен мемлекеттік комитеттер қызметінің сәйкестігін қамтамасыз етуді білдіреді.

Ақпараттық-талдамалық қосалқы жүйесі аймақтың экономикалық ахуалын талдауды, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларын анықтауды, экономикалық қауіпсіздік қатерлерін анықтауды қамтамасыз етеді. Кешендік талдаудың нәтижесі қатерлер туралы, олардың пайда болуының және дамуының себептері мен салдарлары туралы жүйелік ақпарат болып табылады. Берілген жүйенің маңызды құрамдас бөлігі бақылау болып табылады, ол аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің іс жүзіндегі жай-күйін көзделетін жай-күйімен салыстыруда жатыр, сонымен бірге, АЭҚ-тің ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерін бақылау және болашағын болжаудағы аймақтық билік органдарының басқару қызметінің кемшіліктері мен қателерінің себептерін дер кезінде анықтау, жою және түзетуде жатыр.

Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде ерекше орынды ұйымдық-басқару қосалқы жүйесі алады, мұнда аумақтық құрылымның экономикалық қауіпсіздігі едәуір деңгейде басқару әлеуетінің құрылымы мен сапасымен, түрлі деңгейдегі басқару жүйесінің қызмет етуінің тиімділігімен анықталады.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін басқаруды жалпы аймақтың және шаруашылық субъектілерінің экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталған, мемлекеттік органдар мен уәкілетті құрылымдардың аймақ экономикасын дамытуға мақсатты бағытталған ықпалы ретінде қарастырған дұрыс. Оның негізгі құрамдас бөліктеріне келесілерді жатқызуға болады: экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қажеттіліктерді, күштер мен құралдарды, сонымен қатар қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұйымдық-функционалдық тетігін, мақсаттары мен міндеттерін анықтау. Әзірленген іс-шараларды жүзеге асыру қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді – аймақ экономикасының ішкі және сыртқы қатерлерге төтеп бере отырып, тұрақты қызмет ете алатын және ілгерілемелі дами алатын жай-күйіне қол жеткізу және оны сақтау.

Тек аймақтың экономикалық мүдделерін қорғау бойынша міндеттерді орындайтын, аймақтық экономиканың заманауи жай-күйіне сәйкес келетін және әрекетке қабілетті басқару құрылымдары болған кезде ғана аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның тұрақтылығы, оның мемлекеттің бірыңғай экономикалық кеңістігіндегі орны кепілдендіріле алады [83].

Осыған сәйкес, аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету субъектілерін таңдау аса зор маңызға ие. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты қызмет қайсыбір мемлекеттік басқару органының құзыреті болып табылмайды. Аймақтық деңгейде аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің қатерлерін жою немесе болдырмау бойынша кешенді шараларды іске асыру мақсатында заңнамалық, атқару билігінің, құқық

қорғау және бақылау құрылымдарының өзара әрекеттесу тетіктерін қарастырған абзал.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңда қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерінің тізімі беріледі, оларға келесілер жатады:

- барлау, контрбарлау қызметін, сонымен бірге қорғалатын тұлғалар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық және ұйымдық шаралар кешені;

- Қарулы күштер, Қазақстан Республикасының басқа әскери жасақтары және әскери құрылымдары;

- Ішкі істер органдары, қаржы полициясы, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, кеден органдары және апаттық-құтқару қызметтері [84].

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін басқарудың ұйымдық құрылымын негіздеудің алғашқы кезеңінде «орталық буын» және оның негізгі құрамдас бөліктерімен өзара әрекеттесуі аясында аймақтың экономикалық қауіпсіздігін басқару жүйесінің құрамдас бөліктерінің өзара әрекеттесу тетіктерін қалыптастыру қажет.

Қазіргі уақытта қауіпсіздікті қалыптастыру облысындағы әзірлемелерді іске асыратын конституциялық орган Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі болып табылады, ол Қазақстанның қауіпсіздікті қамтамасыз ету облысындағы ішкі және сыртқы саясат мәселелерін, экономикалық қауіпсіздіктің стратегиялық мәселелерін қарастырады және тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерін экономикалық қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы қатерлерінен қорғалу ахуалы үшін Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің алдында жауап бере отырып, басқару жүйесінің орталық буыны болып табылады.

Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі міндеттері ұлттық мүдделерді қорғаудың негізгі бағыттарын анықтау, ұлттық қауіпсіздік қатерлерін айқындау, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша құралдар мен әдістерді таңдау; ел қауіпсіздігі стратегиясының және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша мемлекеттік бағдарламаларды даярлауды ұйымдастырудың бағыттарын әзірлеу; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету облысындағы ішкі, сыртқы және әскери саясат мәселелері бойынша шешімдер қабылдау және осы шешімдерді іске асыру шаралары бойынша, сонымен қатар тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жоғарылату бойынша ұсыныстар мен рекомендациялар жасау; ұлттық мүдделерге қатысты Қазақстан Республикасының халықаралық келісім-шарттарын жасау, орындау және күшін жою бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Қауіпсіздік Кеңесі өзінің негізгі міндеттеріне сәйкес, қарулы құрылымдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді, сонымен бірге заң жобаларын талдайды және өзіне жүктелген күзiреттер шегінде нормативтік құжаттардың орындалуын қадағалайды.

Қазақстан аймақтарың экономикалық қауіпсіздігін басқаруды ұйымдастырудағы атқарушы биліктің мемлекеттік органдарының ролін қарастыра отырып, шешуші позицияның Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (ҚР ҰҚК) жататындығын айта кету қажет. Оның құрылымына департаменттер мен басқа құрылымдық бөлімшелер, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары және оларға қарайтын қалалық және аудандық басқармалар (бөлімшелер, бөлімдер), сонымен қатар әскери контрбарлау органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, арнайы мақсаттағы бөлімшелер, оқу мекемелері, ғылыми-зерттеу мекемелері мен басқа ұйымдар кіреді.

Өз құзіреттері шегінде олар сәйкес мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асыруға қатынасады, оның ішінде арнайы формалармен және әдістермен заңды реттелетін шараларға да қатысады. Мәселен, ҰҚК-нің сауда-саттық қауіпсіздігі мәселелері бойынша республиканың кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарын Үкімет қолдады. Комитет сонымен бірге жер ресурстары салсындағы қатынастарды, фискалдық саясат, көлік саясаты, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жер қойнауын пайдалану салаларындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды қайта қарауға бастама жасады. Олар мұнай өндіруші кәсіпорындардың экологиялық стандарттарға сәйкестігі туралы мемлекеттік сертификациялау туралы ұсыныстар әзірледі.

Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (ҚР ЭБЖМ) Қазақстан Республикасының мемлекеттік атқарушы органы болып табылады, ол стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, салық және бюджет саясаты саласындағы, сонымен бірге кеден ісі, мемлекеттік қарыз және мемлекетпен кепілдендірілген қарыз, мемлекеттік инвестициялық саясат және инвестицияларды қолдау саясаты, қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру, мемлекеттік-жеке әріптестік, бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті, табиғи монополияларды шектеу, реттелетін нарықтар, халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастарды, оның ішінде халықаралық экономикалық ықпалдастыруды реттеу, сыртқы сауда қызметін реттеу және дамыту, ішкі сауданы реттеу және дамыту, мемлекеттік активтерді басқару, оның ішінде корпоративтік басқару сапасын арттыру, мемлекеттік басқару жүйесін дамыту, мемлекеттік қызмет көрсету, тұрғындар миграциясы, «жасыл экономиканы» дамытудағы мемлекеттік саясатты дамыту сияқты салаларға жетекшілік етеді.

ҚР ЭБЖМ өзінің қарамағындағы Мемлекеттік-жеке әріптестіктің қазақстандық орталығы, Сауда саясатын дамыту орталығы, Экономикалық зерттеулер институты, Күйзеліс активтері қоры сияқты ұйымдардың қызметін үйлестіреді және қадағалайды.

Министрліктің функцияларына Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыруды әзірлеу, түзету, оған мониторинг

жасау және бағалау; экономикалық саясат шараларының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге ықпалын бағалау; дүниежүзілік экономикадағы жағдайды талдау, болуы мүмкін сыртқы тәуекелдерді және олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалау жатады.

Қазақстан республикасының Қаржы министрлігі (ҚР ҚМ) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады, заңнамамен қарастырылған шектерде оған жүктелген құзіреттер аясындағы салаларда салааралық үйлестіруге жетекшілік етеді. ҚР ҚМ құрылымына Қазынашылық комитеті, Кедендік бақылау комитеті, Салық комитеті, Қаржылық бақылау комитеті, Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қаржылық мониторинг комитеті кіреді [86].

Министрліктің функцияларына келесі әрекеттердің орындалуы кезіндегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кіреді: қаржы мониторингін іске асыруда және заңсыз негізде алынған, және терроризм қаржыландырған табыстарды заңдастыруға қарсы шаралар бойынша шешімдер қабылдауда; салық, кеден және бюджет заңнамаларының қадағалануын қамтамасыз етуде; мемлекеттік мүлікті рационалды қолдану және сақтауда; қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметті мекемеаралық үйлестіруді жүзеге асыруда және т.б.

Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрлігі (ҚР ӨДМ) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады, ол аймақтық даму салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын-үй қатынастары мен коммуналдық шаруашылықты дамыту; елді мекендердің шек аралары шектерінде сумен жабдықтау және суды бұрғыштау, электрмен, жылумен және газбен жабдықтау облысындағы мемлекеттік реттеуге жетекшілік етеді [87].

ҚР ӨДМ-нің келесі мекемелері бар: Кәсіпкерлікті дамыту комитеті; Құрылыс және тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығы істері комитеті; Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет.

ҚР ӨДМ-нің функцияларына келесілер жатады: экономикалық талдау жасау және аймақтық даму облысындағы саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу; аймақтар дамуының мәселелерін талдау және оған мониторинг жасау; елдің экономикалық саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша аймақтардың қызметін үйлестіру.

Қолданыстағы ұйымдық-басқару қосалқы жүйесінің құрылымы мен функционалдық өкілеттіліктерін егжей-тегжейлі қарастыру келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді: қазіргі уақытта экономикалық қызметті қамтамасыз етудің аймақтық тетігі едәуір кемшіліктерге ие болып отыр. Бұл ең алдыңғы кезекте, қарастырылып отырған тетіктің жекелеген функциялары экономикалық қызметті қамтамасыз етудің жекелеген субъектілері арасында жүйесіз бөлістірілгендігімен байланысты. Іс жүзінде, барлық қажетті

буындардың болуы шартында, Қазақстан аймақтары деңгейінде экономикалық қызметті басқарудың ұйымдық құрылымы жоқ.

Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық-басқару қосалқы жүйесінің жүйелік кемшіліктерінің бірі түрлі билік органдарының әлсіз өзара әрекеттесуі болып табылады. Бұл экономиканың бір саласының біртекті міндеттерін шешу әр түрлі субъектілердің құзіреттеріне кіруімен байланысты. Конституциялық-құқықтық көзқарас тұрғысынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету функцияларының көптеген құрылымдар арасында шоғырланбауы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар санының және тұжырымдамаларының жеткіліксіздігі қатерлердің өсуін және аймақтардың қорғалуының жалпы деңгейін төмендетуі мүмкін.

Біздің ойымызша, ҚР Өңірлік даму министрлігіне экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында құзіреттер жүктеген дұрыс болар еді. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша функцияларды дәл осы министрлікке жүктеу келесі долбарларға сәйкес ұсынылып отыр: Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігінің негізгі қатері Қазақстан аймақтарының, жеке алынған субъектілердің муниципалды құрылымдарының дамуындағы ассиметрияның болуында жатыр. ӨДМ басқаларына қарағанда аймақтық даму мәселелерімен ең көп айналысады, яғни, аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін дәл соған жүктеу керек. Айта кету қажет, бұрын аймақтық деңгейге ұлттық экономикалық қауіпсіздікке қарағанда азырақ көңіл бөлінетін. Алайда, қазіргі уақытта, барлық аймақтар дерлік көптеген өткір және күрделі мәселелерге – экономикалық, әлеуметтік, этносаяси, экологиялық және басқа мәселелермен соқтығысуда, бұл деңгейді зерттеу ерекше маңызды ие болуда.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызмет етуінің негізі қатерлер тұжырымын, шынайы және потенциалды ішкі және сыртқы қатерлердің сипатын, дағдарыстық жағдайларды, экономикаға қатер төндіретін және қойылған ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге кедергі жасайтын қолайсыз факторларды бағалауда жатыр.

Қазіргі кезде қалыптасып келе жатқан Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігінің ішкі және сыртқы қатерлері оларды жою бойынша дұрыс және жүйелік әрекеттерді объективті түрде қажет етеді. Ең бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының Экономикалық қауіпсіздігінің мемлекеттік стратегиясын орта мерзімді (2020 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (2050 жылға дейін) кезеңдерге әзірлеу қажет. Оның негізінде түрлі салалық бағдарламалар өзара байланыстырылуы тиіс, ал оларды жүзеге асыру стратегиялық жоспарлау тетіктеріне сүйемелденуі тиіс.

Осылайша, Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қолданыстағы жүйесінің кемшіліктері айқындалды. Жүйе мақсаттар, міндеттер, құқықтар, жауапкершіліктерге байланысты қалыптастырылуы мүмкін. Бұл ең алдыңғы кезекте, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша басқару функцияларын тікелей де, көлденең де

бөлістіру, сонымен бірге ақпараттық алмастыру облысындағы ортақ шараларды іске асыру кезіндегі өзара әрекет ету, бірыңғай орталықта басқаруды орталықтандыру болып табылады. Сонымен қатар, өкілеттіліктерді бөлістіру, орталықтандыру-орталықсыздандыру ара қатынасы деңгейлері, шоғырландырудың дұрыстығы, басқару нормаларын қадағалау деңгейі бағалануы тиіс. Бұл, сонымен бірге, коммуникациялық байланыстар, олар аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіндегі өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін дұрыс ұйымдастырылуы тиіс тікелей байланыстылықты көрсетеді.

3.2 Стратегиялық басқару аймақтың тұрақты даму факторы ретінде

Жаһанданудың жалпы әлемдік процестерінің өрістеуі, дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың терең тамыр жаюы, ел аймақтарының әлеуметтік-экономикалық саясатын жоспарлау және іске асырудағы дербестігінің күшеюі аясындағы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелердің өткірленуі шарттарында экономикалық тұрақсыздық жағдайларындағы тұрақты даму үлгісін іске асыруға бағышталған аймақтық менеджменттің маңыздылығы артып келеді.

Экономикалық тұрақсыздықтың ел аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы өнеркәсіптік өндіріс көлемінің және сыртқы сауда айналымының қысқаруынан, көтерме және бөлшек сауда, ауыл шаруашылығы және басқа салалардың көрсеткіштерінің төмендеуінен көрінеді, бұл тұрғындардың әлеуметтік хал-жағдайына толассыз әсер етуде. Берілген жағдаяттар жаһандану шарттарында экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді кешендік шешу жолдарын іздестірудің қажеттілігін мәжбүрлейді және елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамудың анағұрлым өзекті дәрежелі үлгісіне өту мәселесін алға шығарады.

Биліктің аймақтық органдары, кәсіпорындардың жетекшілері сияқты, көбінесе шығындарды үнемдеуге, тиімділікті жоғарылатуға, аймақтың сыртқы ортасы параметрлерінің өзгерісін, сондай ақ мемлекеттік құрылым қызметтерін тұтынушылардың қажеттіліктерін есепке алуға аса көңіл бөледі, топтық жұмысқа және басқару шешімдерін ұжымдық әзірлеу әдістеріне екпін көбірек жасалады. Сөйте отырып, коммерциялық сектордағы нәтижелілігін дәлелдеген менеджменттің әдістері мен жолдары аймақтық басқару тәжірибесіне ақырындап енгізіліп келеді. Осыған байланысты аймақтық басқарудың дәстүрлі әдістерін (фискалдық реттеу, мемлекеттік келісім-шарттар жүйесі және т.б.) сәйкес шешімдерді әзірлеу және қабылдаудың жаңа құралдарымен толықтыру көзделеді, олар: стратегиялық басқару, аймақтық тәуекел-менеджмент, аймақтық басқарудың «командалық» технологиялары, селективті басқару әдісі, аймақтық маркетинг.

Инновациялық әдістерді ескеретін аймақтық дамуды басқару мүмкіндігі, ең алдыңғы кезекте, мемлекеттік басқарудың аймақтық органдары аппаратының құрылымында сәйкес құрылымдық бөлімшелердің болуымен,

сонымен қатар қызметкерлердің инновациялық біліктілігімен түсіндіріледі. Соңғысы қызметкерлердің келесі әрекеттерді орындау қабілеттілігін көрсетеді:

- аймақтық әлеуметтік-экономикалық және инновациялық саясаттың болжамдарын, тұжырымдамаларын, индикаторларын және параметрлерін әзірлеу;

- аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалының мониторингін, оның бәсеке қабілеттілігі мен инновациялық белсенділігін қамтамасыз ету;

- мақсатты аймақтық (оның ішінде инновациялық) бағдарламаларды басқару, ресурстарды және өкілеттіліктерді бөлістіру, аймақтың даму бағдарламалары мен стратегияларының орындалуын қадағалауды ұйымдастыру;

- аймақтағы инновациялық белсенді кәсіпкерлікті материалды-техникалық және қаржы-экономикалық, кадрлық, ақпараттық, консалтингтік және басқа қолдауды қамтамасыз ету;

- инновациялық қызметті мемлекеттік және нарықтық реттеу тетіктерін енгізу.

Аймақтық басқарудың жоғарғы сапасы сәйкес үлгіні әзірлеу және енгізу негізінде аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызмет етуі мен дамуының инновациялық бағыттылығының тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тұрақты даму үлгісін іске асыру үшін мықты ғылыми-әдістемелік база болуы тиіс, оның шешуші құрамдас бөліктерінің бірі стратегиялық басқару болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде ресей ғалымдары зерттеулерінің нәтижелері көрсетілген, олар табиғи ресурстардың болуына қарағанда, стратегиялық жоспарлаудың тиімді жүйесінің болуының аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы анағұрлым маңызы бар фактор екендігін көрсетеді [88 - 90]. Сондықтан аймақтардың мемлекеттік басқару органдарының алдында тұрған алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі стратегиялық болашақтағы экономикалық және әлеуметтік процестерді реттеудің әдістемесі мен құралын игеру болып табылады. Олардың арасында орталық орынды аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін жетілдіру мәселесі алып отыр, өйткені қазіргі уақытта сыртқы экономикалық орта тұрақсыз және ол әрдайым өзгерістерге, көбінесе оқыс өзгерістерге тап болуда. Сондықтан аймақтық дамуды басқару өзіне стратегиялық басқару қосалқы жүйесін қосуы тиіс, ол теңгерімді және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Стратегиялық басқаруды жүйенің болашақтағы жай-күйін болжау, оларды іске асыру тетігін қалыптастыру негізінде аймақтың ұзақ мерзімді болашаққа әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі, анағұрлым маңызды бағыттары бойынша экономикалық көрсеткіштерінің мақсаттары мен мәндерін анықтау процесі ретінде анықтауға болады, және ол қойылған

мақсаттарға жету бойынша мемлекеттік басқарудың құрамдас бөлігін көрсетеді.

Стратегиялық басқарудың негізгі идеясы аймақтық даму мақсаттарын анықтау кезіндегі ішкі және сыртқы ортаның өзара байланыстылығы мен өзара ықпалдастығын есепке алу қажеттілігінде жатыр, бұл жерде стратегиялар қойылған мақсаттарға жетудің құралдары ретінде болады. Стратегиялық басқару стратегиялық мақсаттарды таңдау, аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу, оны сыртқы және ішкі ортаның өзгермелі шарттарын ескере отырып, қолданыста бар ресурстарды тиімді қолдану негізінде жүзеге асыру, сонымен бірге аймақтық даму нәтижелерін бағалаудың қабылданған критерийлері негізінде аймақтық мақсатты тұжырымдарды түзетуді қосатын процесс ретінде қарастыруға болады [91].


Аймақты стратегиялық басқару – бұл аймақтың дамуын, жаһандану шарттарында бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ететін өзгерістерді басқару болғандықтан, онда тәжірибе тарапынан, оның тұрақтылығы мен тұрақсыздығын анықтайтын сыртқы және ішкі орта факторларын зерттеу маңызды болып отыр.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін дағдарыстық жағдайлардың пайда болуы және өршуінің себептері түрлі сыртқы және ішкі факторлар болып табылады (сурет 6). Сыртқы орта факторына аймақ тікелей әсер ете алмайды, сондықтан оған бейімделуі қажет. Ішкі орта факторлары басқарылады, сондықтан оларға әсер ете отырып, аймақтық әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздікті де басқаруға болады [92].

Аймақтарға сәйкес келетін ішкі және сыртқы шарттарын (факторларын) талдау нәтижесінде оны дамытудың дұрыс стратегиялары қалыптастырылады, стратегиялық мақсаттарға және аймақтың қалаулы позициясына қол жеткізіледі.

Ішкі және сыртқы факторларды талдау берілген аймаққа едәуір дамуға және қолданыстағы әлеуетін тиімді іске асыруға ықпал ететін шараларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін салалар мен қызмет түрлерін анықтауға көмектеседі. Берілген талдау аймақтың сыртқы ортасының салыстырмалы сипаттамаларын: Қазақстандағы макроэкономикалық ахуалды, әлем және Қазақстан экономикаларындағы басым трендтерді, демографиялық тенденцияларды және т.б. айқындауға мүмкіндік береді.

Аймақтық дамуды стратегиялық басқаруды іске асыру кезінде Қазақстанның қазіргі даму шарттарында маңызды болып отырған аймақтық экономикалардың даму деңгейін, олардың дифференциациялану деңгейін ескеру қажет. Сонымен бірге аймақтардың өздігінен дамуының аймақтық шарттары мен алғышарттарындағы ерекшеліктерді ескеру қажет. Осыған байланысты осы шарттарда әлеуметтік-экономикалық дамудағы стратегиялық басымдықтарды таңдаудың өткір қажеттілігі туып отыр.



Сурет 6 – Аймақтың ішкі және сыртқы факторлары

Ескертпе - Автормен құрастырылған

Ішкі және орта факторларды ескеретін аймақтық стратегиялық басқару жүйесіндегі ерекше орынды жалпы (базалық) стратегияны қалыптастыру алады. Ол аймақтың дамуының жалпы бағытын анықтайды, бірақ, өз кезегінде ол аймақтың даму бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу процесінде түзетілуі тиіс. Қазіргі жағдайларда аймақтың жалпы даму стратегиясы аймақтардың түрлі стратегиялық құжаттарында, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамаларында, кешендік бағдарламаларында және стратегияларында көрінеді. Талдау көрсеткендей, сыртқы және ішкі шарттардың ерекшеліктеріне және басқару субъектілерінің түрлі көзқарастарындағы өзгешеліктер және т.б. әсерінен түрлі аймақтармен әзірленетін жалпы стратегиялар бір бірінен айрықшалаанады. Мысалы, шекараға жақын аймақтар үшін жалпы стратегияның қажетті құрамдасы шекаралық әріптестікті бәсекелік ресурс және соған байланысты бәсекелік артықшылық ретінде қолдану болуы мүмкін.

Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын анықтайтын құжаттар Аймақтардың даму бағдарламалары болып табылады (кесте 17).

Кесте 17 – Қазақстан Республикасының аймақтары дамуының 2011- 2015 жж. арналған стратегиялық құжаттары

Аймақ	Стратегиялық құжат	Стратегиялық құжатты іске асыру бағыттары
Ақмола	2011-2015 жж. арналған Ақмола облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – агроөнеркәсіптік кешенде, өнеркәсіпте және туризм саласында өнімділігі жоғары инновациялық технологияларды енгізу негізінде аймақ экономикасын жедел дамыту; – әлеуметтік саланы және адам әлеуетін дамыту, тұрғындардың өмір сүру деңгейін жоғарылату, сапалы әлеуметтік қызметтердің барлық түрімен қамтамасыз ету; – экономиканы үдемелі индустриаландыруға және сапалы тұрғын үй-коммуналдық және көлік қызметтерімен қамтамасыз етуге ықпал ететін инфрақұрылым кешенін модернизациялау; – тіректі қалаларды серпінді дамыту және ауылдық аймақтарды қарқынды дамыту есебінен әкімшілік-территориялық құрылымдардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңдестіру; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.
Ақтөбе	2011-2015 жж. арналған Ақтөбе облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.

17 кестенің жалғасы

Аймақ	Стратегиялық құжат	Стратегиялық құжатты іске асыру бағыттары
Алматы	2011-2015 жж. арналған Алматы облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.
Атырау	2011-2015 жж. арналған Атырау облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.
Батыс Қазақстан	2011-2015 жж. арналған Батыс Қазақстан облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.
Жамбыл	2011-2015 жж. арналған Жамбыл облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – агроөнеркәсіп кешенінде, химия, жеңіл өнеркәсіпте өнімділігі жоғары инновациялық технологияларды ендіру негізінде өңір экономикасының жеделдетілген дамуы; – әлеуметтік саланың және адами әлеуеттің дамуы, халық өмірі сапасы деңгейінің жоғарылауы, сапалы әлеуметтік қызметтердің барлық түрлерімен қамтамасыз етілуі; – экономиканы үдемелі индустриаландыруға және сапалы тұрғын үй-коммуналдық және көлік қызметтерімен қамтамасыз етуге ықпал ететін инфрақұрылым кешенін жаңғырту; – ауылдық аумақтарды жеделдетіп дамыту есебінен облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымдарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңестіру; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.

17 кестенің жалғасы

Аймақ	Стратегиялық құжат	Стратегиялық құжатты іске асыру бағыттары
Қарағанды		<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасы; – әлеуметтік сала; – инфрақұрылымдық кешен; – территориялық құрылымдар; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару
Қостанай	2011-2015 жж. арналған Қостанай облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту; – ауыл тұрғындарының өмір сүру шарттарын жақсарту.
Қызылорда	2011-2015 жж. арналған Қызылорда облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.
Маңғыстау	2011-2015 жж. арналған Маңғыстау облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту. –
Оңтүстік Қазақстан	2011-2015 жж. арналған Оңтүстік Қазақстан облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту. –
Павлодар	2011-2015 жж. арналған Павлодар облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.

17 кестенің жалғасы

Аймақ	Стратегиялық құжат	Стратегиялық құжатты іске асыру бағыттары
Солтүстік Қазақстан	Программа развития территории Солтүстік Қазақстан облысының аймақтарын дамытудың 5 жылға арналған бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – аймақ экономикасын дамыту; – әлеуметтік саланы дамыту; – инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – территориялық құрылымдарды дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.
Шығыс Қазақстан	2011-2015 жж. арналған Шығыс Қазақстан облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – өнеркәсіпте, агроөнеркәсіп кешенінде, инвестицияларда, шағын және орта кәсіпкерлікте, саудада және қоршаған ортада өнімділігі жоғары инновациялық технологияларды ендіру негізінде өңір экономикасының жеделдетілген дамуы; – әлеуметтік саланың және адами әлеуеттің дамуы, халық өмірі сапасы деңгейінің жоғарылауы, сапалы әлеуметтік қызметтердің барлық түрлерімен қамтамасыз етілуі; – экономиканы үдемелі индустриаландыруға және сапалы тұрғын үй-коммуналдық және көлік қызметтерімен қамтамасыз етуге ықпал ететін инфрақұрылым кешенін жаңғырту; – территориялық құрылым; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту. – бәсекені дамыту.
Астана қ.	2011-2015 жж. арналған Астана қаласын дамыту бағдарламасы	Дамыту бағдарламасы аймақтың шешуші әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге және осының негізінде тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру, өндірістік, еңбектік және зияткерлік әлеуеттерді жоғарылатуға және басқа мақсаттарға бағытталған.
Алматы қ.	2011-2015 жж. арналған Алматықаласын дамыту бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> – экономикалық даму; – әлеуметтік даму; – экономиканы жедел индустриализациялауға және сапалы тұрғын-үй-коммуналдық және көліктік қамтамасыз етуге ықпал ететін инфрақұрылымдық кешенді дамыту; – мемлекеттік жергілікті басқару және өзін өзі басқару жүйесін дамыту.
Ескертпе - Аймақтар әкімшілігінің сайттарының мәліметтерін қолдану негізінде құрастырылған		

Келтірілген кестеден көрініп тұрғандай, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары қазіргі уақытта барлық аймақтарда бар. Жалпы алғанда, бұл құжаттар кешендік және мақсаттық жоспарлаудың қазақстандық тәжірибесінде соңғы жылдары орын алған оңтайлы өзгерістерді көрсетті. Ұлттық және аймақтық жоспарлау әдісі анағұрлым шоғырланған және мақсаттық сипатқа ие болды, бағдарламалар мен жоспарлар, ереже бойынша, бағалық индикаторлар жүйесіне сүйемелденеді.

Алайда бұл бағдарламалардың болуы бүгінгі таңда аймақтардың экономикалық даму серпініне ықпал етпейді. Айта кету қажет, аймақтар дамуындағы зор алшақтықтарға қарамастан, олардың алдына қойылған міндеттер бірдей. Барлық бағдарламаларда дерлік экологиялық мәселелерді шешу бағыттылығы жоқ. Бұл тиімді экономикалық саясатты іске асыру құралдары ретінде стратегиялар мен бағдарламаларды байымды қайта құрудың қажеттілігін көрсетеді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, стратегиялық сипаттағы құжаттарға деген қатынасты өзгерту керек, олар ағымдағы жоспарларға жетекшілік етуі тиіс және стратегиялар мен бағдарламалардың ғылыми өңделу деңгейін көтеру қажет.

Дамудың жалпы стратегиясын қалыптастыру ерекшеліктері мен мәселелерін Ақтөбе облысының мысалында қарастырайық. Бағдарламада аймақ дамуының келесі нақты мақсаттық басымдықтары анықталған:

- қайта өңдеу салаларының дамуын, жоғары қосылған құны бар дайын өнім экспортын сыртқы нарыққа жылжытуды қамтамасыз ететін, аймақтың бәсекеге қабілетті дербестігін күшейту үшін, экологиялық қауіпсіздікті қадағалай отырып, инновациялық кәсіпкерлік және өмір сүру сапасын жоғарылату үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, сапалы әлеуметтік қызметтердің барлық түрлерімен қамтамасыз ету;

- энергетикалық, инженерлік, көліктік, су шаруашылығы инфрақұрылымын үйлестірмелі дамытуды қамтамасыз ету және тұрғындардың өмір сүруіне қажетті қолайлы ортаны құру;

- аймақты орнықтыру және құрылымдаудың тиімді жүйесін қалыптастыру, ол рационалды орналастыру және Ақтөбе облысының әкімшілік-территориялық құрылымын жетілдіруді қамтамасыз ете отырып, экономикалық перспективті және өмір сүруге қолайлы аймақтарда тұрғындарды шоғырландыру және елді мекендер аумақтарының санитарлы және эстетикалық жай-күйін жақсарту есебінен іске асады;

- мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша мемлекеттік органдар қызметін үйлестіруді дамыту, аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттілігін және тұрғындар өмірінің сапасын қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін өзі басқару құрылымдарын дамыту [80, б.48].

Берілген бағдарламада, біздің ойымызша, нақты кешендік шешімдерді, бірлескен әрекеттерді, олардың салдарларын жою талап ететін мәселелер жөнді

сипатталмаған. Ақтөбе облысы үшін осындай мәселелер, мысалы, өнеркәсіптегі және ауыл шаруашылығындағы технологиялық және құрылымдық өзгерістердің экологиялық зардаптары, жергілікті ғылыми-техникалық және білім беру әлеуетін әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін пайдалану, урбанизация және ішкі миграцияның салдарларын өтеу, әлеуметтік және еңбек жанжалдарының кешендік және көпқырлы профилактикасы болып табылады. Экономикалық және әлеуметтік мүдделердің мүмкін жанжалдары болжанбайды, оларды гармонизациялау бойынша шаралар көзделмейді, әлеуметтік өмірдің және бизнестің әр түріне іске асырылатын шаралардың қайшы ықпалын кеңінен талдау жоқ. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінде дағдарыстық жағдайлардың пайда болуы жолындағы негізгі кедергі билік органдарының үйлестірілген қызметі болуы тиіс. Осыған байланысты осы органдардың қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша функциялары мен өкілеттіліктерін асыру құралын анықтаудың қажеттілігі туындайды.

Аймақтық мақсатты бағдарлама ретінде іске асыру міндеттері, ресурстары және мерзімдері бойынша байланысты және аймақтың экономикалық, экологиялық, әлеуметтік дамудың жүйелік мәселелерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін іс-шаралардың кешенін түсінуге болады. Зерттеу көрсеткендей, аймақтың түрлі салаларында тап осы жүйелік мәселелер дағдарыстық жағдайлардың көзі болып табылады, олардың алдын алу және жою экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты міндеті болып табылады.

Аймақтық мақсаттық бағдарлама бірнеше қосалқы бағдарламалардан тұруы мүмкін, олар экономикалық қауіпсіздіктің нақты салаларында жүргізілген мониторинг процесінде анықталған дағдарыстық жағдайларды жою және алдын алуға бағытталуы мүмкін. Әр тармақ қауіпсіздіктің нақты саласындағы дағдарыстық жағдайларды жою және алдын алуға бағытталуы керек, ал олардың саны қауіпсіздік қатерлері анықталған салалар санына сәйкес келуі тиіс.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша аймақтық бағдарламаларды әзірлеу және іске асырудың артықшылықтары төмендегідей:

- әзірлеу және бекіту туралы шешімнің логикалық негізділігі, ол экономикалық қызмет қатерлері төнген жағдайда ғана бағдарлама қабылданады;

- қауіпсіздік қатерлері анағұрлым үлкен және олардың алдын алу басым бағытты міндет болып табылатын аймақтың әлеуметтік-экономикалық салаларына мақсатты бағыттылығы;

- мақсаттары ұқсас келетін әр түрлі бағыттағы облыстық мақсаттық бағдарламалардың көп санын қысқарту мүмкіндігі;

- облыстық мақсаттық бағдарламалардың жалпы санының қысқаруына байланысты облыстық бюджет құралдарын үнемдеу;

- аймақтық билік органдарының облыстың экономикалық қауіпсіздігін бағдарламалық іс-шаралар көмегімен жақсарту мүмкіндігі;

– бүкіл бағдарламаны, сондай ақ оның жекелеген тармақтарының тиімділігін анықтау мүмкіндігі;

– мақсатты бағдарламалық іс-шаралардың жеткіліксіз тиімділігі орын алған жағдайда оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігі [93].

Диссертациялық зерттеуде аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің аймақтық мақсатты бағдарламасының үлгілік құрылымын әзірлеуге талпыныс жасалды, ол аймақ дамуының стратегиялық мақсаттарын және оларға қол жеткізу құралдарын қосатын, жалпы түпкі ойды көрсетеді. Қолдану мақсатына сәйкес, бағдарлама үш блоктан тұрады (сурет 7).



Сурет 7 – Аумақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің аймақтық мақсатты бағдарламасының үлгілік құрылымы

Бағдарлама үлгісін әзірлеу кезінде, біз кез келген аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары ретінде аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің ішкі және сыртқы қатерлерге төтеп бере отырып, тұрақты қызмет ететін және ілгерілемелі дами алатын жай-күйіне қол жеткізу және сақтауды түсінеміз.

Блоктар әр түрлі функционалдық мақсатқа ие: мақсатты тұжырымдау блогы – ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып аймақ дамуының

шешуші мақсаттары мен міндеттерін анықтайды; ұйымдық блок –бағдарламаны іске асыруды басқарудың ұйымдық-экономикалық тетігін анықтайды және негіздейді; нәтижелілікті бағалау блогы – критерийлер және оны бағалау әдістері, бағдарлама мониторингінің әдістемелік және ұйымдық сызбасын көрсетеді.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша аймақтық мақсатты бағдарламаның тиімділік критерийлерін әзірлеу барысында аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің көрсеткіштерін қолдану ұсынылады.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасының басым бағытты блоктарының бірі нәтижелілікті бағалау блогы болып табылады, оның аясында қабылданатын шаралардың нәтижелілігін көрсететін көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру жүзеге асырылады және берілген облыстағы аймақтық саясаттың мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар оларды іске асыру кезеңінде іске асатын шараларды олардың тиімділігін жоғарылату мақсатында түзету мүмкіндігі қарастырылады.

Аймақтың даму стратегиясын іске асыру нәтижесін, сонымен бірге оның тиімділігін бағалау стратегияны түзету бойынша ұсыныстарды ары қарай әзірлеу мақсатында қолданыстағы әлсіз буындарды, есепке алынбаған факторларды, пайда болған мүмкіндіктерді, оңтайлы тәжірибені анықтауға негіз болуға тиісті.

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бағдарламаны қалыптастырудың әзірленген әдістемелік жолы мемлекеттік биліктің функциясы ретінде аймақтық стратегиялық басқарудың сапасын көтеруге мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бағдарламаның үлгілік құрылымы, стратегияны әзірлеу және іске асыру процесінде пайда болатын шешуші аспектілерді есепке ала отырып, аймақтық дамудың мемлекеттік реттеу саясатын тиімді құралмен жабдықтауға мүмкіндік береді, ол тек аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық басымдықтарына қол жеткізу бойынша әзірленген шаралар кешенін тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін ғана қажет емес.

Аймақтың стратегиялық басқару жүйесін қалыптастыру барысында басқарудың тиімді әдістерін анықтау мәселесі аса маңызды. Экономика ғылымының стратегиялық басқарудың қолданыстағы тұжырымдамалары мен әдістерін талдау нәтижесінде аймақтық дамуды басқарудың отандық тәжірибесінде қолдануға болатын екі негізгі әдісті анықтадық: селективті басқару әдісі, аймақтық маркетинг.

Селективті әдістің мәні, ең алғашқы кезекте, аймақтың қаржы құралдарын бекітілген басымдықтарға сәйкес қатаң мақсаттылықпен пайдалануға негізделеді, бұл анағұрлым маңызды әлеуметтік-экономикалық бағыттарды ары қарай дамытуды қамтамасыз етеді. Берілген әдістің апробациясы бірнеше онжылдықтар бұрын Экономикалық ынтымақтастық ұйымы елдерінде басталды және тез арада кеңінен тарады.

Қазақстан аймақтарында селективті сипаттағы шараларды пайдалану – басым бағытты объектілерді пайдалану, оларды дамыту үшін барлық күштерді жұмылдыру, сөйте тұра, ресурстардың шектілігі шарттарында минималды шығындармен қойылған мақсаттарға қол жеткізу – өтпелі және қалыптасып келе жатқан инновациялық экономиканың трансформациялық процестерімен түсіндірілетін аймақтық дамудың нақты мәселелерінің болуы аясында аса өзекті болып отыр. Жеке алғанда, селективті басқару форсайтты қолдану арқылы іске асуы мүмкін, ол аймақтың ғылыми-техникалық даму басымдықтарын анықтауды және жүзеге асыруды көздейді.

Аймақтық маркетинг, клиентбағышты басқару ретінде, қолданыстағы бәсекелік артықшылықтарды пайдалану есебінен аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесінің субъектілерінің қажеттіліктеріне және тұтынушылардың мақсатты топтарына бағышталу арқылы аймақтың әлеуметтік саласын және шаруашылықты кешендік дамытудың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу және іске асыруды көздейді. Яғни, маркетингтік әдісті қолдану арқылы аймақтық дамуды басқару аймақ тұрғындары мен бизнес-орта мүдделеріне сәйкес берілген аймақтың бәсекелік артықшылықтарын құру, дамыту, тиімді жылжыту және пайдалану арқылы тұрғындардың тауарларға және қызметтерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге бағыттылықты көрсетеді. Сонымен бірге, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесінің түрлі субъектілері әріптес болуға қызығушылық танытатын сыртқы субъектілердің қажеттіліктеріне бағытталады [94].

Билік органдары тәжірибесінде аймақтық маркетингті пайдалану тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және аймақтың бәсекеге қабілеттілігін көтеру үшін аймақта қандай қызмет түрлерін дамыту қажет деген сұрақпен байланысты. Қазақстандық тәжірибеде аймақтарды басқарудың мемлекеттік органдары маркетингтік әдісті келесі міндеттерді шешуде қолдануына болады:

- аймақ территориясында мемлекеттік қолдауға анағұрлым мұқтаж кәсіпорындар мен ұйымдарды анықтау, олардың жеделдетілген дамуы экономиканы құрылымдық қайта құруды және аймақтың басқа әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге мүмкіндік береді;

- жекелеген тауарлар мен қызметтерге сұраныс пен ұсынысты реттеу, оңтайлы салық және баға саясатын, экспорттық-импорттық квоталар мен баждар есебінен ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өнімі бағаларының тепе-теңдігін қамтамасыз ету;

- аймақтық мемлекеттік тапсырыстарды сауатты қалыптастыру (құрылыс объектілеріне, ауыл шаруашылығы тауарларына, инновациялық өнімге және т.б.);

- мақсаттық аймақтық бағдарламаларды әзірлеу үшін аймақтық дамудың басым бағыттарын анықтау.

Барлық әдістердің мақсатты сипаты және аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жалпы стратегиясына кіріктірілетіндігі қағидатты болып табылады. Аймақ дамуының түрлі стратегиясын іске асырудың тізбектелген әдістері жүйелі түрде қолданылуы тиіс және бағдарламалы-мақсатты әдіске негізделуі тиіс. Одан басқа, бағдарламалық-мақсаттық әдісті қолдану аясында аймақтардың инновациялық дамуына баса назар аудару қажет. Инновацияларды қолдау үкімет саясатының басым бағыттарының біріне айналуы тиіс, бұл мемлекет тарапынан осындай қолдаудың тетіктері мен құралдарын әзірлеуді қажет етеді.

Осылайша, жоғарыда бөліп көрсетілген бағыттарды ескеретін аймақтық дамуды басқару ел аймақтарының тұрақты және қауіпсіз дамуына көшуін қамтамасыз етуге қабілетті аймақтық саясаттың мақсаттарын, міндеттерін, бағыттарын және құралдарын нақты анықтау негізінде аймақтардың қызмет етуі және дамуының инновациялық бағыттылығын және тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3.3 Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің инновациялық парадигмасы

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы Қазақстанды заманауи мәселелерге жауап беруге бағышталған жаһандық және тұжырымдық міндеттерді шешуге және қуатты және бәсекеге қабілетті экономиканы, сенімді әлеуметтік саясатты, жоғары технологиялық индустриалды секторды қалыптастыру үшін алғышарттар қалыптастыруға мақсаттайды. Ұлттық экономика дамуының инновациялық үлгісіне өту елдің және оның аймақтарының даму стратегиясының басты басым бағыты ретінде анықталады.

Экономикалық қауіпсіздік жүйесінде инновациялық қызмет оның едәуір күрделі құрамдас бөліктері түрінде көрінеді, өйткені жаңашылдықтар енгізудің қарқындылығы, бір жағынан, ұйымдық-экономикалық факторлардың үлкен жиынтығымен түсіндірілсе, ал екінші жағынан – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақтылығына ықпал етудің түрлі бағыттарын қолдану мүмкіндігімен түсіндіріледі, ол келесілерден көрінеді:

- инновациялық процестердің тиімділігінің артуы, валюталық түсімдердің артуы және осы негізде әлемдік нарықтағы позицияларының нығаюы барысында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, бұл елдің тұрақты және теңгерімді дамыту көздерін қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

- шаруашылық субъектілерін қаржылық және коммерциялық тәуекелдерден қорғауға мүмкіндік беретін арнайы институционалдық жүйені қалыптастыруға ықпал ететін инновациялық даму жолына өту;

- инновациялық белсенділіктің өсуі барысында ақпараттық ағымдардың қарқындылығының өршуі, ол мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігі мәселелерінің өткірленуіне әкеп соғады және шаруашылық субъектілері мен

жалпы елдің мүдделерінде жаңа енгізулер нәтижелерін қорғау бойынша тетіктер қалыптастыруды талап етеді;

– корпоративтік және мемлекеттік институттарды қабылдауға және дағдыландыруға дайын жаңа енгізулердің санын ұлғайту және радикалдылық деңгейін көтеру, бұл осы құрылымдардың нығаюына, олардың өндіріс тиімділігін көтеруге, осының негізінде инновациялық өнім шығаруға ықпалын тигізеді;

– шаруашылық субъектілерін инновациялық даму жолына өткізу нәтижесінде әлемдік нарықта отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін нығайту;

– отандық өндірісшілердің бәсекеге қабілеттілігінің өсуі нәтижесінде бәсекелестердің қатаң жауапты әрекеттерінің көрінуі [95].

Инновациялық дамудың шет елдік тәжірибесін талдау бірнеше қойылымдық үлгілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, олар жаңашылдықтардың бағыттылықтарымен, ғылыми-техникалық әлеуетті қалыптастыру және қолдану ерекшеліктерімен, инновациялық процес субъектілері арасындағы өзара ықпал ету ерекшеліктерімен, мемлекеттік инновациялық жүйенің ашықтығымен және мемлекеттік инновациялық стратегия мақсаттарымен ерекшеленеді (кесте 18).

Кесте 18 – Инновациялық дамудың қойылымдық үлгілерінің сипаттамасы

Қойылымдық үлгі	Берілген үлгіні қолданатын елдер	Үлгінің сипаттамасы
Ғылыми-инновациялық дамуды «арттыру» үлгісі	АҚШ, Финляндия, Канада, Ұлыбритания сияқты жоғары дамыған елдер және Батыс Еуропаның т.б. елдері	Ғылымдағы жетекшілікке және жеке ғылыми-техникалық әлеуетті, оның ішінде шет ел инноваторларын тарту арқылы тиімді қолдануға бағышталған. Инновациялық даму білім беру жүйесін басымдықты дамыту, едәуір мемлекеттік қолдау және бизнестің белсенді позициясын нығайта отырып, академиялық сектордың іргелі ғылыми зерттеулерін және қолданбалы фирмалық әзірлемелерді ықпалдастыру негізінде іске асырылады.
«Көшіру» үлгісі»	XXғасырдың ортасындағы Жапония үшін тән	Инновациялық дамудың берілген үлгісінде шет елдік ғылыми-техникалық әлеуетті жаңа білімдерді экономикаға енгізу барысында өңдеу арқылы қолданылады. Жеке қолданбалы зерттемелер мен әзірлемелер анағұрлым дамыған – жеке алғанда, бұл экономиканың корпоративтік секторында орын алады, ал іргелі ғылымдардың жетіспеушілігі мемлекеттің ролі мен бизнес-қауымдастықтың белсенді позициясы кезінде жаңашылдықтарды шеттен алумен өтелінеді.

Қойылымдық үлгі	Берілген үлгіні қолданатын елдер	Үлгінің сипаттамасы
«Қуып жету» үлгісі	Қытай, Оңтүстік Корея, Гонконг, Тайвань, Индонезия, Таиланд, Сингапур, Филиппиндер және т.б.	Елдегі инновациялық дамудың осы әдісі кезінде дамыған елдерде бұрын шығарылған өнімдердің өндірісі игеріледі, ол ғылым мен инновациялардың даму қарқындарын қамтамасыз ету негізінде іске асады. Мемлекет инновациялық инфрақұрылымды дамыту, ұлттық экономиканың әлемдік ғылыми-техникалық ілгерілеу жетістіктерін қабылдауын қамтамасыз ету, ғылым мен технологиялар облысындағы түрлі
		секторлар мен экономика салаларының әрекеттерін үйлестіру арқылы жаңашылдықтарды ынталандыра отырып, инновациялық дамуда басым бағытты роль ойнайды.
Ескертпе - Әдебиеттерді шолу негізінде автормен құрастырылған		

Қазақстанда әзірге аралас инновациялық үлгі қабылданған, ол «қуып жету» және «көшіру» үлгілерінің құрамдас бөліктерін қосады, алайда әлеуметтік-экономикалық дамудың түрлі мәселелері болғандықтан, қолданыстағы үлгі төмен тиімділігімен сипатталады. Мәселен, елдің және оның аймақтарының инновациялық дамуы қазіргі уақытта институционаларалық өзара ықпал етудің төмен мәдениеті, бизнес пен ғылымның әріптестігінің жоқтығы; шектен тыс бюрократияның болуы (жаңа өнімді сертификаттау және т.б.); инновациялық жобаларды іске асыратын кәсіби мамандардың жоқтығы; инновациялық өнімдер мен технологияларды енгізу үшін қаржыландыруды тартудың қиындығы және т.б. сипаттайды.

Дәл сол уақытта, республикада және оның аймақтарында, кеңес кезеңінде қалыптасқан және өзінің деңгейін әзірге толық жоғалта қоймаған ғылыми-техникалық әлеуетті ескеретін болсақ, онда «арттыру» үлгісін қолдануға болады, ол шет ел инвестицияларын тартуды және дамыған инновациялық экономикасы бар елдердің тәжірибесіне жүгінуді көздейді.

Қазақстанда және оның аймақтарында инновациялық даму үлгісін іске асыру үшін, ең алдыңғы кезекте, аймақтың жобаланатын инновациялық бағытты әлеуметтік-экономикалық жүйесінің құрастырылмалы сипаттарын, құрамдас бөліктерін анықтау қажет.


Аймақтардың инновациялық дамуы ретінде біз аймақтық өндірістің салалық құрылымын өнеркәсіптің ғылыми сыйымды салаларын дамытуға, аймақтық инновациялық жүйе және инновациялық инфрақұрылым құруға және дамытуға, инновациялық кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруға қайта бағдарлауды түсінеміз [96].

Аймақта білімдер экономикасын қалыптастыруды қамтамасыз етуге қабілетті аймақтың инновациялық даму үлгісінің арнайы құрастырылмалы құрамдастарына келесілер жатады: аймақтың инновациялық сферасы, аймақтық инновациялық жүйе, инновациялық инфрақұрылым, аймақтың ғылыми-техникалық әлеуеті, инновациялық бейімділігі, инновациялық қызмет ұйымдарының арнайы формалары, инновациялық бизнес-орта (сурет 8).

Үлгілеудің бастапқы сәті осындай қызметтің мақсатын анықтау болып табылады. Ол, бір жағынан, жалпылай түрде тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету және экспорттық әлеуетті арттыру арқылы қалыптастырылады, оларға өнеркәсіптің барлық салаларының негізі ретіндегі жоғарғы технологиялық өндірістерді қарқынмен дамыту, өнімнің технологиялық деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігін көтеру, ішкі нарықтағы импортты отандық өндіріс тауарларымен алмастыру есебінен қол жеткізіледі. Басқа жағынан, – экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтің мақсатына қатысты, бірінші мақсат ұлттық экономика мүдделерін қорғаудың жалпы жүйесіндегі құрамдастардың бірі ретінде қарастырылады. Сәйкесінше, берілген жағдайда мақсаттардың ара қатынасы тұтас және оның бөлігі ретінде көрінеді, және олардың бірінің іске асуы барысында екіншісінің де іске асуы қамтамасыз етіледі.

Аймақтың инновациялық сферасы аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйенің маңызды салаларының бірі болып табылады, оның ішінде инновациялық процестің жекелеген субъектілері арасында өзара ықпалдасу іске асырылады, ол келесі сәйкес нарықтардың қызмет етуі мен дамуы арқылы болады: ғылыми-техникалық еңбек және инженерлік-техникалық әзірлемелер; интеллектуалдық меншік құқықтары; инновацияларға инвестициялар; инновациялық қызметті қолдау бойынша түрлі қызметтер; тұтынушылық және өндірістік жаңашылдықтар.

Қазақстан аймақтарындағы инновациялық сфера дамуының негізгі мәселелері орталық – аймақтар, аймақтар – аймақтар әрекетін үйлестірудің төмен деңгейімен түсіндіріледі. Мәселен, ҚР Ұлттық инновациялық қоры сарапшыларының ойынша, көптеген аймақтарда ғылыми-зерттеу жұмыстарының шығындарының едәуір ұлғаюының сипаттық белгілері байқалады. Ал кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі және инновациялық өнім шығару аз қарқынмен, кейде тіпті де бұл көрсеткіштердің құлазуымен іске асады. Яғни, бұл жұмыстардың өндірістік сектор үшін тәжірибелік маңызы жоқ және декларативті сипатта болады. Басқа жағынан алғанда, сарапшылар көрсеткендей, аймақтардағы қаражаттың жеткіліксіздігі толық көлемде ішкі әлеуетті кәсіпорынның инновациялық белсенділігін дамытуға, үйлестіруге, тартуға және шоғырлауға мүмкіндік бермейді. Бұл шағын және орта бизнес субъектілерін де, аймақтық университеттер, технопарктер, даму институттарының ғылыми және зерттеу әлеуетін де инновациялық қызметке қатыстыру процесін тежейді [97].



Сурет 8 – Аймақтың инновациялық даму үлгісі

Ескертпе - Автормен құрастырылған

Ел аймақтарының инновациялық даму жолына өтуін қамтамасыз ету үшін аймақтағы инновациялық процестің барлық қатысушыларының тиімді өзара әрекет етуін қамтамасыз ету, инновациялық циклдың барлық кезеңдерін дұрыс үйлестіру, ғылыми-техникалық білімдердің қолданбалылығын және диффузиясын, олардың қол жетімділігін және коммерциализациялануын қамтамасыз ету керек. Мұның барлығына аймақтық инновациялық жүйені құру ықпалын тигізуі тиіс, ол құрамдас бөлік ретінде және елдегі бірыңғай мемлекеттік инновациялық жүйенің қатысты дербес буыны ретінде көрінеді.

Шет елдік тәжірибе көрсеткендей, аймақтық инновациялық жүйелер территориялық дамудың тиімді құралы болып табылады. Қазақстан аймақтарының инновациялық дамуының жинақталған тәжірибесі көрсеткендей, олар инновациялық даму жолына біркелкі өтіп жатқан жоқ, олардың арасында көшбасшылар да, қалыс қалғандар да бар. Берілген ерекшеліктерді түсіндіруге болады: аймақтар өзінің ғылыми-техникалық, өндірістік әлеуеттерімен, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдарының даму деңгейлерімен айрықшалаынады. Алайда бұл айырмашылықтар аймақтық инновациялық жүйелердің сол немесе басқа құрамдастарын қолдау және дамытуға негізделген аймақтық инновациялық саясаттар мен жекелеген бағдарламалардың құрамына әсер етпей қоймайды. Сәйкесінше, аймақтық экономикалардың нақты сипаттарына байланысты, аймақтық инновациялық жүйелерді қалыптастырудың тетіктері де, сондай ақ оны қалыптастыруды мемлекеттік қолдау тетіктері де айрықшалануы тиіс.

Инновациялық инфрақұрылым аймақтық инновациялық жүйенің қосалқы жүйесі ретінде оның субъектілерінің қызметі аймақтағы инновациялық процестің барлық қатысушылары арасындағы өзара ықпалдастықты қамтамасыз ету арқылы аймақтық экономиканың инновациялық даму тиімділігін анықтайды. Инновациялық инфрақұрылым, бір жағынан, аймақтың инновациялық даму үлгісін іске асыру құралы ретінде болса, ал екінші жағынан, оның қызметі инновацияларға деген нарықтық сұраныспен анықталады, өйткені инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру арнайы қызметтерімен бірге оның институттарын құру қажеттілігімен сипатталады [98].

Қазіргі уақытта Қазақстан аймақтарында инновациялық инфрақұрылымның түрлі субъектілері қызмет етеді, олар: еркін арнайы экономикалық аумақтар, индустриалдық аумақтар, технопарктер, тәуекелді инвестициялау акционерлік қорлары, технологияларды коммерциализациялау орталықтары, салалық құрастырушылық бюролар, халықаралық технологиялар трансферті орталықтары, инновациялық кластерлер.

Алайда, олардың көбісі қалыптастырылу кезеңінде жатыр, бұл олардың қызмет етуінің толастығымен және олардың инновациялық инфрақұрылымның толыққанды субъектісі ретінде қалыптасуына кедергі жасайтын мәселелерінің болуымен түсіндіріледі. Инновациялық инфрақұрылымның субъектілерінің негізгі қиындықтарына келесілерді жатқызуға болады: олардың қызметтерінің заңнамалық негіздерінің жетілмегендігі; олардың қызметін қаржылық

камтамасыз етудің тиімділігінің жоқтығы, әсіресе алдыңғы кезеңде; инновациялық инфрақұрылымның қолданыстағы субъектілерінің арасындағы өзара ықпалдастықтың дұрыс жүйесінің болмауы; кадрлық ресурстармен жеткіліксіз қамтылу; ғылыми ұйымдардың инновациялық белсенділігінің жеткіліксіздігі; өнеркәсіптік кәсіпорындардың инновациялық бейімділігінің төмендігі.

Аймақтың ғылыми-техникалық әлеуеті ретінде біз іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерге шығындардың нақты көлемін жұмсау барысында тиелген инновациялық өнім көлемі шамасында көрінетін, аймақтық ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің сәйкес нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін, аймақтағы ҒЗТКЖ-ның жиынтық ресурстық, технологиялық және кадрлық базасын түсінеміз. Аймақтың ғылыми-техникалық әлеуеті аймақтың жедел міндеттерін шешу үшін ғылыми-зерттеу топтарын тез арада қалыптастыру мүмкіндігін, сонымен қатар аймақта құрылған ілгерілемелі технологияларды өндірілетін тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін елде және шет елде қабылдау және енгізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан экономикалық белсенділіктің жағрафиялық шашыраңқы орталықтары бар орасан зор мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасының аймақтары үшін ғылыми-техникалық әлеуеттің біртекті бөлістірілуі тән, оның шоғырлануы көбінесе ірі, дамыған Алматы және Астана қалаларында. Қазақстанның және оның аймақтарының ғылыми-техникалық әлеуетінің маңызды сипаттамаларының бірі ғылым мен өндірістің арасындағы тікелей байланыстың жоқтығы болып табылады, бұл бүкіл ғылыми-техникалық әлеуетті іске асырудың төмен тиімділігін анықтайды, және, ақыр соңында, инновациялық қызметтің дамуына кері ықпалын тигізеді, оның аймақтардағы және жалпы елдегі дамуын едәуір тежейді.

Ғылыми-техникалық әлеуетті дамытудың маңызды аспектісі ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты жақсарту болып табылады. Осы бағыт бойынша жоғарғы оқу орындарының әлеуетін жетекші ЖОО базасында зерттеу университеттерін құру арқылы ғылыми-техникалық қызметке қатыстыру қарастырылып отыр. Одан басқа, аймақтық деңгейде, жетекші ЖОО базасында жоғарғы технологиялар аумақтарын құру жоспарлануда, олар ғылым мен өндірістің консалидациялануына ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар жетекші ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, елдің шешуші аймақтары мен технологиялық дамудың басым салаларындағы технологияларды коммерциализациялау орталықтарымен бірлесе отырып, зерттеу және инжинирингтік орталықтарды құру жоспарлануда. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде қолдану мақсатында ЖОО-н және ҒЗИ-нлабораторияларын заманға сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету тұрғысынан олардың материалдық қамсыздандырылуын мемлекеттік қаржыландыру қарастырылуда [99].

Инновациялық бизнес-орта ілгерілемелі технологияларды дамыту және нарықтық жылжытуда мотивтерді құру және қолдау жүйелері мен тетіктерінің жиынтығын көрсетеді. Берілген әдіс технологияларды, жоғарғы технологиялық өнімдер мен қызметтерді сатудан табыс алуға бағытталған экономиканы құруға

негізделеді. Ол, ең алдыңғы кезекте, инновациялық дамуды мемлекеттік ынталандыру жолымен жүзеге асырылады. Мемлекет берілген аймаққа қажетті бизнес-қауымдастықтарды құру және өсірудің инновациялық тетіктері есебінен көмектеседі.

БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының сарапшылары көрсеткендей, Қазақстан кәсіпкерлік ортаны либерализациялау бойынша қадамдар қабылдай отырып, әлсіз дамыған инфрақұрылым әсерінен пайда болатын қиындықтарға төтеп бере отырып, кәсіпкерліктегі бөгеттерді жоюда едәуір ілгерілеуге қол жеткізді. Алайда, олардың ойлары бойынша, инновациялар есебінен экономикалық әртараптандыруды іске асыру бойынша саяси бастамаларды қолдауға қажетті машықтардың жетіспеушілігі мәселесі шешілмей қалып отыр [100].

Аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйенің инновациялық бейімділігі жаңашылдықтардың алуан түрлерін аймақтық экономика мен қоғамның барлық сфераларында іске асыру, тарату және пайдалану мүкіндіктері мен шарттарының болуы ретінде қарастырылады [101]. Инновацияларға дайын болмау, оларға бейімделмеу аймақ тұрғындарының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен, инновациялық процестің аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарында жеткіліксіз жариялануымен, аймақтағы инновациялық кәсіпкерліктің дамуына кесірін тигізетін жоғары ұйымдық-экономикалық кедергілермен түсіндіріледі.

Инновациялық бейімделу аясында өзінің өзекті шешімін табуды қажет ететін маңызды мәселе инновациялық қызметті ақпараттық қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін құру болып табылады. Бұл тетіктің нәтижелілігі едәуір шамада аймақтардың ұдайы әлеуметтік-экономикалық мониторингінің сапасына тәуелді. Егжей-тегжейлі мониторинг, біздің ойымызша, инновациялық қызметті жақсарту және дамытуға бағытталған басқару шешімдері мен рекомендацияларды дайындау мақсатында аймақтағы экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, ғылыми және инновациялық ахуалды байқау, талдау, бағалау және болжауды қамтуы тиіс.

Маңызды рольді инновациялық экономиканы ақпараттық қамтамасыз етудің құрылымдық бөлігі ретінде кәсіпорындардағы инновациялық қызмет пен инновациялар маркетингі алады. Инновациялық маркетинг, кәсіпорындардың инновациялық өнімін іске асыру процесімен байланысты барлық мәселелерді зерттеу бойынша іс-шаралар кешенін көрсетеді, оларға: тұтынушыны зерттеу және олардың нарықтағы мінез-құлқының мотивтерін зерттеу; инновациялық өнімді және оны іске асыру арналарын зерттеу; бәсекелестерді зерттеу және олардың инновациялық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін анықтау.

Аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйе аясында аймақтың инновациялық даму үлгісінің көрсетілген құрамдас бөліктерін құрастыруды қамтамасыз ету биліктің аймақтық органдарының тиімді инновациялық саясатымен анықталады. Оларды іске асырудың негізгі бағыттарын, басым бағыттарын және кезеңдерін аймақтар экономикасының қажеттіліктері мен инвестициялық ресурстарының болуын ескере отырып қалыптастырған дұрыс.

Аймақтың инновациялық даму үлгісін әзірлеу кезінде инновациялық қызметтің ерекшеліктерін есепке алу қажет, олар оның аймақтық ереушеліктеріне байланысты. Мәселен, Ақтөбе облысында инновациялық қызметті ынталандыратын да, және оны тиімді іске асыруға кедергі жасайтын да факторлар қатарын бөліп көрсетуге болады.

Ақтөбе облысындағы инновациялық қызметті ынталандыратын факторлар келесідей:

- облыстың тиімді жағрафиялық орналасуы, Еуропа – Азия бағдары бойынша едәуір көліктік-логистикалық және транзиттік әлеует, бұл инновациялық технологияларды коммуникациялық және ақпараттық-коммуникациялық салаларда дамытуға мүмкіндік береді;

- кара және түсті металлургия саласындағы едәуір экономикалық әлеует және медициналық және мұнай жабдықтарын өндірудегі инновациялық әлеует;

- қолайлы инвестициялық климат, инвестициялық белсенділіктің жоғарғы деңгейі және негізгі капитал салымдарының өсу қарқындары;

- заманауи кәсіби білім беру үшін ресурстар кешенінің болуы: инфрақұрылым, профессорлық-оқытушылық құрамы.

Инновациялық қызметті тежейтін факторлар Ақтөбе облысының төмен инновациялық белсенділігін көрсетеді, ол аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйінен көрінеді. Оларға келесілер жатады:

- біртұтас аймақтық инновациялық жүйенің болмауы, оның ішінде: инновациялық жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде қолдаудың біртұтас жүйесінің; инновациялық жүйенің барлық аймақтар үшін бірыңғай инфрақұрылымының; технологиялар трансферінің аймақтық желісінің жеткіліксіз тиімді жұмысының; инновациялық қызметті ынталандырудың маңызды қаржы тетіктерінің; аймақтық деңгейдегі инновациялық қызмет нәтижелерін статистикалық есепке алудың объективті жүйесінің жоқтығы;

- облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарының отандық қолданбалы ғылымға инновациялар көзі ретінде бағышталуы үшін жағдайлардың болмауы, бұл олардың технологиялық жаңғырту саласында импорттық технологияларға іс жүзінде сүйенуіне әкелді;

- инновациялық сфера үшін кадрларды кәсіби дайындау және қайта даярлау жүйесінің жеткіліксіз дамығандығы, кәсіби білім беру мекемелерінің түлектерін инновациялық сферадағы кәсіпорындарға бекіту тетігінің болмауы;

- экономиканың шынайы секторы тарапынан инновациялық әзірлемелерге сұраныстың жеткіліксіздігі.

Берілген мәселелерді шешу үшін аймақта инновациялық даму үлгісін әзірлеу және іске асыру қажет, ол тек білімдер экономикасының дүниежүзілік қауымдастықта қалыптасуы шарттарында аймақтың бәсеке қабілеттілігін жоғарылатуға ғана емес, керісінше, ең алдыңғы кезекте экономикалық тұрақтылық пен теңгерімділікке қол жеткізуге бағышталады. Оған аймақтың бірыңғай инновациялық кеңістігін құру, ғылыми-зерттеу және инженерлік-

жобалық жұмыстардың сипаты мен бағыттылығындағы сәйкес өзгерістерді енгізу жолымен қол жеткізіледі.

Тек ғылымның шұғыл экономикалық міндеттерін шешуге бағышталуы ғана тұрақты және қауіпсіз дамуға өту процесіндегі қажетті нәтижелерді қамтамасыз етуге қабілетті. Ол үшін мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат қауіпсіз даму тұрғысынан алғанда аймақтық инновациялық жүйені қалыптастыру және жетілдіруді іске асыра отырып, өзара байланысты, кешендік сипатқа ие болуы тиіс, сөйте тұра келесі жағдайларға негізделуі керек:

- шаруашылық қызметті және оларды қалпына келтіру қарқындарын іске асыру үшін табиғи ресурстарды тұтыну қарқындарының өсуінің қолданыстағы теңгерімсіздігін жою мақсатында барлық әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар мен стратегиялардың сәйкестігін қамтамасыз ету;

- экономикалық ықпалдастықты гармонизациялауға ықпал ететін инновациялардың барлық түрлерін әзірлеу, енгізу және тарату негізінде аймақтағы өндірістік-шаруашылық қызметтен келетін экологиялық залалының пайда болуын өтеу және оның алдын алуды қамтамасыз ететін құқықтық, әкімшілік тетіктерді толассыз түрде жетілдіріп отыру;

- отандық өнеркәсіпті және көлікті дүниежүзілік стандарттарға сай келетін, экологиялық таза энергияны және ресурстарды үнемдейтін технологияларға және экологиялық қауіпсіз өнім өндіруге өтуді ынталандыру бойынша жалпы мемлекеттік саясаттың да, сондай ақ аймақтық саясаттың да тиімді шараларын қабылдау;

- инновациялық қызметтің институционалды саласын жетілдіру (аймақтық инновациялық жүйені қайта құру; қажетті құрылымдық бөлімшелері бар бірыңғай аймақтық үйлестіру орталығын қалыптастыру, олар аймақтың әлеуметтік, экономикалық институттарын инновациялық және тұрақты даму жолына көшуін ұйымдастыра отырып, ниеттес, біріккен және үйлестірілген әрекеттерді қоғам өмірінің барлық сфераларында іске асыратын еді; кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің тиімділігін жоғарылату);

- бүкіл ел аумағында да, сондай ақ оның әрбір аймағында қолданылуы міндетті, бірыңғай, тұрақты және қауіпсіз дамудың көрсеткіштері (критерийлері) жүйесінің аймақтық менеджментін тәжірибеге енгізу және толассыз қолдану;

- аймақтағы инновациялық циклды қысқарту үшін жағдайларды қамтамасыз ету негізінде тұрақты және инновациялық даму жолына өту базисі және іргелі негізі ретінде, ғылыми-техникалық кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесімен де, сондай ақ өндірістік сала мен инновациялық бизнеспен де ғылыми-зерттеу мекемелері мен тәжірибелік-конструкторлық ұйымдарды ықпалдастыру арқылы аймақтық экономиканы жаңғыртуды жеделдету негізінде аймақтың ғылыми-техникалық әлеуетінің деңгейі мен тиімділігін жоғарылату [102].

Халықаралық тәжірибеге сәйкес, экономиканы әртараптандыру және инновациялық даму жолына өту бойынша міндеттерді шешуде ерекше рольді интеллектуалды аумақтар (инновациялық кластерлер, технопарктер, техникалық өндіру аумақтары, бизнес-парктер) алады, олар ғылыми сыйымды технологиялар мен өндірістер құруға ықпалын тигізуі тиіс. Сондықтан әр түрлі интеллектуалды аумақтарды құру және қолдау саясатын әзірлеу және іске асыру аумақтың жоғары бәсеке қабілеттілігін және экономикалық қауіпсіздігіне қол жеткізудің негізі болып табылады.

Аймақтардағы инновациялық кластерлердің тиімді қызмет етуі үшін төмендегілерді құру қажет:

- кәсіби инновациялық маркетинг және технологияларды жылжыту бойынша сервистік компаниялар;
- инновациялық жобаларды жобалық үлгілеудің және басқарудың экспериментальды аймақтық орталықтары;
- академиялық мобильділіктің аймақтық орталықтары;
- кластерлердің қалыптасуы мен дамыту мониторингінің талдамалық орталықтары.

Инновациялық кластерлердің дамуына көбінесе олардың дамуына жаңа серпін беретін тікелей де, сондай ақ жанама да әдістер көмегімен аймақтық басқару органдары тарапынан қолдау ықпалын тигізеді. Жеке алғанда, бұл тек кластер құрылымының дамуын тікелей қаржыландыру арқылы ғана емес, сондай ақ кластерді дамыту және жылжытудың сәйкес кешендік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, түрлі инвесторларды тарту үшін шараларды енгізу, субъектілермен нақты бағыттарда бірлесе жұмыс жасауды ынталандыру және т.б. арқылы орындалуы мүмкін.

Қазақстан жағдайларына қатысты тек мемлекеттік қолдаудың тиімді шараларын енгізген кезде ғана өндіріс салаларындағы дәстүрлі жағдайды бұзуға болады, инновациялық кәсіпорындардың экономикадағы функцияларын күшейту мақсатында оларды бәсекелік артықшылықтармен қамтамасыз ету есебінен оларға ерекше маңыздылық жүктеуге болады. Қазақстан аймақтарында инновациялық бизнестің қызмет етуінің қалыпты жағдайларын құру үшін, ең алдыңғы кезекте, инновациялық фирмаларды ашу процедурасын жеңілдету, экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту және жеңілдіктер берудегі бюрократиялық рәсімдерді және т.б. жою қажет.

Осылайша, келесі қортынды жасауға болады. Аймақтар дамуының инновациялық үлгісін құрудың басты және қажетті шарттары, ең алдыңғы кезекте, биліктің аймақтық органдарының инновациялық саясаты болып табылады. Аумақтық ерекшеліктерді, нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларды, жинақталған ғылыми-техникалық әлеуетті ескере отырып, Қазақстанның әрбір аймағы үшін инновациялық дамудың пайда болып келе жатқан мәселелерін шешуде даралық әдісті пайдалану керек, және, сәйкесінше, дамудың аймақтық инновациялық үлгісін әзірлеуге де дара жол қолдану қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аймақтардың тұрақты дамуы аясындағы олардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеудің теориялық және әдістемелік жолдарына жүргізілген зерттеу келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

1. Экономикалық қауіпсіздік өзінің кез келген деңгейлерінде, жеке алғанда, аймақтық деңгейде қоғам мен мемлекеттің қарым қатынасының жүйесі ретінде қарастырылуы тиіс, және, осыған байланысты, экономикалық қауіпсіздік мәселелерін зерттеудегі негізгі жол жүйелік әдіс болуы қажет. Берілген зерттеу аясында аймақтың экономикалық қауіпсіздігі түсінігін автор аймақтың экономикалық қауіпсіздігі ретінде экономика тұрақтылығын, оның даму кезеңділігі мен даму тұрақтылығын, еркіндік деңгейі мен ел экономикасымен ықпалдасу деңгейін, сонымен бірге мемлекеттік биліктің аймақтық органдарының шаруашылық субъектілерінің мүдделерін іске асыру мен қорғау тетіктерін қалыптастыру қабілетін, аймақтық ықпалдастықтың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қалпында ұстау қабілетін сипаттайтын шарттар мен факторлардың жиынтығын түсінеді.

2. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін теориялық-әдістемелік зерттеу аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің әзірленген біртұтас тұжырымдамасын іске асыруға бағытталған жүйені сипаттайтын тұжырымдамалық үлгінің әзірлеуді қажет етеді. Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі жайттары, түсініктері, қағидаларына сүйене отырып, диссертациялық зерттеуде әзірленген үлгінің түрін көрсетуге талпыныс жасалған. Тұжырымдамалық үлгіні құру технологиясы ретінде жүйелік жобалау технологиясы қолданылған, оның негізінде жүйелік талдаудың қағидалары мен әдістері жатыр, жүйелік талдау зерттеудің әдістемелік базасы ретінде таңдап алынған. Жұмыста аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын, мақсат, объектілер, субъектілерден тұратын, тұжырымдамалық үлгінің мақсатты құрамдасы анықталған және негізделген.

3. Экономикалық қауіпсіздік факторының ролі мен орнының маңыздылығы факторын есепке алмау тұрақты дамуды қамтамасыз етудің кешенді жүйесін зерттеудегі басты теориялық мәселелердің бірі болып табылады. Жұмыста «экономикалық қауіпсіздік» және «тұрақты даму» түсініктері арасындағы өзара байланыстылық анықтамаларын егжей-тегжейлі талдау көрсеткендей, қазіргі кездегі зерттеулердің қатарында бұл анықтамалар бірін бірі анықтаушы ретінде қолданылады. Осы түсініктер арасындағы жақын байланыстылықты жоққа шығармай, сонымен бірге олардың қайсысының қайсысына жататындығы мен өзара салыстыруды анықтаудың күрделілігін ескере отырып, біз осы байланыстың келесі сипаттамасын қолданамыз: экономикалық қауіпсіздікті тұрақты дамудың құрамдас бөлігі ретінде түсінуге болады, яғни біз соңғысын кең мағынада түсінеміз. Мұндай қорытынды әлемдік экономиканың соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелерін талдаудан шығады, бұл жылдарда түрлі экономикалық

дағдарыстар бүкіл әлемдік шаруашылық жүйесінің тұрақсыздануына себепші болып, көптеген елдер мен аймақтар экономикасының қызмет ету тұрақтылығын бұзған болатын.

4. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қарастыру кезіндегі алдыңғы кезекті мәселелердің бірі экономикадағы дағдарыстық құбылыстарды дер кезінде және объективті көрсететін көрсеткіштер жүйесін әзірлеу болып табылады. Диссертациялық зерттеуде аймақтың тұрақты даму қатысынан алғандағы оның экономикалық қауіпсіздігін бағалау және мониторингі көрсеткіштерінің кешендік жүйесі ұсынылған. Оған қоса, айта кету керек, қауіпсіздік параметрлерінің жүйесі аймақ ерекшеліктерін есепке ала отырып түзетуге болады. Нақты аймақ үшін көрсеткіштер жүйесін ары қарай жетілдіру кезінде барлық көрсеткіштерді екі топқа бөлген абзал: экономикалық қауіпсіздік деңгейін бағалауға негізделген көрсеткіш-критерийлер және жалпы жағдайды толықтыратын талдамалық-ақпараттық көрсеткіштер. Сонымен бірге есептелінбейтін көрсеткіштерді немесе қауіпсіздіктің шекті мәндерін анықтау мүмкін емес көрсеткіштерді алып тастаған дұрыс.

5. Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін құрайтын негізгі құрамдас бөліктерді талдау көрсеткендей, шекті мәндер кейбір жағдайларда ең кіші рұқсат етілетін нормалардан асып кетті. Қауіптер мен қатерлер адам мен мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз етудің іргелі негіздерін жанап өтті. Бұл экономикалық қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударудың қажеттілігін дәлелдейді, алдыңғы кезекке экономикалық қауіпсіздік индикаторларының тиімді жүйесін құру мәселесін шығарады, оны экономиканың мамандануы мен даму басымдықтарына сәйкес аймақтарға дағдыландыруға болады.

6. Ақтөбе облысының экономикалық қауіпсіздігінің күшті және әлсіз жақтарын талдау аймаққа төнетін, анағұрлым маңызды келесі қатерлерді анықтауға мүмкіндік берді: экономиканың монотондық құрылымы және химиялық және металлургиялық өндірістерге жоғары тәуелділік аймақ дамуының шикізатты бағыттылығын және оның бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуін негіздейді; ғылыми сыйымды және жоғарғы технологиялық өнім экспортынан шикізат экспортының басым болуы бюджет түсімдерінің азаюына және машиналар мен құрылғылар паркін жаңарту мүмкіндіктерін қысқартуға әкеледі; техногенді ауырпалықтардың ұлғаюы және табиғи орта тұрақтылығының төмендеуі ауру сандарының өсуіне әкеледі, тұрғындарды басқа, анағұрлым қолайлы аймақтар мен елдерге миграциялануына мәжбүр етеді.

7. Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық-басқару қосалқы жүйесінің жүйелік кемшіліктерінің бірі түрлі билік органдарының әлсіз өзара әрекеттесуі болып табылады. Бұл экономиканың бір саласының біртекті міндеттерін шешу әр түрлі субъектілердің күзіреттеріне кіруімен байланысты. Конституциялық-құқықтық көзқарас тұрғысынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету функцияларының көптеген құрылымдар арасында шоғырланбауы және қауіпсіздікті қамтамасыз

ету бойынша шаралар санының және тұжырымдамаларының жеткіліксіздігі қатерлердің өсуін және аймақтардың қорғалуының жалпы деңгейін төмендетуі мүмкін. Осыған байланысты ҚР Өңірлік даму министрлігіне экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында құзіреттер жүктеген дұрыс болар еді. ӨДМ басқаларына қарағанда аймақтық даму мәселелерімен ең көп айналысады, яғни, аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін дәл соған жүктеу керек. Айта кету қажет, бұрын аймақтық деңгейге ұлттық экономикалық қауіпсіздікке қарағанда азырақ көңіл бөлінетін. Алайда, қазіргі уақытта, барлық аймақтар дерлік көптеген өткір және күрделі мәселелерге – экономикалық, әлеуметтік, этносаяси, экологиялық және басқа мәселелермен соқтығысуда, бұл деңгейді зерттеу ерекше маңызды ие болуда.

8. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінде дағдарыстық жағдайлардың пайда болуы жолындағы негізгі кедергі билік органдарының үйлестірілген қызметі болуы тиіс, осыған байланысты осы органдардың қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша функциялары мен өкілеттіліктерін асыру құралын анықтаудың қажеттілігі туындайды. Мұндай құрал экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аймақтық мақсатты бағдарламасы болуы тиіс. Аймақтық мақсатты бағдарламасы ретінде іске асыру міндеттері, ресурстары және мерзімдері бойынша байланысты және аймақтың экономикалық, экологиялық, әлеуметтік дамудың жүйелік мәселелерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін іс-шаралардың кешенін түсінуге болады. Зерттеу көрсеткендей, аймақтың түрлі салаларында тап осы жүйелік мәселелер дағдарыстық жағдайлардың көзі болып табылады, олардың алдын алу және жою экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты міндеті болып табылады.

9. Қазақстанда және оның аймақтарында инновациялық даму үлгісін іске асыру үшін, ең алдыңғы кезекте, аймақтың жобаланатын инновациялық бағытты әлеуметтік-экономикалық жүйесінің құрастырылмалы сипаттарын, құрамдас бөліктерін, қолданыстағы экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетті қолдануды рационалдайтын, оларды қалыптастыру әдістері мен жолдарын анықтау қажет. Аймақта білімдер экономикасын қалыптастыруды қамтамасыз етуге қабілетті аймақтың инновациялық даму үлгісінің арнайы құрастырылмалы құрамдастарына келесілер жатады: аймақтың инновациялық сферасы, аймақтық инновациялық жүйе, инновациялық инфрақұрылым, аймақтың ғылыми-техникалық әлеуеті, инновациялық бейімділігі, инновациялық қызмет ұйымдарының арнайы формалары, инновациялық бизнес-орта.

10. Экономиканы әртараптандыру және инновациялық даму жолына өту бойынша міндеттерді шешуде ерекше рольді интеллектуалды аумақтар (инновациялық кластерлер, технопарктер, техникалық ендіру аумақтары, бизнес-парктер) алады, олар ғылыми сыйымды технологиялар мен өндірістер құруға ықпалын тигізуі тиіс. Сондықтан әр түрлі интеллектуалды аумақтарды құру және қолдау саясатын әзірлеу және іске асыру аумақтың жоғары бәсеке қабілеттілігін және экономикалық қауіпсіздігіне қол жеткізудің негізі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Любовный В. Состояние и проблемы российских городов в контексте понятия экономической безопасности // РЭЖ. – 2006. – № 11. – С. 25–40.
- 2 Экономическая и национальная безопасность / под ред. Л.П. Гончаренко. – М.: Экономика, 2008. – 542 с.
- 3 Анищенко А.А., Долматов И.В. Экономическая безопасность регионов России. – М.: Маркетинг, 2006. – 72 с.
- 4 Сенчагов В. Как обеспечить экономическую безопасность России // Российская Федерация сегодня. – 2007. – № 6. – С.36-37.
- 5 Цуканов В.Х. Экономическая безопасность: сущность, факторы влияния и методы обеспечения. – Челябинск: Челябинский Дом печати, 2007. – 443с.
- 6 Чимитова А.Б., Микульчинова Е.А. Вопросы устойчивого и безопасного развития экономики региона. – Улан-Удэ: Изд-во ВСГТУ, 2007. – 215 с.
- 7 Luciani J. The Economic Content of Security // Journal of Public Policy. – 1988. – Vol. 8, №. 2. – P. 151-173.
- 8 Kirshner J. Political Economy in Security Studies after the Cold War. // Review of International Political Economy. – 1998. – Vol. 5, № 1. – P. 64 – 91.
- 9 Jiang Yong. Economic Security: Redressing Imbalance // China Security. – 2007. – Vol. 3, № 2. – P. 66–85.
- 10 Экономическая безопасность России. Общий курс /под ред. Сенчагова В.К.: 2-е изд. – М.: Дело, 2005. – 896 с.
- 11 Акинин П.В., Гаевский В.В., Рязанцев С.В. Экономика Ставропольского края: учебное пособие. – Ставрополь: Кн. изд-во., 2000. – 392 с.
- 12 Губин Б.В. Тенденции основных угроз экономической безопасности по регионам страны // Экономическая безопасность: производство – финансы – банки / под ред. В.К. Сенчагова. – М.: ЗАО «Финстатинформ», 1998. – 621 с.
- 13 Экономическая и национальная безопасность: учебник / под ред. Е.А.Олейникова. – М.: Издательство «Экзамен», 2004. – 768 с.
- 14 Еделев А.Л. Стратегическая стабильность и экономическая безопасность субъектов Российской Федерации: монография. – М.: Акад. экономической безопасности МВД России, 2007. – 116 с.
- 15 Гуськов Н.С., Зенякин В.Е., Крюков В.В. Экономическая безопасность регионов России. – М.: Алгоритм, 2000. – 287 с.
- 16 Коршунов Л.А. Повышение экономической безопасности региона в процессе пространственных трансформаций: автореф. ... д.э.н., Екатеринбург, 2011. – 42 с.

- 17 Ахметов Д.К. Регулирование уровня экономической безопасности государства в условиях рыночной экономики Казахстана: автореф. ... к.э.н. – Алматы, 2003. –С.8.
- 18 Спанов М.У. Экономическая безопасность Казахстана: теоретико-методологические основы и механизм ее реализации: автореф. ... д.э.н. – Алматы, 2001. –С. 10.
- 19 Нигматулина М.Е. Вопросы экономической безопасности Республики Казахстан в контексте новых глобальных вызовов и внутренних угроз: автореф. ... к.э.н. – Алматы, 2004. –С. 27.
- 20 Оксипбаев О.Н. Экономическая безопасность и государственный финансовый контроль: автореф. ... к.э.н. –Алматы, 2006. –С. 7-8.
- 21 Баяндин Б.К. Механизмы обеспечения экономической безопасности Республики Казахстан (на материалах регионов Казахстана): автореф. ... к.э.н. –Алматы, 2005. – 28 с.
- 22 Штофф В.А. Моделирование и философия. – М.: Наука, 1966. – 301 с.
- 23 Основы экономической безопасности. (Государство, регион, предприятие, личность) / под ред. Е.А. Олейникова. – М., 1997. – 288 с.
- 24 Абросимова И. Региональная инвестиционная политика: опыт проблемы, перспективы. –Ярославль: ЯГТУ, 2003. – 136 с.
- 25 Д. Буркальцева. Система обеспечения экономической безопасности государства: необходимость формирования и структурные составляющие // Наука и инновации. – 2013. – № 5 (123).–С. 29-32.
- 26 «Наше общее будущее»: Доклад Международной комиссии по окружающей среде и развитию (МКОСР): Пер. с англ./Под ред. и с послесл. С. А. Евтеева и Р. А. Перелета. – М.: Прогресс, 1989.. – 372 с.
- 27 Нурланова Н.К. Концептуальная модель устойчивого территориального развития и приоритеты ее реализации / под ред. О. Сабдена, академика НИА РК, д.э.н., проф. – Алматы: Институт экономики МОН РК, 2007. –22 с.
- 28 Есекина Б.К. Устойчивое развитие экономической системы в условиях глобализации. – Алматы, 2004. – 252 с.
- 29 Мартынов, А.С. Артюхов, В.В., Виноградов, В.Г. Россия как система: Комплексный аналитический Web-атлас, 1977. Режим доступа: <http://www.amr.vladimir.ru/text/kret3.htm>.
- 30 Колосов А.В. Экономическая безопасность: уч. пособие для вузов. – М.: Гос. унив. Управления, 1999. – С.35.
- 31 Гутман Г.В., Мироедов А.А., Федин С.В. Управление региональной экономикой. – М.: Финансы и статистика, 2002. – С. 16- 61.
- 32 Василенко В. Критерии качества и переход общества к устойчивому развитию // Стандарты и качество. – М., 2001. – №3. – С. 24-32.
- 33 Ушакова О.А. Устойчивое развитие региона – основа социально-экономического развития общества // Сборник материалов Первой

всероссийской научно-практической конференции «Регионы России: проблемы и перспективы экономического развития». <http://econference.ru>

34 Чимитова А.Б., Микульчинова Е. А. Вопросы устойчивого и безопасного развития экономики региона . – Улан-Удэ: Изд. ВСГУТУ, 2007. – 203 с.

35 Ютяева О.Н., Мищенко В.В. Устойчивое развитие региона как основа обеспечения его экономической безопасности// Известия Алтайского государственного университета. – 2011. – № 2. –С. 343-346.

36 Основные положения стратегии устойчивого развития России / под ред. А.М. Шелехова. – М., 2002. – 161 с.

37 Бувальцева В.И., Микельсон А.Ю., Сурнин В.С. Саморазвитие экономики региона как эндогенная основа ее устойчивого роста (на примере Кемеровской области). – Новосибирск, 2002. – 273 с.

38 Торадо М. Экономическое развитие. –М., 1993.–С.7.

39 Григорьева Е.А. Институциональное обеспечение модернизации экономики как условие экономической безопасности: автореф. ... к.э.н. – Казань, 2011. – 28 с.

40 Шалмуев А.А. Теоретико-методологические основы устойчивого развития региона // Инновация. – 2006. –№ 3. – С.28–32.

41 Борисевич В.И., Гейзлер П.С., Фатеев В.С. Экономика региона: учеб. пособие. – Минск.: БГЭУ, 2002. – 432 с.

42 Глазьев С.Ю., Локосов В.В. Оценка предельно критических значений показателей состояния российского общества и их использование в управлении социально-экономическим развитием // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз. – 2012. –№4 (22).

43 Котилко В.В. Региональная экономическая политика: учеб. пособ. – М.: РДЛ, 2001. – С. 77.

44 Экономическая и национальная безопасность: учебник /под ред. Е.А. Олейникова. – М.: Издательство «Экзамен», 2004. – 768с.

45 Паньков В. Экономическая безопасность // Интерлик. –1992. –№ 3. –С. 42–56.

46 Долматов И.В. Формирование региональной системы обеспечения экономической безопасности: дис. ... к.э.н. –М.: РГБ, 2007. – 27 с.

47 Дюженкова Н.В. Система критериев и показателей для оценки состояния экономической безопасности // Информационный бизнес в России: сб. науч. тр. по материалам науч.-практ. семинара. –Тамбов, 2001.– С. 42.

48 Филеткин О.С. разработка системы мониторинга экономической безопасности региона. Режим доступа: <http://www.rusnauka.com>

49 Уткин Э.А., Денисов А.Ф. Теория государственного управления. Государственное и муниципальное управление. Режим доступа: http://polbu.ru/utkin_govmanagement/ch27_all.html

50 Сальников В. Концепция экономической безопасности регионов. Режим доступа: <http://www.univermvd.ru/digest>

- 51 Дронов Р. Подходы к обеспечению экономической безопасности // Экономист. –2001. –№ 2. –С. 43–54.
- 52 Богомолов В.А. Экономическая безопасность. – М.:ЮНИТИ – ДАНА, 2006. – 303 с.
- 53 Богачев В.И., Коваленко Е.В. Значение анализа экономической безопасности регионов Украины //Экономика АПК. – 2009. – № 5. – С.10-17.
- 54 Россия в глобализующемся мире: стратегия конкурентоспособности / отв. ред. Д.С. Львов, Д.Е. Сорокин. –М.: Наука, 2005.– 508 с.
- 55 Кондратьев В.Б., Куренков Ю.В., Варнавский В.Г. и др.Особенности инвестиционной модели развития России. – М.: Наука, 2005. –309 с.
- 56 Макконнелл К.Р., Брю С.Л. Экономикс: Принципы, проблемы и политика: в 2 т. –М., 1999. –Т. 1. –399 с.
- 57 Н.Д. Елецкий. Экономическая безопасность региона в системе социальной безопасности страны // Южнороссийское обозрение. –2008. – № 50. –С. 34-58.
- 58 Новикова И.В., Красников Н.И. Индикаторы экономической безопасности региона // Вестник Томского государственного университета. – 2010. – № 330. –С. 132- 138.
- 59 Жуков А. Заработная плата: Пути реформирования и резервы повышения // Проблемы теории и практики управления. –2003. –№ 5. –С. 58–64.
- 60 Проблема бедности в России / <http://modern-econ.ru>
- 61 Татаркин А.И., Хильченко Н.В. Экологическая безопасность региона: пути и методы реформирования экономического механизма // Проблемыэкономики и управления. – 2006. –№ 1.–С.172-182.
- 62 Есентугелов А. Диспропорции в развитии: Мангыстауская область //Экономические стратегии – Центральная Азия. – 2008. – № 1. – С. 86 – 94.
- 63 Брошюра «Регионы Казахстана». – Астана, 2013. – 28 с.
- 64 Брошюра «Казахстан в цифрах». – Астана, 2013 – 32 с.
- 65 Exclusive сравнил ИРЧП в регионах Казахстана / <http://exclusive.kz>
- 66 Матаев Т.М. Региональное развитие и проблемная территория. – Алматы, 2003. – С. 48.
- 67 Современное экономическое развитие Казахстана: отраслевые, региональные, внешнеэкономические приоритеты / под общ. ред. Б.К.Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – 236 с.
- 68 Брошюра «Казахстан сегодня». – Астана, 2013 – 42 с.
- 69 Постановление Правительства Республики Казахстан:от 19 февраля 2011 года. – № 158 «О Стратегическом плане Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан на 2011 - 2015 годы»
- 70 Уровень жизни населения в Казахстане, 2008-2012 гг.: Статистический сборник / под ред. Смаилова А.А. –Астана, 2013. – 167 с.

- 71 Экономическая активность населения, 2008–2012 гг.: Статистический сборник / под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2013. – 260 с.
- 72 Кусаинов М.А. Роль малого и среднего предпринимательства в решении региональных проблем занятости и безработицы / <http://www.uecs.ru>
- 73 Оплата труда в Республике Казахстан, 2008-2012 гг.: Статистический сборник / под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2013. – 142 с.
- 74 Анализ статистических данных о состоянии законности и правопорядка в стране за 2012 год. Комитет по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. – Астана, 2013.
- 75 Экологический рейтинг регионов Казахстана / <http://exclusive.kz>
- 76 Марков В., Сабитов М. Влияние интенсивности разработки нефтегазовых месторождений на экологию и экономику Казахстана // Аль-Пари. – 2000. – №1.
- 77 Аким Актюбинской области подвел итоги 2012 года и обозначил приоритеты 2013 года <http://www.bnews.kz>.
- 78 Ақтөбе облысы статистика департаментінің 2013 жылы жариялайтын статистикалық материалдарының тізбесі. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №1746 қаулысымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары негізінде// <http://aktobe.stat.kz>.
- 79 Цены на потребительском рынке в Республике Казахстан, 2008-2012 гг.: Статистический сборник / под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2013. – 393 с.
- 80 Программа развития территории Актюбинской области на 2011-2015 годы. – Актөбе, 2010. –190 с.
- 81 Цуканов В.Х., Касьяненко Н.С. Методика формирования системы обеспечения экономической безопасности хозяйствующих субъектов // Вестник Уральского института экономики, управления и права. – 2009. – №1. – С. 54-62.
- 82 Кочергина Т.Е. Экономическая безопасность. – Ростов н/Д: Феникс, 2007. – 445 с.
- 83 Долматов И.В. Региональные аспекты обеспечения экономической безопасности //Аудит и финансовый анализ. – 2007. – № 1. – С. 26-41.
- 84 Закон «О национальной безопасности Республики Казахстан» от 6 января 2012 года № 527-IV // Казахстанская правда. –2012, январь -17. – № 19-20.
- 85 Постановление Правительства Республики Казахстан «Положение о Министерстве экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан»: утв.№ 1116 от 28 октября 2004 года.
- 86 Постановление Правительства Республики Казахстан «О некоторых вопросах Министерства финансов Республики Казахстан»: утв.№ 387 от 24 апреля 2008 года.

87 Постановление Правительства Республики Казахстан «Вопросы Министерства регионального развития Республики Казахстан»: от 8 февраля 2013 года № 109.

88 Белов А.В. Институциональная среда и экономическое развитие: оценка взаимосвязи и эмпирическая проверка на примере Дальневосточного региона // Вестник СПбГУ.(Сер. 5.). – 2003. – Вып. 3.

89 Гневко В.А., Рохчин В.Е. Стратегический анализ социально-экономического развития региона: принципы, основные направления, проблемы. –СПб.: ИРЭ РАН, ИУЭ, 2004. – 288 с.

90 Рохчин В.Е., Знаменская К.Н. Проблемы научного обеспечения стратегического планирования развития муниципальных образований. – СПб: Северо-Западный филиал РНЦГМУ, 2000. – 40 с.

91 Ансофф И. Стратегическое управление: пер. с англ. –М.: экономика, 1989. –380 с.

92 Ашимова Р.М. Стратегическое управление развитием региона в условиях экономической нестабильности // Известия НАН РК (Серия общественных наук). – 2013. – № 3.

93 Доценко Д.В., Крутиков В.К., Красавина М.Ю. Стратегия региональной экономической безопасности // Труды регионального конкурса научных проектов в области гуманитарных наук. – 2009. –№ 10.

94 Панкрухин А.П. Маркетинг территорий / 2-е изд. –СПб.: Питер, 2006. – 416 с.

95 Экономическая безопасность: теория, методология, практика / под науч. ред. Никитенко П.Г., Булавко В.Г.; Институт экономики НАН Беларуси. – Минск: Право и экономика, 2009. – 394 с.

96 Ашимова Р. Аймақтың инновациялық даму үлгісі: тұжырымдамалық тәсілдері мен конструктивті элементтері // Экономика: стратегия и практика. – 2013. – № 2.

97 Отчет о состоянии инновационных процессов в Республике Казахстан, в том числе в региональном разрезе / АО «Национальный инновационный фонд». – 2011. – 60 с.

98 Монастырный Е.А., Чистякова Н.О. Структурно-функциональная модель подсистемы «Инфраструктура» в региональной инновационной системе // Инновации. – 2007. – №6. – С.58-65.

99 Лабуш М. Научно-технический потенциал регионов Казахстана: текущее состояние и перспективы развития // Экономика и статистика. – 2012. – № 1. – С. 82-89.

100 Обзор инновационного развития Казахстана. Организация Объединенных Наций. – Нью-Йорк и Женева, 2012.

101 Егорова М.В. Метод инновационного позиционирования региона // Региональная экономика: теория и практика. – 2007. –№ 5. –С.61-65.

102 Петрище В.И. Факторы и условия формирования в регионе устойчивой и инновационной экономики / <http://ebox.nbu.bg>.

